Көптеген ірі ағынды және химиялық компаниялар (BASF, BP, ADNOC) ұзақ уақыт бойы өз активтерін кезең-кезеңмен цифрландырды. Қазақстанда әзірше толық цифрландырылған кәсіпорындардың мысалдары жоқ. KPI даму – Цифрландыру 4.0. деңгейіне жетуді мақсат етеді. Болашақта базалық автоматтандырылған және цифрлық шешімдерді енгізгеннен кейін Атырау қаласынан зауытты басқару үшін ИГХК процестерін басқарудың қашықтағы орталығын құру мүмкіндігі қарастырылуда.

KPI цифрландыру екі кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші кезеңнің аяқталу мерзімі – 2021 жылдың 4 тоқсаны (ИГХК іске қосу мерзімімен синхронды). Екінші кезең ИГХК пайдалануға берілгеннен кейін басталады.

Бірінші кезең шеңберінде (ИГХК пайдалануға берілгенге дейін) мынадай элементтер мен жүйелерді енгізу іске асырылады: бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика, аварияға қарсы қорғау жүйесі (АҚЖ), таратылған басқару жүйесі (ТБЖ), жөндеуді жоспарлау жүйесі, LIMS зертханалық ақпараттық жүйесі, MES өндірісті диспетчерлеу жүйесі), өндіріс қызметкерлерін даярлау процесін автоматтандыру (компьютерлік тренажерлер), зауыттың 3D моделі, SAP S4/HANA кешенді енгізу тек базалық модульдерді (ERP) енгізуді ғана емес, сондай-ақ өндірісті жоспарлау жүйесін, өндірістік (MES, LIMS) жүйелерді және жөндеуді жоспарлау жүйесімен, сондай-ақ бірыңғай цифрлық терезені енгізу (бизнес-талдау құралы) іске асырылуда.

SAP S4/HANA енгізу жобасының мәні корпоративтік және өндірістік модульдер бөлігінде SAP жүйесінің KPI-ге соңғы нұсқасын кешенді енгізу болып табылады. Жоба шеңберінде мұнай-химия кәсіпорындары үшін үздік әлемдік практикалар мен халықаралық тәжірибе негізінде барлық бизнес-процестер жобаланған, үздік практикалар мен бенчмаркинг негізінде кәсіпорынның нысаналы ұйымдық құрылымы әзірленген.

Зауыттың ішкі жүйелерімен (MES, LIMS, IBM Maximo, ЭҚЖ) интеграциядан басқа, сыртқы жүйелермен интеграция қарастырылған: ЭШФ, банк-клиент, сатып алу жүйесі zakup.sk.kz.


2021 жылғы 1 қаңтардан бастап SAP ядросының модульдері іске қосылды: FI, TR, CO, MM, SD, HCM. «Бухгалтерия», «сатып алу және жабдықтау», «бақылау» және «персоналды басқару» бағыттары бойынша бизнес операциялар SAP жүйесінде жүргізілуде.

KPI цифрландырудың екінші кезеңі жабдықтың сенімділігін басқару жүйесін (APM жүйесі) енгізуді, Advanced process control (APC) жүйесі арқылы жетілдірілген автоматтандыруды енгізуді, SAP S4/HANA модульдері негізінде дамытуды қамтиды.

Цифрлық технологиялар мен шешімдерді енгізу ИГХК бизнесінің тиімділігін арттыруға: жабдықтың тұрып қалуы мен өндірістегі іркілістерді азайтуға, ақау деңгейін төмендетуге, еңбек өнімділігін арттыруға, операциялық шығыстарды (ағымдағы жөндеулер, шикізат, материалдар, реакгенттер, утилиталар шығысы) қысқартуға, оңтайландыру нәтижесінде өнімнің шығыын жақсарту есебінен кірісті ұлғайтуға мүмкіндік береді.



ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ



1-қағидат Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауға және құрметтеуге тиіс.

2-қағидат Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзушылықтарына қатысты болмауы тиіс.

4-қағидат Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюға қарсы шығуға тиіс.

6-қағидат Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауға тиіс.

8-қағидат Іскерлік топтар қошаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды алдын ала қабылдауға тиіс.

10-қағидат Іскерлік топтар бопсалаушылық пен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы тұруға тиіс.



БІЗДІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТӘСІЛІМІЗ

102-15, 103-1, 103-2, 103-3, 201-2, OG3

Біздің орнықты даму аспектілерін басқару тәсіліміз орнықты дамудың мынадай қағидаттарын енгізуге негізделеді:

ашықтық – біз кездесулерге, талқылауларға және диалогқа ашықпыз; біз мүдделі тараптармен өзара мүдделерді ескеруге, ұйым мен мүдделі тараптардың мүдделері арасындағы құқықтар мен теңгерімді сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құруға ұмтыламыз;

есеп берушілік – біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер еткені үшін өз есеп берушілігімізді сезінеміз;

айқындылық – біздің шешімдер мен іс-қимылдар мүдделі тараптар үшін анық әрі айқын болуы тиіс;

әдеп мінез-құлқы – біздің шешімдер мен іс-қимылдарымыздың негізінде, құрмет, әділдік, ашықтық, командалық рух және сенім, адалдық пен әділеттілік сияқты құндылықтар;

құрмет – біз заңнамадан, жасалған шарттардан немесе тікелей іскерлік өзара қарым-қатынастар шеңберінде қолданатын мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейміз;

заңдылық – біздің шешімдеріміз, әрекеттеріміз бен мінез-құлқымыз Қазақстан Республикасының заңнамасына

және ұйымдар органдарының шешімдеріне сәйкес келеді;

адам құқықтарын сақтау – біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және олардың сақталуына ықпал етеміз;

сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік – біз барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасай отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілікті жариялаймыз;

мүдделер қақтығысына жол бермеу – лауазымды адамның немесе қызметкердің жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық, функционалдық міндеттерін бейтарап орындауына ықпал етпеуі тиіс;

жеке мысал – әрқайсымыз күн сайын өз іс-әрекеттерімізде, мінез-құлқымызда және шешімдер қабылдау кезінде орнықты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз; басқарушылық ұстанымдар атқаратын лауазымды адамдар мен қызметкерлер өзінің жеке үлгісімен орнықты даму қағидаттарын енгізуге уәждеуге тиіс.

ҚМГ орнықты дамуды өзінің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясында орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешімдер қабылдау процестеріне біріктіруге бағытталған стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде айқындады.

Орнықты даму жөніндегі стратегиялық мақсатты іске асырудың нәтижесі корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің, еңбекті, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғаудың жақсартылған көрсеткіштеріне қол жеткізуді, қатысатын өңірлердегі экономикалық әсерді жақсартуды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас сапасын жақсартуды, корпоративтік басқару рейтингін, этика мен комплаенстің жалпы корпоративтік мәдениетін арттыруды қамтамасыз ететін басқару жүйесін құруға айналуы тиіс.

ҚМГ мынадай элементтерді қамтитын орнықты даму саласындағы тиімді басқару жүйесін құруға ұмтылады:

- Компанияның басқарудың барлық деңгейінде орнықты даму қағидаттарына бейілділігі;
- орнықты дамудың үш аспектісі бойынша сыртқы және ішкі жағдайды талдау: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік;
- әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және стейкхолдерлер картасын құру;
- орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ айқындау;
- орнықты даму саласындағы басым бағыттарды (бастамаларды) іске асыру;
- орнықты дамуды негізгі бизнес-процестерге біріктіру;
- орнықты даму саласында Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;
- орнықты даму бойынша жыл сайынғы есеп беру процесін ұйымдастыру;
- орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеу;
- орнықты даму процесін жетілдіру.

2020 жылы ҚМГ негізгі бизнес-процестерге, операциялық қызметке орнықты даму қағидаттарын енгізу және интеграциялау бойынша белсенді жұмысын жалғастырды:

- ҚМГ ESG-рейтингін анықтау үшін «Sustainalytics» халықаралық рейтингтік агенттігі тәуелсіз бағалаудан өтті. ҚМГ ESG-рейтингі 100 балдан 69 балды құрады.
- 2020 жылға арналған орнықты даму көрсеткіштері бойынша Компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесі алғаш рет корпоративтік ҚНҚ – ESG-рейтингін бекітті. Оған 48 ESG өлшем-шарттары кірді.
- Орнықты даму қағидаттарын іске асыруға өзінің бейілділігін растай отырып, ҚМГ Директорлар кеңесі деңгейінде бірқатар жаңа корпоративтік құжаттар бекітілді:
 - ✓ ҚМГ компаниялар тобында орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық;

- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесінің» корпоративтік стандарты;
- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт.
- Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитетінде орнықты даму жүйесін енгізуге шолу тұрақты негізде жүргізіледі. Жалпы алғанда, 2020 жылы Комитеттің 4 отырысы өткізіліп, онда **40 мәселе** қаралды, Комитет отырыстарының қорытындылары бойынша 98 шешім мен тапсырма қалыптастырылды. 2020 жылы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, ESG (Environmental – Social – Governance) аспектілерін стратегиялық басқару, сондай-ақ орнықты даму саласындағы есептілік мәселелері басты назарда болды.
- Орнықты даму саласында басқару жүйесін енгізуді қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ корпоративтік орталығы мен ЕТҰ қызметкерлері үшін оқыту жүргізілді. Орнықты даму жүйесінің элементтерін түсіндіру және оны еншілес компанияларда іс жүзінде қолдану бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.
- Орнықты даму жүйесін іске асыру және ESG-рейтингін арттыру мақсатында тұрақты жұмыс істейтін орнықты даму саласындағы басқару және ESG-рейтинг жөніндегі жұмыс тобы жұмыс істейді.
- 2021 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша ластаушы заттардың, парниктік газдардың шығарындыларын азайту, су үнемдеу және энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары мен 2030 жылға дейінгі нысаналы көрсеткіштердің бизнес-бағыттары бойынша Департаменттер директорларының ҚНҚ-леріне енгізу туралы мәселе пысықталды.
- Орнықты даму туралы есепті дайындау қағидалары жаңартылды, 2020 жылғы қарашада ҚМГ Басқармасы қағидаларды жаңа редакцияда бекітті. Қағидалар есепті кезеңдегі орнықты даму туралы есепті дайындаудың жыл сайынғы процесін регламенттейді. Есеп беру процесін жақсарту шеңберінде GRI Standards-тағы соңғы өзгерістерді ескере отырып, қолданыстағы Қағидаларды актуалдандыру жүргізілді.
- Біздің мүдделі тараптарымыздың Компанияның қаржылық емес ақпаратын ашуға деген сенім деңгейін арттыру мақсатында жыл сайынғы негізде орнықты даму туралы есептің тәуелсіз аудитін жүргізу жоспарланған. Тәуелсіз аудит есептіліктегі деректердің дұрыстығына кепілдік беруге және Компания қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Орнықты даму жүйесін қалыптастырумен қатар, орнықты даму мәдениетін арттыруға да көп көңіл бөлінеді. Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері үшін орнықты даму бойынша оқыту курстары тұрақты негізде өткізіледі:

- ✓ 2020 жылғы 3 наурызда БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты өкілі Норимас Шимомур мырзаның шақырылуымен Компания басшылығы үшін Орнықты даму саласындағы арнайы сессия мен семинар өткізілді. Семинар қорытындысы бойынша Басқарманың қарауына ҚМГ үшін басым ОДМ ретінде 6 жаһандық мақсатты шығару туралы шешім қабылданды.
- ✓ 2020 жылғы 10–11 наурызда орнықты даму саласындағы есептілікті дайындау бойынша қызметкерлердің құзыреттерін арттыру шеңберінде ҚМГ қызметкерлеріне арналған «Корпоративтік есептілік: үздік тәжірибелер мен әлемдік трендтер» оқыту семинар-тренингі өткізілді.
- ✓ 2020 жылғы 16–18 қыркүйекте орнықты даму саласындағы есептілікті дайындау және ОДМ-ны

компания қызметіне интеграциялау процесіне тартылған мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында «GRI STANDARDS: орнықты даму саласындағы есептілік», «SDG-ОДМ: компаниялардың есептілігіндегі орнықты даму мақсаттары» онлайн тренингтеріне сертификаттық оқытудан өтті.

- ✓ Орнықты даму жүйесінің элементтерін түсіндіру мақсатында 2020 жылғы қараша-желтоқсанда ҚМГ мен ЕТҰ-да жаттықтырушылармен бірлесіп, КО және ЕТҰ-ға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның ЕТҰ-дағы орнықты даму жүйесі» атты бірқатар онлайн-тренингтер өткізілді. Оқыту негізгі бизнес-бағыттар бойынша жүргізілді.

БҰҰ ЖШ ЖӘНЕ ОДМ ҚАҒИДАТТАРЫНА БЕЙІЛДІЛІГІ

Орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларды басшылыққа ала отырып, ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының (бұдан әрі – БҰҰ ЖШ)

қағидаттарын ұстанады және орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ОДМ) өз қызметіне интеграциялайды.

БҰҰ ЖАҒАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Адам құқықтары	1-қағидат	Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауға және құрметтеуге тиіс.
	2-қағидат	Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзушылықтарына қатысты болмауға тиіс.
Еңбек қатынастары	3-қағидат	Іскерлік топтар бірлестіктің бостандығын қолдауға және ұжымдық шарттар жасасуға арналған құқықтарды нақты мойындауға тиіс.
	4-қағидат	Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюға қарсы шығуға тиіс.
	5-қағидат	Іскерлік топтар балалар еңбегін толық түп-тамырымен жою үшін қарсы тұруы тиіс.
Қоршаған орта	6-қағидат	Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға қарсы тұруға тиіс.
	7-қағидат	Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге тәсілдемені қолдауы тиіс.
	8-қағидат	Іскерлік топтар қошаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды алдын ала қабылдауға тиіс.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	9-қағидат	Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуына және таралуына жәрдемдесуге тиіс.
	10-қағидат	Іскерлік топтар бопсалаушылық пен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы тұруға тиіс.



ОРНЫҚТЫ
ДАМУ



МАҚСАТТАРЫ



2020 жылы ОДМ-ны Компанияның бизнес-процестеріне біріктіру процесі басталды. 17 ОДМ құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп санаттар бойынша сараланды, Компания өз үлесін қоса алатын 6 басым ОДМ анықталды:

3 ЖАҒАМ ДЕНСАУАТЫ ЖӘНЕ АЛ-АУҚАТЫ Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жаста бәрінің әл-ауқатына жәрдемдесу,

7 ЖАҒАМ БИЕС ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ БАҒАЛАУ Барлығы үшін энергияның қымбат емес, сенімді, тұрақты әрі қазіргі заманға сай көздеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету,

8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСҚАРУ Барлығына ұдайы, жан-жақты қамтылған және тұрақты экономикалық өсуіне, толық әрі өнімді жұмыспен қамтылуына және лайықты жұмыс істеуіне жәрдемдесу,

9 ИНДУСТРИАЛДАНДЫРУДЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУГЕ БЕРІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚҰРУ, ЖАЛПЫЛАМА ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ИНДУСТРИАЛАНДЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ.

13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЛАРЫМЕН КҮРЕС БОЙЫНША ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ, Климаттың өзгеруімен және оның салдарларымен күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау,

15 ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ, ОРМАНДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ, ҰТЫМДЫ БАСҚАРУ, ШӨЛЕЙТТЕНУГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС, ЖЕРДІҢ ТОЗУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ КЕРІ АЙНАЛЫСЫ ЖӘНЕ БИОӘРТҮРЛІЛІКТІ ЖОҒАЛТУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ. Құрлықтың экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды пайдалану, ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері айналысы және биоәртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату.

2021 жылы басым ОДМ бойынша іс-шаралар бағдарламасын әзірлеу және келісу жоспарлануда, ол бизнес-процестерді жетілдіруге және басым ОДМ бойынша белгіленген нысаналы көрсеткіштер бойынша прогреске қол жеткізуге бағытталатын болады.

Практикадан мысал

2006 жылдан бастап ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының мүшесі әрі белсенді қатысушысы болып табылады және БҰҰ Жаһандық шартының он қағидатын және 17 ОДМ ұстануды қолдайды.

Компанияның орнықты дамуы туралы жыл сайынғы есеп БҰҰ Жаһандық шарты шеңберіндегі ілгерілеу туралы біздің хабарламамыз болып табылады және <https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810> қолжетімді.



ESG ИНТЕГРАЦИЯСЫ

103-1,103-2

Корпоративтік басқару және орнықты даму саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу Компанияның стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады. ESG өлшемшарттарын Компания қызметіне біріктіру орнықты даму¹ көрсеткіштерін

басқару жүйесін жетілдіру және негізгі ESG-тәуекелдер мен мүмкіндіктерді түсіну үшін қажетті шарт болып табылады.



Sustainalytics – экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы зерттеулермен айналысатын жетекші тәуелсіз компания, әлемдік инвесторларға жауапты инициациялық стратегияларды әзірлеуге және енгізуге көмектесетін рейтингтік және аналитикалық фирма.

ESG-рейтинг (Environmental, social and Governance) – бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін, сондай-ақ компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін бағалау. ESG рейтингі инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде инвесторлар үшін стратегиялық құрал болып табылады және компанияның ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақтылығын анықтау үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға көмектеседі.



2020 жылы ҚМГ алғаш рет «Sustainalytics» халықаралық рейтингтік агенттігінің (Амстердам, Нидерланды) ESG-рейтингі бағалауынан өтті.

ҚМГ ESG-рейтингі 100 балдан **69 балды** құрады. ҚМГ ESG-рейтингісін құраушылар бөлігінде мынадай бағаларға ие болды: экологиялық құраушы – 69, әлеуметтік – 70, корпоративтік басқару – 67 деңгейінде. Бұл компанияның орнықты даму саласындағы айтарлықтай жоғары көрсеткіштерін көрсетеді (әлемдегі салалар бойынша 119 компанияның ішінде 33-орын).

Бұдан басқа, ҚМГ 34,5 балл деңгейінде ESG-тәуекелдер рейтингін алды, бұл басқарылмайтын ESG-тәуекелдің жоғары деңгейін көрсетеді. Компания тәуекел деңгейі бойынша бес санаттың төртінші санатына кірді. Sustainalytics талдаушылары ҚМГ-дегі ESG-тәуекелдерді басқаруды

«күшті» деп бағалады. Бұл ретте тәуекелдерге бастапқы ұшырағыштық «жоғары» деп бағаланды. ҚМГ рейтингісінің жоғары мәні негізінен менеджмент бақылай алмайтын тәуекелдермен байланысты, яғни, мұнай-газ саласына тән тәуекелдер.

ҚМГ үшін негізгі ESG-сын-тегеуріндер операциялық қызметтен көміртегі шығарындылары және Компания өнімін пайдаланудан шығарындылар, сондай-ақ қызмет жүргізу өңірлеріндегі қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынастар болып табылады.

ҚМГ ESG-рейтингінің деңгейін жақсарту және ESG-тәуекелдерінің рейтингін басқару және төмендету бойынша міндеттерді орындау бойынша жоспарлы жұмысты жалғастыруға ниетті.

69 БАЛЛ

ҚМГ ESG-РЕЙТИНГІ

¹ Environmental, Social, Governance – экология, әлеуметтік даму, басқару

ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ БОЛАШАҚҚА АРНАЛҒАН БАҒАМ

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес және энергетикалық жүйені өзгерту бизнес, қоғам және қоршаған орта үшін тұрақты болашақ жолындағы негізгі міндеттер болып табылады. Париж келісімі төмен көміртекті экономикаға көшудің басталуы сөзсіз болатындығы туралы шешуші және жаһандық сигнал жіберді. Мұндай жағдай бизнеске маңызды рөл тиесілі. Қойылған мақсаттардың ауқымы оларға табысты қол жеткізу үшін жалпы күш-жігердің қажеттілігін болжайды.

Қазақстан БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы шеңберінде CO₂ өнер-кәсіптік шығарындыларын 2030 жылға қарай 25%-ке, 2050 жылға қарай 70%-ке, ал 2070 жылға қарай 100%-ке (толық көміртексіздендіру) қысқартуды көздейтін Париж келісіміне қол қойды.

ҚМГ БҰҰ ЖШ қатысушысы бола тұра, климаттың өзгеруін болдырмау жөніндегі іс-қимылдың маңыздылығын мойындайды және 13 «Климаттың өзгеруімен күрес» ОДМ қол жеткізуге өз үлесімізді қосуға ниет білдіріп отыр. Климаттың өзгеруіне ден қою және климаттың өзгеруіне бейімделу шаралары біздің стратегиялық құжаттарда және корпоративтік саясатта көрсетілген.

Климаттың өзгеру мәселелері стратегиялық деңгейде бақыланады: Директорлар кеңесі, ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті (КЕҚОҚОДК). 2020 жылы КЕҚОҚОДК отырыстарында климаттың өзгеруіне байланысты келесі негізгі тақырыптар егжей-тегжейлі талқыланды:

- ілеспе мұнай газын пайдалы қолдануды арттыру;
- су ресурстарын басқару;
- климаттың өзгеруі.



2018 жылы The Carbon Disclosure Project (CDP) – халықаралық инвесторлар қоғамдастығының

парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындылары және климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер туралы ақпаратты ашу жөніндегі бастамаға өзіміздің қатысатынымыз туралы мәлімдедік және тауарлық өнімнің ұңғымадан бастап оны түпкілікті пайдалануға дейінгі барлық көміртегі ізін бағалау жөніндегі жұмысты бастадық.

Екінші жыл қатарынан көміртегі ізі есептеледі. 2020 жылғы тамызда ҚМГ CDP (Carbon Disclosure Project) Климаттық сауалнама шеңберінде 2019 жылға парниктік газдар шығарындылары бойынша есепті жариялады. 2020 жылы CDP есептілігі кеңейтілді, алғаш рет су ресурстарын басқару жөніндегі деректер 2019 жылдың қоры-

тындылары бойынша Су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама шеңберінде жарияланды.

Климаттың өзгеруі саласындағы қызметтің басым бағыттары: парниктік газдар шығарындыларын азайту, ілеспе мұнай газын пайдалы пайдалануды арттыру, энергия тиімділігін және энергия үнемдеуді арттыру және т.б.

Парниктік газдар шығарындылары, ілеспе мұнай газын пайдалану, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру туралы толығырақ ақпаратты **экологиялық көрсеткіштер – Климаттың өзгеруі және атмосфералық ауа сапасы бөлімінен қараңыз.**

Климаттың өзгеруі мәселелері тәуекелдерді сәйкестендіруді және қоршаған ортаға жүктемені азайту жөнінде шаралар қабылдауды талап етеді.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және стратегиялық пен операциялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекел оқиғаларын уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг жүргізуге және азайтуға бағытталған. Компания климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді ескереді және өз қызметінің барлық кезеңдерінде қоршаған ортаға әсерді және парниктік газдар шығарындыларын барынша ықтимал төмендетумен орнықты болашаққа өз үлесін қосуға тырысады. Тәуекелдердің корпоративтік тізілімі климаттың өзгеруіне байланысты жаңа тәуекелмен кеңейтілді. Корпоративтік тәуекелдер тізілімі климаттың өзгеруімен байланысты қаржылық ақпаратты ашу мәселелері жөніндегі жұмыс тобы TFCD сәйкес әзірлеген климаттың өзгеруімен байланысты жаңа тәуекелмен кеңейтілді. Біз ЕҚОҚ саласындағы тәуекелдер туралы Директорлар кеңесінің алдында тоқсан сайын есеп береміз.

Халықаралық көміртекті реттеу белсенді түрде күшейтілуде (Париж келісімі, ЕО-дағы жасыл мәміле және шекаралық түзетуші көміртегі салығын енгізу, Қытайдағы көміртекті реттеудің қосымша шаралары және т.б.). Осыған байланысты ұлттық көміртекті реттеуді де күшейту күтілуде. Бұл шаралар ҚМГ-ден жаңа жағдайларға бейімделу және болашақта өзінің нарықтық бәсекеге қабілеттілігін сақтау жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды талап етеді.

Қазіргі сын-тегеуріндер мен жаһандық энергетикалық көшу көптеген халықаралық мұнай-газ компанияларының өз бизнесін әртараптандырумен айналысуға және корпоративтік төмен көміртекті стратегиялар құруға мәжбүр болуына ықпал етеді. Мысалы, BP, Chevron, CNPC, ENI, Equinor, ExxonMobil, Occidental, Petrobras, Repsol,

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛ	Төмен көміртекті экономикаға көшуге байланысты тәуекелдер	Саяси және нормативтік-құқықтық тәуекелдер (мысалы, парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін көміртегі бағасын белгілеу/көтеру тетіктерін енгізу; мемлекеттің квоталарды бөлу әдісіне шығарындылардың үлестік коэффициенттерін пайдалану жолымен ғана көшу, соның салдарынан кейбір кәсіпорындарда квоталар тапшылығы туындауы мүмкін; шығарындыларды азайту үшін энергия тұтынуды қысқарту; энергия тиімді шешімдер қабылдау; суды пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды күшейту және жерді пайдаланудың неғұрлым тұрақты әдістерін жылжыту).
		Нарықтық тәуекел (климатқа байланысты белгілі бір тауарлар, өнімдер және қызметтерге сұраныс пен ұсынысты өзгерту тәуекелі).
		Технологиялық тәуекел (ЖЭК, энергиялық тиімді технологиялар, ЕҚТ, көміртекті ұстау және сақтау технологиялары және көміртексіздендірудің өзге технологиялары сияқты жаңа технологияларды әзірлеу және пайдалану).
		Көміртегісі төмен экономикаға көшуге, не осы ауысудан бас тартуға оның үлесі тұрғысынан алғанда Компанияның және мүдделі тараптардың қабылдауын өзгертуге байланысты бедел тәуекелдері.
Климатты өзгертудің нақты әсеріне байланысты тәуекелдер		Циклондар, дауылдар, су тасқыны сияқты төтенше ауа-райы құбылыстарымен негізделген уақытша қысқа тәуекелдер.
		Климаттық модельдердегі ұзақ мерзімді өзгерістермен туындаған жүйелі (созылмалы) тәуекелдер (мысалы, ауаның қалыпсыз жоғары температураларының ұзақ кезеңі, теңіз деңгейін арттыру және жағалау ұңғымаларын су басуы).

Saudi Aramco, Shell, Total Oil&Gas Climate Initiative Investment Fund құрды. Ал американдық Chevron компаниясы серпінді технологияларға инвестиция салу үшін \$100 млн-ға Future Energy Fund қорын құрды. 2020 жылы көміртексіздендіруге әлемдік инвестициялар \$501,3 млрд құрады.

Кем дегенде мұнай-газ секторындағы компаниялар үшін климаттық трансформация болмай қалайтынына айналып келеді. Ол бір уақыттағы әрекет емес, ұзақ процесс болады, сондықтан бұл бірнеше онжылдықтағы міндет екенін түсініп, оған жүйелі түрде қарау керек.

2020 жылғы қарашада ҚМГ Директорлар кеңесінің қатысуымен ақпараттық сессия өткізді, онда мұнай-газ секторы компанияларының көміртегі бейтараптылығына көшуі бойынша әлемдік трендтер қаралды және климаттық күн тәртібін ескере отырып, ҚМГ-нің қолданыстағы 2018–2028 жылдарға арналған даму стратегиясын актуалдандыру қажеттілігі айқындалды.

Осыған байланысты ҚМГ басшылығымен Компанияның жаңартылған даму стратегиясына кейіннен ықпалдастыра отырып, көміртексіздендіру саласындағы өз тәсілдемелерін әзірлеу мақсатында төмен көміртекті даму бойынша корпоративтік орталық деңгейінде Жобалау офисін құру туралы шешім қабылданды. Жобалау офисінің жұмысы келесі негізгі бағыттар бойынша шоғырландырылатын болады:

1. Ұйымдастырушылық-басқарушылық сипаттағы іс-шаралар (көміртегі ізін бағалау, халықаралық талаптарға сәйкес парниктік

газдардың тікелей және жанама шығарындыларын есептеу әдістемесін әзірлеу, есептілік және мониторинг жүйесін енгізу, парниктік газдар шығарындылары бөлігінде компанияның орта және ұзақ мерзімді климаттық нысаналы бағдарларын белгілеу, ESG рейтингін арттыру және т. б.).

2. Ресурсты үнемдеу және энергия тиімділігін (энергия сыйымдылығы бойынша нысаналы көрсеткіштерді орнатуды, энергия тұтынуды мониторингтеу мен есепке алуды, жобаларды іске асыруды және энергия менеджменті жүйесін жетілдіруді қоса алғанда) арттыру бағдарламасын әзірлеу. Энергия тиімділігі – бұл сектордағы ең тиімді тәсілдемелердің бірі. Жаңартылатын энергия жөніндегі халықаралық агенттіктің (IRENA) зерттеулеріне сәйкес энергия тиімділігі стратегияларымен бірге ЖЭК-ке жылдам көшу ұлттық деңгейде жарияланған климаттық мақсаттарға қол жеткізу үшін CO₂ шығарындыларын азайтудың 90%-тен астамын қамтамасыз ете алады. Бұдан басқа, ресурстарды тиімді пайдалану және көмірсутектердің жылыстауы мен эмиссиясын және олардың мұнай-газ секторы кәсіпорындарының өз мұқтаждарына жұмсалуды қысқарту парниктік газдар шығарындыларын азайтуға да көмектеседі.
3. Төмен көміртекті энергия көздеріне көшу. ҚМГ ЖЭК технологияларын өндірісте пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ бірігу және қосып алу мәмілелері арқылы ЖЭК өзіндік генерациясын арттыру жолымен дәстүрлі энергия көздерін алмастыруды, жаңа объектілер салуды зерделейді.

4. Көміртексіздендірудің қосымша әдістері. ҚМГ өз кен орындарында CCUS технологиясын (CO₂ ұстау, кәдеге жарату және сақтау) қолдану мүмкіндігін, сондай-ақ сутегі өндіру және орман көміртегі жобаларын іске асыру перспективаларын зерделейді.
5. Төмен көміртекті жобаларға инвестициялар тарту үшін қаржылық тетіктерді енгізу.

2021 жылы ҚМГ алдында ұлттық және халықаралық көміртекті реттеудің компания қызметіне әсерін ескере отырып, ҚМГ өнімдерінің көміртегі ізі мен көміртегі сыйымдылығын төмендету әлеуетін айқындау және кейіннен көміртексіздендіру жобаларының оңтайлы жиынтығы арқылы көміртегі сыйымдылығын төмендету бойынша мақсаттар белгілеу жөніндегі маңызды міндет тұр.

Практикадан мысал

Өткен жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарына енгізілген жаңартылатын энергия көздері тиімді жұмыс істейді: «Waterkotte» үлгісіндегі жылу сорғылары; монокристалды күн панельдері (батареялары).

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2020 жылғы дереккөздер бөлінісінде өндірілетін (шығарылатын) жаңартылатын энергияның жалпы көлемі:

- 2020 жылы жылу сорғыларымен геотермалдық (жылу) энергия өндіру – 678,5 Гкал құрады.
- ҚТГ компаниялар тобы бойынша күн панельдерімен электр энергиясын өндіру 2020 жылы – 78 410 кВт құрады.

ӘДЕП ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ

102-16

ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ҚАҒИДАТТАР, СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

Корпоративтік жауапкершіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету стратегиялық бастама және Компания жұмысының маңызды қағидаты болып табылады. Корпоративтік жауапкершілік орнықты дамуға үлес қосатын және заңнамамен және халықаралық мінез-құлық нормаларымен келісетін ашық және этикалық мінез-құлықты көздейді. Компанияның бұл саладағы қызметі жүйелі сипатқа ие, осыған байланысты этикалық мінез – құлық стандарттарына және бизнесті адал жүргізу мақсатында ҚМГ-де этика мәселелері бойынша қолданыстағы құжатты жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді – Іскерлік этика кодексі жаңа редакцияда бекітілді.



Бекітілген Кодекске сәйкес ҚМГ қызметі мынадай қағидаттарға негізделген:

- Әділеттілік**
- Бейілділік**
- Дамыту**
- Қауіпсіздік**
- Жауапкершілік**

ҚМГ-нің акционерлермен, қызметкерлермен, еншілес және тәуелді ұйымдармен, мемлекеттік органдармен, әріптестермен, өзге де мүдделі тұлғалармен іскерлік өзара қарым-қатынастарының негізінде іскерлік шешімдер қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да мүдделердің үйлесімді үйлесуі, тараптардың әрқайсысының өзара құрметі, сенімі, жауапкершілігі және құқықтары мен міндеттерін сақтауы жатыр, Компания осы Кодекстің ережелерін бұлжытпай ұстанады.

Кодекс ашық құжат болып табылады және ҚМГ іскерлік серіктестері мен басқа да мүдделі тұлғалар арасында еркін таратылады. Сондай-ақ ол Компанияның сайтындағы «Корпоративтік құжаттар» бөліміне орналастырылған.

ӘДЕПKE ЖАТПАЙТЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕҢЕСТЕРГЕ ЖҮГІНУ ТЕТІКТЕРІ

102-17

Қызметкерлердің құқықтарын сақтаудың алдын алу мақсатында қызметкерлердің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың тарапынан құқыққа қарсы әрекеттердің барлық фактілері туралы нақты уақыт режимінде құпия және қолжетімді ақпарат құралдары ұйымдастырылған.

Компания тобының кез келген қызметкері немесе өзге тұлға ҚМГ және оның ЕТҰ-мен өзара іс-қимыл жасайтын басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе өзге тұлғалардың іс-қимылының заңдылығына күмән туындаған жағдайда бұл туралы басшылыққа, өзінің тікелей басшысына және комплаенс қызметіне хабарлай алады.

Осы хабарламалар құпиялылықты қамтамасыз ететін мынадай арналар мен байланыс құралдары арқылы берілуі мүмкін:

1. ҚМГ ақпараттық сенім жүйесіне doverie@kmg.kz электрондық пошта арқылы немесе сенім телефоны бойынша 8-(7172)-78-65-65;
 2. Омбудсменге (іскерлік этика, кемсітушілік, еңбек даулары және өзге де еңбек мәселелері және т. б. мәселелер бойынша) ombudsman@kmg.kz электрондық поштасына немесе телефон арқылы 8-(7172)-78-65-60, 78-65-61;
 3. «Самұрық-Қазына» АҚ әкімшілендіретін бірыңғай орталықтандырылған «жедел байланыс желісі» арқылы Комплаенс қызметіне (сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, әдепсіз мінез-құлық фактілері туралы күдік туындаған немесе қолда бар ақпарат болған жағдайда):
- мына телефон арқылы тегін қоңырау: 8 (800) 080 30 30
 - WhatsApp: 8 (702) 075 30 30;
 - мына адреске электрондық хабарлама: nysana@csc.kz;
 - интернет-портал арқылы: nysana.csc.kz.

«Жедел байланыс желісі» байланыстары ҚМГ корпоративтік сайтында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылған. Осыған ұқсас мәліметтер ЕТҰ сайттарында бар.

Барлық, оның ішінде анонимді хабарламалар-дьюператорлар қабылдайды және өңдейді, бұдан әрі олардың кәсіби және құпия қаралуын қамтамасыз ететін ҚМГ комплаенс қызметіне беріледі. Комплаенс қызметі тоқсан сайынғы негізде ҚМГ Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне



Жедел байланыс желісі

Еңбек, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылық түрлерінің кез келген фактілері туралы Сіз көрсетілген төрт байланыс арналары арқылы хабарлай аласыз:

Біз кепілдік береміз

- Құпиялық және анонимдік
- Хабарламалардың **100%** өңделуі

8 800 080 30 30

8 702 075 30 30

Nysana@csc.kzNysana.csc.kz

Барлық келіп түскен хабарламаларды «Самұрық-Қазына» қоры өңдеуге қабылдайды

келіп түскен өтініштерді қарау нәтижелері туралы ақпаратты жеткізеді. 2020 жылы Жедел байланыс желісіне 118 шағым мен өтініш келіп түсті, 2019 жылмен салыстырғанда өтініштер санының өсуі 180%-ды құрады, бұл жедел байланыс желісін танымал ету жөніндегі науқанға, қызметкерлер мен үшінші тұлғалардың оның болуы туралы хабардарлығын арттыруға байланысты.

Жедел байланыс желісіне келіп түскен өтініштердің арқасында сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылға тікелей байланысты емес мәселелерді де реттеуге мүмкіндік туды. Айталық, мысалы, Жедел байланыс желісіне іскерлік мінез-құлықтың бұзылуына, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға байланысты өтініштер, сондай-ақ коронкризистің қолайсыз экономикалық салдарларға байланысты әлеуметтік және жалпы бағыттағы шағымдар түсті. Барлық келіп түскен өтініштер белгіленген тәртіппен және мерзімде, болашақта осындай жағдайлардың қайталану ықтималдығын төмендететін тиісті шараларды қабылдай және қарау нәтижелері туралы өтініш берушілерге хабарлай отырып, қаралды.

ӘР АДАМҒА СЕНІМ МЕН КӨҢІЛ БӨЛУ

410-1, 412-1, 412-2

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тараптардың (жеке және заңды тұлғалардың) құқықтарын сақтау Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚМГ мен ЕТҰ-ның жалпы корпоративтік және ішкі құжаттарына сәйкес қамтамасыз етіледі. ҚМГ өзі қатысатын барлық өңірлерде адам құқықтарын, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында және Адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларация және БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидаты сияқты халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтайды және олардың сақталуына ықпал етеді.

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобында ішкі коммуникациялар жүйесі одан әрі дамытылды, оның көмегімен кез келген қызметкер және өзге де мүдделі тұлға заңдылықты және ҚМГ ішкі құжаттарын бұзудың кез келген фактілері туралы жедел хабарлама жібере алады.

Компанияда Директорлар кеңесінің 13.02.2020 жылғы шешімімен бекітілген **ҚМГ құпия ақпарат саясаты**, № 1/2020 хаттама (бұдан әрі – Саясат) және ҚМГ Басқармасының 30.07.2020 жылғы шешімімен бекітілген **ҚМГ экономикалық қауіпсіздік регламенті**, № 31 хаттама (бұдан әрі – Регламент) қолданылады.

Саясат пен Регламентке сәйкес құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен алдын алудың тиімділігін арттыру, Компания қызметкерлерімен, үшінші тараптармен (заңды және жеке тұлғалармен) өзара іс-қимылды жетілдіру және кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ заңды құқықтар мен мүдделерді қорғау үшін ҚМГ мен ЕТҰ-да қолжетімді, тәулік бойы (24/7 режим), құпиялылықты қамтамасыз ететін байланыс арналары мен құралдары: **«Жедел байланыс желісі», сенім телефоны мен электрондық поштасы** жұмыс істейді.



Әлиасқаров Тұрысбек Жүнісбайұлы, ҚМГ корпоративтік қауіпсіздік департаментінің директоры:
«Қызметкердің жүгіну құқығы заң бұзушылықтарды жоюдың пәрменді тәсілдемелерінің бірі, құқық бұзушылықтардың алдын

алу, қызметкерлердің өздерінің де, Компанияның да құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Өтініш беру институты – бұл Компанияның қызметкерлермен байланысын нығайтудың қосымша арнасы, қызметкерлердің оған деген сенімінің дәлелі.

Саясат пен Регламентте қызметкердің басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе ҚМГ-мен өзара іс-қимыл жасайтын өзге де тұлғалардың іс-әрекеттерінің заңдылығына күмән туындаған жағдайда бұл туралы тиісінше тікелей басшыға, Комплаенс қызметіне және корпоративтік қауіпсіздік департаментіне (бұдан әрі – КҚД) дереу хабарлауға міндетті, ал өзге тұлға құқылы екендігі белгіленген.

Бұл ретте жасалған не дайындалып жатқан құқық бұзушылық туралы хабарлау себебінен қызметкерлердің ешқайсысын қандай да бір кемсітушілікке (жұмыстан босату, лауазымын төмендету, сыйлықақылардан және көтер-мелеудің өзге де нысандарынан айыру, еңбек жағдайларының нашарлауы және т. б.) ұшыратуға болмайды.

Қызметкерлердің, азаматтардың, басқа да заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын бұзу туралы өтініштерін қабылдау, тіркеу және қарау тәртібі ҚМГ төрағасының 18.04.2018 жылғы № 129 бұйрығымен бекітілген **ҚМГ ақпараттық сенім жүйесінің** (бұдан әрі – САЖ) **жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс нұсқаулығымен** регламенттелген.

Осыған ұқсас құжаттарды ЕТҰ бекітті.

2020 жылы компаниялар тобының САЖ желісі бойынша 210 өтініш пен өтініш түсті (2019 жылы – 185), оның ішінде әрбір үшінші өтініш – тұрмыстық газбен жабдықтау тарифтері туралы, әрбір бесінші өтініш – жалақы деңгейіне, еңбек қауіпсіздігі жағдайларына және т. б. байланысты қызметкерлердің еңбек құқықтары туралы.

Қызметкерлердің, жеке және заңды тұлғалардың пошталық хабарламалармен және жеке қабылдауда түскен 57 өтініштің (2019 жылы – 38) жартысынан астамы сатып алу, ұрлау, теріс пайдалану және сыбайлас жемқорлық мәселелеріне, әрбір оныншысы – еңбек дауларына қатысты болды.

Барлық келіп түскен өтініштер мен шағымдар, оның ішінде анонимді түрлері өтініш иелеріне тиісті шараларды қабылдай және кейіннен хабарлай отырып, белгіленген тәртіппен және мерзімде қаралды.

Өтініштерді, шағымдар мен өтініштерді уақтылы және жан-жақты қарау және шешу нәтижесінде 2020 жылы Компания қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу фактісіне, сондай-ақ ҚМГ тобының мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін рұқсат етілмеген акциялар мен жанжалды жағдайларға жол берілген жоқ.

2020 жыл ішінде, алдыңғы жылдардағыдай, қызметкерлерді ұлттық, жыныстық белгілері, діни нанымдары мен саяси көзқарастары бойынша кемсітудің бірде-бір фактісі анықталған жоқ, мәжбүрлі және міндетті еңбекті пайдалану, сондай-ақ осындай бұзушылықтарға байланысты сот талқылаулары мен қылмыстық қудалау фактілеріне жол берілген жоқ.

Қызметкерлердің және өзге тұлғалардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етудегі ерекше рөл ҚМГ компаниялар тобының қауіпсіздік қызметтеріне тиесілі.

Компаниялар тобы қауіпсіздік қызметтерінің барлық қызметкерлері өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, ЕТҰ-ның корпоративтік және ішкі құжаттарына, бөлімшелер туралы ережелерге және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырады.

Қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің атқаратын лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары шеңберінде, әдетте, құқық қорғау және арнайы

органдар жүйесінде жұмыс тәжірибесі, жоғары заң және өзге де бейіндік білімі бар, корпоративтік қауіпсіздіктің бизнес-процестерін ұйымдастыру және басқару, қызметкерлердің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау саласында жеткілікті білімі мен тәжірибесі бар екенін атап өту қажет.

2020 жылы саясатты сақтау және құқықтарды қамтамасыз ету рәсімдері мәселелері бойынша оқытудан компания тобы қауіпсіздік қызметтері қызметкерлерінің **7,5%-дан** астамы өтті (2019 жылы – **11,7%**, көрсеткіштің төмендеуі елдің барлық аумағында іске асырылған ТЖ және ТА режимдерімен байланысты объективті факторлармен түсіндіріледі).

Тұтастай алғанда, басқарушы органдар мен жоғары басшылық, сондай-ақ ҚМГ компаниялары тобының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қызметкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған шаралар туралы жеткілікті дәрежеде хабардар етілген, олардың құқықтарын қамтамасыз етуге белсенді қатысады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

102-40, 102-42, 102-43

Біз мүдделі тараптармен белсенді диалог қағидатын іске асыра отырып, өз қызметіміздің ашықтығы мен айқындығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Біз компания жұмысының барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты жыл сайын ашып көрсетеміз. Бұл бізге өз қызметіміздің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ АЙҚЫНДАУ

ҚМГ тұрақты негізде мүдделі тараптармен диалогты және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қою және қарым-қатынасты басқару бойынша шаралар қабылдайды.

ҚМГ-де тәуелділікті (тікелей немесе жанама), міндеттемелерді, жағдайды (жоғары тәуекел аймақтарына ерекше назар аудара отырып), әсерді, әртүрлі (алуан түрлі) перспективаларды ескере

отырып, тәуекелдер мен саралауды есепке ала отырып жасалған Мүдделі тараптардың картасы бекітілді. Қойылған міндеттерді тиімді іске асыру үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарлары жасалып жатыр.

ҚМГ мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл кезінде AA1000SES Stakeholder Engagement Standard сияқты халықаралық стандарттарды қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың ең үздік практикасын қолданады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ӘДІСТЕРІ МЫНАЛАРДЫ ҚАМТИДЫ:

Өзара іс-қимыл деңгейі	Өзара іс-қимыл әдістері
 Консультациялар: ✓ Екіжақты өзара іс-қимыл; ✓ Мүдделі тараптар ұйымдардың сұрақтарына жауап береді	• Сауалнамалар; • Фокус-топтар; • Мүдделі тараптармен кездесулер; • Жария кездесулер; • Семинарлар; • Коммуникация құралдары арқылы кері байланысты ұсыну; • Консультациялық кеңестер
 Келіссөздер	• Әлеуметтік серіктестік қағидаттары негізінде ұжымдық келіссөздер
 Тартылуы. ✓ Екі жақты немесе жан-жақты өзара іс-қимыл; ✓ Барлық тараптардан тәжірибе мен білімді арттыру, мүдделі тараптар мен ұйымдар тәуелсіз әрекет етеді	• Консультациялық панельдер; • Консенсусқа қол жеткізу процесі; • Шешімдерді бірлесіп қабылдау процесі; • Фокус-топтар; • Кері байланысты ұсыну схемалары
 Ынтымақтастық ✓ Екіжақты немесе жан-жақты өзара іс-қимыл; ✓ Тәжірибе мен білімді бірлесіп арттыру, шешімдер мен шаралар қабылдау	• Бірлескен жобалар; • Бірлескен кәсіпорындар; • Серіктестік; • Мүдделі тараптардың бірлескен бастамалары
 Өкілеттіктер ұсыну ✓ Мүдделі тараптар (егер қолданылса) басқаруға қатысады	• Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерін басқаруға, стратегияға және операциялық қызметке ықпалдастыру

ЕСЕПТІҢ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРЫН АЙҚЫНДАУ

102-47

Есепте маңызды тақырыптарды бағалау және ашу үшін сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың (стейкхолдерлер) деректері талданды. Жүргізілген рәсімдердің нәтижелері бойынша әлеуетті тақырыптар тізімінің 43 тақырыбының ішінен маңыздылық матрицасы жасалды

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ БАҒАЛАУ ҚҰРЫЛЫМЫНДА ТАРАЗЫЛАРДЫ БӨЛУ

Маңыздылық матрицасын салу үшін тиісінше көлденең және тік осьтерде ішкі және сыртқы көрсеткіштердің нәтижелері пайдаланылды. Матрицада қолданылатын бағалау шкаласы 1-ден 5 баллға дейінгі диапазонды құрайды.

Мүдделі тараптар үшін онлайн сауалнама Google Forms платформасының базасында дайындалды. Сауалнамаға акционерлердің, ҚМГ КО, ЕТҰ, өнім берушілердің, қауымдастықтардың, жергілікті мемлекеттік органдардың, банктердің, серіктестер мен клиенттердің өкілдері қатысты. Орнықты дамудың әрбір тақырыбын маңыздылық дәрежесі бойынша 1-ден 5-ке дейінгі шәкіл бойынша бағалау ұсынылды, мұнда 1 – «маңызды емес», 2 – «маңыздылықтың болмашы дәрежесін», 3 – «маңыздылықтың орташа дәрежесін»,

4 – «маңыздылықтың салыстырмалы жоғары дәрежесін», 5 – «маңыздылықтың ең жоғары немесе сыни дәрежесін» білдіреді.


Төменде 43 тақырыптың маңыздылық матрицасы берілген.

ІШКІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ БАҒАЛАУ

Осы матрица төменде берілгендей сол немесе өзге де тақырыптардың маңыздылық деңгейі бойынша 4 шартты аймаққа (квадрантқа) бөлінген.

- **4-квадрант** – өте маңызды тақырыптар (2.5 астам сыртқы және ішкі стейкхолдерлерді бағалау);
- **3-квадрант** – сыртқы стейкхолдерлер үшін маңызды, бірақ ішкі стейкхолдерлер үшін маңызды емес тақырыптар (сыртқы стейкхолдерлерді бағалау 2.5 артық және ішкі стейкхолдерлерді бағалау 2.5 кем);
- **2-квадрант** – ішкі стейкхолдерлер үшін маңызды, бірақ сыртқы стейкхолдерлер үшін маңызы аз тақырыптар (сыртқы стейкхолдерлерді бағалау кемінде 2 және ішкі стейкхолдерлерді бағалау 2.5-тен астам);
- **1-квадрант** – маңызы аз тақырыптар (кемінде 2.5 сыртқы және ішкі стейкхолдерлерді бағалау).

- Экономикалық тақырыптар
- Экологиялық тақырыптар
- Әлеуметтік тақырыптар
- Салалық тақырыптар



Маңызды тақырыптар тізімі	
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР	
1	Экономикалық нәтижелілік (мысалы, кірістер, пайда)
2	Нарықтарға қатысу (мысалы, өңірлердегі жалақы мөлшері, жергілікті халықтан басшылардың үлесі сияқты)
3	Тікелей емес экономикалық әсерлер (мысалы, инфрақұрылымдағы инвестициялар сияқты)
4	Сатып алу практикалары (мысалы, жергілікті өнім берушілерге шығыстардың үлесі сияқты)
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (мысалы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді бағалау)
6	Бәсекелестікке қарсы іс-қимыл (мысалы, монополияға қарсы реттеуді жүргізу)
7	Салық ақпараты (мысалы, салықты басқарудағы ашықтық)
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР	
8	Материалдарды пайдалану (мысалы, қайта өңделген/қайта пайдаланылатын материалдар сияқты)
9	Энергия (мысалы, энергияны тұтыну, энергияны үнемдеу сияқты)
10	Су және ағынды сулар (мысалы, су тұтыну көлемі, су көздеріне әсері сияқты)
11	Биоалуантүрлілік (мысалы, Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар әлемінің түрлерін сақтау сияқты)
12	Шығарындылар (мысалы, парниктік газдардың атмосфераға шығарындылары, климаттың өзгеруі)
13	Қалдықтар (мысалы, қалдықтарды қайта өңдеу, қауіпті қалдықтарды басқару)
14	Экологиялық сәйкестік (мысалы, экологиялық айыппұлдар немесе санкциялар сияқты)
15	Өнім берушілерді экологиялық бағалау (мысалы, жеткізу тізбегіндегі теріс экологиялық әсер сияқты)
ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР	
16	Жұмыспен қамту (мысалы, кадрлардың тұрақтамауы немесе қызметкерлерге жеңілдіктер беру сияқты)
17	Қызметкерлердің және басшылықтың өзара қарым-қатынасы (мысалы, қызметкерлерді ынталандыру сияқты)
18	Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік (мысалы, өндірістік жарақаттану деңгейі немесе кәсіби сырқаттану қаупі сияқты)
19	Даярлау және білім беру (мысалы, қызметкерлерді оқыту немесе мансапты дамыту сияқты)
20	Алуантүрлілік және тең мүмкіндіктер (мысалы, әйелдер мен ерлердің теңдігі сияқты)
21	Кемсітуге жол бермеу (мысалы, кемсіту фактілерін қарау)

Маңызды тақырыптар тізімі	
22	Қауымдастықтар еркіндігі және ұжымдық шарттарды жүргізу (мысалы, мұндай құқықтар мен бостандықтарды бұзу)
23	Балалар еңбегі (мысалы, мәжбүрлі балалар еңбегін пайдалану)
24	Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек (мысалы, мұндай еңбекті түп-тамырымен жою жөніндегі тәуекелдер мен күш-жігерлер)
25	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикалары (мысалы, адам құқықтары бойынша қауіпсіздік қызметін оқыту)
26	Адам құқықтарының сақталуын бағалау (мысалы, адам құқықтарын сақтау бойынша оқыту)
27	Жергілікті қауымдастықтар (мысалы, жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл бағдарламасы сияқты)
28	Өнім берушілерді әлеуметтік бағалау (мысалы, өнім берушілердің әлеуметтік жауапкершілігін бағалау сияқты)
29	Мемлекеттік саясат (мысалы, саяси мақсаттарға арналған қайырымалдық сияқты)
30	Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі (мысалы, тауарлардың /қызметтердің тұтынушылардың денсаулығына әсері сияқты)
31	Маркетинг және өнімдер мен қызметтер туралы хабардар ету (мысалы, осындай талаптарды сақтау сияқты)
32	Тұтынушыға қол сұғылмаушылық (мысалы, тұтынушылардың қол сұғылмаушылығының бұзылуы)
33	Әлеуметтік-экономикалық сәйкестік (мысалы, заңнаманы қадағалау немесе айыппұлдар сияқты)
САЛАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР	
34	Бағаланып дәлелденген қорлардың және өндірудің (мұнай мен газдың) көлемі мен түрі
35	Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялар (мысалы, күн/жел электр станциялары, жаңартылатын энергия пайдалану көлемі сияқты)
36	Қызметті жүзеге асыру өңірлеріндегі биоәртүрлілікке әсер ету мониторингі
37	Қабаттағы немесе өндірілетін судың көлемі және оны кәдеге жарату
38	Жағылған көмірсутектердің және парниктік газдар ағып кетуінің көлемі
39	Бұрғылау қалдықтарының (бұрғылау ерітіндісі мен шламның) саны
40	Отындағы бензол, қорғасын және күкірттің құрамы
41	Қызметті жүзеге асыру өңірлеріндегі халықпен өзара іс-қимыл стратегиясы мен бағдарламалары, даулар мен жанжалдарды шешу және жергілікті халықпен талқылау
42	Өндірістік объектілерді пайдаланудан шығару, халықты мәжбүрлеп көшіру (қызметті жүзеге асырудың салдары сияқты)
43	Технологиялық процестердің тұтастығы мен қауіпсіздігі (төгілудің алдын алуды және төтенше жағдайларға дайындықты қоса алғанда)

БАСТАМАЛАР ЖӘНЕ МҮШЕЛІК

102-12, 102-13

БАСТАМАЛАР



Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ІМГ тұрақты жалындатып жағуды толық тоқтату» бастамасы

ҚМГ 2015 жылы аталған бастаманы қолдады. Ол үкіметті, мұнай компанияларын және 2030 жылдан кешіктірмей ілесіп мұнай газын (ІМГ) тұрақты жалындатып жағу тәжірибесін тоқтату үшін ынтымақтасуға келіскен даму ұйымдарын біріктіреді. Біздің мақсатымыз – ІМГ тиімді пайдалану және кәдеге жарату деңгейін арттыру, ең аз дегенде жалындатып жағу мәліметі. Біз Дүниежүзілік банкке қол жеткізген прогресс туралы жыл сайын есеп береміз.



Жаһандық Метан Бастамасы

ҚМГ Есептіліктің жаһандық бастамасын (ЖМБ) қолдайды және Орнықты даму туралы есеп шеңберінде барлық мүдделі тараптарға өзінің экологиялық қызметі туралы ақпаратты ұдайы жариялайды. 2017 жылы ҚМГ метан шығарындыларын азайту бойынша ҚМГ қызметі шеңберінде ЖМБ жобалық желісіне қосылды, ол метан шығарындыларын азайту бойынша, сондай-ақ метанды қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі жобаларға мүдделі жеке сектор субъектілерінің, қаржы мекемелері мен басқа да үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың өсіп келе жатқан қоғамдастығын білдіреді. ЖМБ серік-тестері болып табылатын елдермен жұмыс істей отырып, Жобалық желі мүшелері метан бойынша нақты жобалар үшін негізін дайындап, қызметті жандандыра алады.



CDP климаттық бағдарламасы

2020 жылы ҚМГ алғаш рет Румыния мен Грузиядағы еншілес ұйымдарды қоса алғанда, ҚМГ барлық активтері бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының деректерін қамтитын CDP (Carbon Disclosure Project) Климаттық бағдарламасы шеңберінде 2019 жылғы парниктік газдар шығарындылары бойынша есепті жариялады. Алғаш рет 2019 жылдың қорытындысы бойынша CDP су қауіпсіздігі бойынша сауалнама жарияланды.



Қазақстанның мұнай-газ компанияларының экологиялық жауапкершілік рейтингі

Экологиялық көрсеткіштерді жақсарту, сондай-ақ осы саладағы ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ҚМГ 4-ші жыл қатарынан Ресейдің WWF, Ұлттық рейтингтік агенттік және Creon Group тәуелсіз сарапшыларының бағалауы бойынша Қазақстан Республикасы мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпараттарының ашықтығы рейтингінде 1-ші орын алады.

Рейтинг әдістемесі корпоративтік практикада сыналды және екінші жыл қатарынан «Интергаз Орталық Азия» АҚ басқарған ҚМГ ЕТУ арасында ішкі рейтинг жүргізілуде, сондай-ақ көшбасшылар үштігіне «Ембімұнайгаз» АҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ кірді.

2019 жылы Компания құрылымында Комплаенс қызметі (бұдан әрі – Қызмет) құрылды, бұл компанияда корпоративтік адалдық стандарттарын сақтауға жауапты прогрессивті бастамалардың бірі болды. Қызметтің жауапкершілік аймағына қызметкерлердің еңбек қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау мүмкіндігімен байланысты барлық тәуекелдерді жою кірді. Компания қызметінің дербес бағыты

болып қала отырып, Қызмет компанияның барлық бизнес бөлімшелерімен біріктірілген.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжіри-бесін негізге ала отырып, компания тұрақты негізде қолданыстағы корпоративтік стандарттарды жақсартуға ұмтылады. Мәселен, компания мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқор-лыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтауы шеңберінде негізгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы норма-тивтік құжаттар бекітілді: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құпия хабардар ету саясаты, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ЕТҰ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясаты, сондай-ақ жаңа редакциядағы Іскерлік этика кодексі (ҚМГ корпоративтік құндылықтары актуалдандырылды, сыйлықтарға лимиттер қосылды, комплаенс мәселелері бойынша байланыс арналары жаңартылды, Кодекстің форматы «Самұрық-Қазына» АҚ Кодексімен және комплаенс мәселелерінде маманданған халықа-ралық аудиторлық компаниялардың ұсынымда-рымен сәйкес келтірілді).

2020 жылы компанияның 35 ЕТҰ-да осыған ұқсас комплаенс-саясаты әзірленді және бекітілді.

ЕТҰ-мен жүргізілетін жұмысқа қатысты ком-пания жергілікті жерлерде функцияларды енгізе отырып және кәсіпорынның ерекшелігін ескере отырып, комплаенс-бағдарламалар қалыптас-тыра отырып, кәсіпорындарды корпоративтік мәдениетке ықпалдастыру процестерін же-делдетуге ұмтылады. Сонымен, 8 кәсіпорында (Ембімұнайгаз, Павлодар мұнай-химия зауыты, Атырау мұнай өңдеу зауыты, ҚазТрансОйл, ҚазТрансГаз, Интергаз Орталық Азия, Қазақтеңіз-көлікфлоты (сұхбат) және Жамбыл Петролеум (сұхбат)) комплаенс тәуекелдерін бағалау жүр-гізілді. 4 ЕТҰ-да комплаенс қызметтері құрылды / комплаенс құрылымына мына офицерлер енгізілді: Павлодар мұнай-химия зауыты, Атырау мұнай өңдеу зауыты, ҚазТрансОйл және KLPE.

Пандемиядан туындаған қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау қызметтің компания тобының қыз-меткерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұйымдастырушылық-жүйелі шараларды қолданудың тиімді тәсілдемелерін әзірлеуіне ықпал етті, осылайша компанияның Корпоративтік орталығының барлық қызмет-керлерін этика мәселелері бойынша оқыту элек-трондық форматта жүргізілді. Қызметкерлерге компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптары туралы, реттеуші ортадағы өзгерістер туралы («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ-ға түзетулер) ескертуді және жедел байланыс желісінің жұмыс істеуін қамтитын ақпараттық таратуды жүзеге асыру арқылы кор-поративтік коммуникацияны күшейтуге ерекше көңіл бөлінді, ол Компания мен оның қызметкер-

лерімен комплаенс саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтау сапасын бақылаудың тиімді құралдарының бірі болып та-былатын «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы әкімшілендіретін Жедел байланыс желісінің мүм-кіндіктерін пайдалануға қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың қатыстырылуының өсуіне ықпал етті. Бұған қоса, Қызмет компанияның басшылық құрамымен және қызметкерлерімен лауазымдық өкілеттіктер шеңберінде мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу тәсілдері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мі-нез-құлқына қойылатын талаптарды анықтау мақсатында, оларды сақтау компаниядағы жеке мүдделер мен байланыстардың әсерінен шешім қабылдау тәуекелдерін мейлінше азайтуға мүм-кіндік береді. Мәселен, Компанияда 2020 жылы мүдделер қақтығысын реттеу саясаты бекітілді, оның шеңберінде мүдделер қақтығысын қарау рәсімі және оларды реттеу бойынша әдістерді әзірлеу регламенттелді. Саясатты сақтау Ком-панияның әрбір қызметкерінің лауазымдық жағдайына қарамастан, міндеті болып табылады.

Жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызмет-керлер Саясатпен танысу рәсімінен өтеді, мүдделер қақтығысы бойынша бастапқы декла-рацияны толтырады және қол қояды. Ұқсас рәсім қызметкерді басқа лауазымға ауыстыру кезінде де қарастырылған.

2020 жылы мүдделер қақтығысын декларациялау рәсімі енгізілді, оның нәтижелері бойынша 434 қызметкердің декларациясы қабылданды. Сондай-ақ, 2020 жыл ішінде 48 жағдай бойынша мүдделер қақтығысының болуына тексеру жүргізілді және баға берілді, 6 әлеуетті мүдделер қақтығысы реттелді, 42 жағдайда мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сала-сындағы Саясатқа сәйкес Компания мемлекеттік органдарға, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға, олардың өкілдеріне, сондай-ақ өзге де тұлғаларға тікелей қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетпейді. Мажори-тарлық акционер болып табылатын «Самұрық-Қазына» АҚ-тың қаражатты мақсатты жұмсау туралы кейіннен егжей-тегжейлі есеппен бірге нақты мақсаттарға бағытталған көмек көрсету туралы тиісті тапсырмасы ерекшелік бола алады.

Жоғары этикалық нормаларға бейілділігі тиісті корпоративтік басқарудың негізі және компания мүдделерінің жеке мүдделерін қорғау мен қамтамасыз етудегі кепілгер болып та-былады. Компания сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін басшылардың, оның ішінде өзінің қарамағындағы қызметкерлердің дербес жауапкершілігін жариялау мәселелерінде бел-

сенді жұмыс жүргізеді. COVID-19 пандемиясынан туындаған жағдайды ескере отырып, қызметкерлердің басым бөлігі қашықтан жұмыс форматына ауыстырылды, бұл қызметкерлерге компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптары туралы, реттеуші ортадағы өзгерістер және жедел байланыс желісінің жұмыс істеуі туралы ескертуді қамтитын мерзімді ақпараттық таратуды жүзеге асыру арқылы корпоративтік коммуникация рөлінің күшеюіне ықпал етті, бұл қызметкерлерді 100% таныстыратын қамтуға қол жеткізуге мүмкіндік берді және қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың жедел байланыс желісінің мүмкіндіктерін пайдалануға тартылуының өсуіне ықпал етті. Бұған қоса, жыл сайынғы оқыту шеңберінде Корпоративтік орталықтың барлық қызметкерлері үшін этика мәселелері бойынша оқыту онлайн-курсы өткізілді.

Комплаенс тәуекелдеріне жүргізілген бағалау және комплаенс саласындағы ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және нұсқаулықтардың нормалары мен талаптарына сәйкестігі тұрғысынан талдау нәтижелері бойынша, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын, парақорлық туралы Ұлыбритания Заңын, ЭЫДҰ-ның шетелдік жария лауазымды тұлғаларды сатып алуға қарсы күрес туралы Конвенциясын қоса алғанда, 2020 жылы жаңа редакциядағы Іскерлік этика кодексі бекітілді. Сонымен, кәсіби және этикалық стандарттарды бұзу салдарынан туындауы мүмкін құқықтық және бедел тәуекелдерін мейлінше азайту, сондай-ақ компания қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру мақсатында Кодекстің нормалары бойынша барлық қызметкерлерді онлайн оқыту жүргізілді.

Компания өз қызметін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі арасында жасалған сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік атмосферасын құру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде жүзеге асырады. Сондай-ақ, Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің маңызды мәселелері бойынша мемлекеттік билік органдарымен диалогқа қатысады. Компания мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимылдың жалпы қабылданған және құқықтық өріс шегіндегі әдістеріне сүйенеді. 2020 жылы Компания Қазақстан Республикасының 2021–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру бойынша 2021–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына ұсыныстар әзірлеуге қатысты.

205-1

2019 жылы UN Global Compact әдіснамасының талаптарына сәйкес компания мен ірі ЕТҰ қызметі тәуекелдерінің комплаенсіне сыртқы тәуелсіз бағалау жүргізілді, оның шеңберінде ҚМГ бизнес-бөлімшелерінің 130-дан астам қызметкерімен, сондай-ақ елеулі бұзушылық салаларын анықтау үшін ЕТҰ бизнес-бөлімшелерімен сұхбат жүргізілді. Компания мен ірі ЕТҰ комплаенс тәуекелдерін бағалау сатып алу қызметі, кадр мәселелері, сондай-ақ мүдделер қақтығысының болуына іскерлік байланыстардың мониторингіне байланысты мәселелер саласында тәуекел ай-мақтарының бар екендігін көрсетті.

205-2

Басшы құрам үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нормаларымен танысу 2020 жылғы қарашада этика мәселелері бойынша онлайн оқыту шеңберінде, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер туралы корпоративтік таратуды жүзеге асыру, жалпыға бірдей салық декларациялау мәселесі, мүдделер қақтығысы, мерзімді негізде «Жедел байланыс желісі» жұмысы арқылы жүргізілді.

Қазіргі уақытта жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызметкерлер мүдделер қақтығысын реттеу саясатымен және іскерлік этика кодексімен танысу рәсімінен өтеді, сондай-ақ кейіннен әрбір қызметкердің жеке ісіне бекітілетін мүдделер қақтығысы бойынша бастапқы декларацияны толтырады және қол қояды. Ұқсас рәсім қызметкерді басқа лауазымға ауыстыру кезінде де қарастырылған. Бұған қоса, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатпен танысуға қатысты тәжірибе енгізілді, 2020 жылы Компанияның барлық қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат нормаларын сақтау бойынша міндеттемелер жиналды. Осыған ұқсас рәсім Компанияның барлық ЕТҰ-ларында да енгізілуде.

Компанияның контрагенттермен жасасатын барлық үлгі шарттары контрагенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚР заңнамасын сақтау міндеттемелерін көздейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені, сондай-ақ тапсырыс берушіні сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және Жедел байланыс желісі арқылы сатып алу қағидаларының кез келген болжамды және нақты бұзушылықтары туралы хабардар етуді қамтиды.

2020 жылы ҚМГ корпоративтік этика кодексінің жаңа редакцияда бекіту шеңберінде Корпоративтік орталықтың барлық қызметкерлері үшін онлайн-оқыту өткізілді.

Мемлекеттік органдардың өкілдері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқыту жүргізілмейді.

205-3

2020 жылы жедел байланыс желісіне 118 өтініш келіп түсті. Компанияда 2019 жылмен салыстырғанда жедел байланыс желісінің жұмыс істеуі туралы корпоративтік тарату, сондай-ақ компания сайтында қызметкерлер, контрагенттер және өзге тұлғалар арасында байланыс желілерін орналастыру есебінен 100% таныстыру қамтуына қол жеткізу себебінен келіп түскен өтініштер санының өсуі байқалады. Мәселен, 118 өтініштің 41 өтініші расталды. Өтініштердің негізгі бөлігі кадрлық мәселелерге, COVID-19 пандемиясының қолдайсыз экономикалық салдарымен байланысты еңбек жағдайларына қатысты болды. Жедел байланыс желісі жұмысының нәтижелерін, оның ішінде алынған (өңделген) хабарламалар және қорытындылай келе анықталған бұзушылықтар

бойынша статистиканы Директорлар кеңесі мен аудит комитеті тұрақты түрде қарайды.

2020 жылы жедел байланыс желісіне келіп түскен өтініштерді қарау нәтижелерін талдау барысында 2 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтарға байланысты іскерлік серіктестермен келісімшарттарды жаңартпау немесе бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

Есепті кезең ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты және ұйымға немесе оның қызметкерлеріне қарсы қозғалған сот істері туралы мәліметтер де тіркелмеді.

БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАРСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

206-1

Есепті кезеңде ҚМГ компаниялар тобының 7 ұйымы бәсекелестікке қарсы мінез-құлыққа, трастқа қарсы және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты 31 сот ісіне

тартылды. Оның ішінде 9 іс ЕТҰ және ҚМГ КО пайдасына шешілді, 15 сот ісі ЕТҰ пайдасына қанағаттандырылмады, 7 сот ісі қаралуда.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК

419-1

Әлеуметтік және экономикалық реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес келмеу

ҚМГ-нің 10 ЕТҰ әлеуметтік реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес келмеу салдарынан сот істеріне тартылып. Есепті мерзімде ҚМГ және ЕТҰ 28 сот ісіне қатысты. Оның 19-ы ЕТҰ және ҚМГ пайдасына шешілді, 6 сот ісі ЕТҰ-ның пайдасына қанағаттандырылмады.

2020 жылда еншілес және тәуелді ұйымдар экономикалық реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес келмеу саласы бойынша 2 сот ісіне қатысты. Жалпы сомасы 3 955,3 миллион теңгені құрайтын 1 сот ісі салық мәселесіне қатысты. 0,83 млн теңгені құрайтын 1 сот ісі жеткізілім туралы мәліметтермен байланысты.



ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПҚЕРШІЛІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІК



7-қағидат. Қоршаған орта: Іскерлік топтар экологиялық проблемаларды шешу кезінде сақтық тәсілін қолдауға тиіс

8-қағидат. Қоршаған орта: Іскерлік топтар үлкен экологиялық жауапкершілікті алға бастыру үшін бастамалармен бірге шығуы тиіс

9-қағидат. Қоршаған орта: Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуын және таратылуын көтермелеу тиіс



БАСҚАРУҒА БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

103-1, 103-2, 103-3

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар (ӨҚ, ЕЖҚОҚ) компанияның Даму стратегиясымен тікелей байланысты. ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) экологиялық жауапкершілікті арттыру жөніндегі стратегиялық бастамаларды көздейді. Қоршаған ортаны қорғау бөлігінде Компания үшін басым бағыттар парниктік газдар шығарындыларын басқаруды және газды жалындатып жағуды қысқартуды, су ресурстарын басқаруды, өндіріс қалдықтарын басқаруды, жерді қалпына келтіруді және энергия тиімділігін арттыруды қамтиды.

ҚМГ Стратегиясының, ӨҚ, ЕЖҚОҚ жөніндегі саясатының басымдықтарына сәйкес ӨҚ мен ЕЖ бойынша жекелеген саясаттарға және 2020 жылы Директорлар кеңесі бекіткен экологиялық саясатқа бөлінді. ҚМГ және оның ЕТҰ басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалға қатысты нөлдік төзбеушілік қағидатын қадағалауы тиіс.

ҚМГ ілеспе мұнай газын пайдалы пайдалануды арттыру мақсатында мемлекеттердің, мұнай компанияларының және қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіру үшін 2015 жылы жарияланған 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтату жөніндегі Дүние-жүзілік банктің бастамасына қатысушы болып табылады. Жоғарыда көрсетілген бастаманы іске асыру шеңберінде Компания сегіз негізгі қағидаттан тұратын, газды тұрақты алау етіп жағуды толық тоқтатуға бағытталған ҚМГ-дегі шығарындыларды басқару жөніндегі саясатты басшылыққа алады.

Алғаш рет 2020 жылы Басқарма шешімімен ҚМГ компаниялары тобының еңбекті қорғау, өнер-

кәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулығының бөлігі болып табылатын қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі корпоративтік стандарт әзірленді және мақұлданды. Стандарт болжанып отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау процесінің корпоративтік қағидаттарын айқындайды, ҚМГ компаниялары тобының, ҚМГ компаниялары тобы қызметкерлері мен мердігерлерінің, оның ішінде қызметі техникалық құжаттаманы және қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарын әзірлеумен, қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары бойынша қоғамдық пікірді есепке алуды ұйымдастырумен және жүргізумен, сондай-ақ эмиссияларға рұқсат алумен байланысты жобалау ұйымдарының қызметін регламенттейді.

Қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму саласындағы негізгі стратегиялық бастамалар 2020 – Еңбек және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін жақсарту жөніндегі жол картасында және оны орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетілген.

ӨҚ, ЕЖҚОҚ БОЙЫНША МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

403-1

Компанияда денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша менеджмент жүйесі (МЖ) жұмыс істейді, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының, ISO 14000 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес үздік әлемдік практикалар мен тәсілдемелерді, Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығының (IOGP) ұсынымдарын пайдалана отырып әзірленген. Бұл жүйе көшбасшылық, мақсатқа қол

ДС, ӨҚ ЖӘНЕ ҚОҚ МЖ

ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҮЗДІК САЛАЛЫҚ ПРАКТИКАЛАРДЫ ЕНГІЗУ



Ішкі бақылау және жақсарту

- ЕҚОҚ бойынша бағалауды басқару жүйесі
- ЕҚОҚ комитеттерінің жүйесі
- HSE Compliance and RT Audits
- ЕҚОҚ мәдениетін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешені

Мониторинг

- ЕҚОҚ бойынша есеп беру қағидалары
- ЕҚОҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін автоматтандыру
- ЕҚОҚ бойынша ҚНҚ жүйесі
- Оқиғаларды тексеру рәсімі
- «Авариялардың себептерін тексеру» автоматтандырылған модулі
- Салыстырмалы талдау

Өткізу

- Денсаулық сақтауды басқару жүйесі
- Көлік қауіпсіздігі бағдарламасы
- Дағдарыс жағдайларын басқару стандарты
- Метанның ағып кетуін анықтау бағдарламасы
- Қалдықтарды басқару стандарты
- Сумен қамтамасыз етуді басқару стандарты
- Энергия пайдалану тиімділігінің жол картасы

Өндірістің тұтастығы

- Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- LOTO
- Өндірістік процестің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі

Тәуекелдерді басқару

- Тәуекелдерді басқару жүйесі
- Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық қадағалау бағдарламасы
- EIA тәуекелдерін бағалау стандарты

Мүдделі тараптар

- Мердігерлер бойынша стандарт
- Мердігерлердің есептілігі
- Көпшілік тыңдаулар

Стандарттар

- Үздік әлемдік практикаларға негізделген ЕҚОҚ стандарттарын әзірлеу және енгізу

Курс

- ЕҚОҚ саясаты
- Көлік саясаты
- Алкоголь саясаты
- Атмосферадағы шығарындыларды басқару саясаты

Стратегия

- Жұмыста қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Экологиялық жауапкершілік

Мақсаттар

- Нөл:
- оқыс оқиғалар;
 - төгілулер;
 - төгінділер;
 - күнделікті жағу.

Басшылық

- Басшылықтың қызығушылығы: басшылар форумы, SPE
- ЕҚОҚ бойынша комитеттердің үш деңгейлі жүйесі

жеткізу, тәуекелдерді басқару және тұрақты жетілдіру сияқты іргелі қағидаттарға негізделетін 10 негізгі элементті қамтиды.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (ӨҚ, ЕжҚОҚ) саласындағы басқару бойынша алдыңғы қатарлы және үздік тәжірибелерді ескере отырып, ӨҚ, ЕжҚОҚ басқару процестеріне барлық деңгейдегі басшылар мен қызметкерлерді тарту және бейілділік дәрежесін арттыру үшін Компанияда комитеттердің үш деңгейлі жүйесі енгізілген және жұмыс істейді:

- бірінші деңгей – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті (ҚЕҚОҚОДК);
- екінші деңгей – ҚМГ деңгейіндегі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ комитеті;
- үшінші деңгей – ЕТҰ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ комитеттері.

2019 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ деңгейінде еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті жұмыс істейді. 2020 жылы ҚМГ осы Комитеттің және Комитет жанындағы Сараптамалық топтың жұмысына белсенді қатысты. Комитет пен Сараптамалық топтың жұмысы шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ портфельді компаниялары тәжірибе алмасады және ӨҚ, ЕжҚОҚ қамтамасыз ету саласында, оның ішінде пандемияға қарсы іс-қимыл бөлігінде бірыңғай тәсілдемелерді әзірлейді. ҚМГ-нің ӨҚ, ЕжҚОҚ қамтамасыз ету және пандемияға қарсы іс-қимыл саласындағы көптеген тәсілдемелерін басқа портфельді компаниялар ең үздік практика ретінде қабылдады.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған орта мәселелері жөніндегі есептер ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарында, егжей-тегжейлі ақпараттық есептер – ҚМГ Директорлар кеңесінің ҚЕҚОҚОДК-де ай сайын қаралады. 2020 жылы ҚЕҚОҚОДК отырыстарында 5 отырыста мынадай негізгі тақырыптар егжей-тегжейлі талқыланды:

- ілеспе мұнай газын пайдалы қолдануды арттыру мәселелері туралы;
- экологиялық рейтинг қорытындылары туралы;
- биоәртүрлілікті сақтау мәселелері туралы;
- су ресурстарын басқару мәселелері туралы;
- климаттың өзгеру мәселелері туралы.

Тоқсан сайынғы негізде экологиялық тәуекелдерді, климаттың өзгеруіне және су ресурстарының тапшылығына байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы тәуекелдерге мониторинг жүргізіледі. ҚМГ қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді үнемі талдайды, мұнай-газ саласындағы жетекші халықаралық қауымдастықтардың (IOGP, IPIECA, CDP) ұқсас көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді, өндірістік объектілердің аудиттерін жүзеге асырады. Компания экологиялық аспектілерге және экологиялық тәуекелдерді бағалауға

ерекше назар аударады. Көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау жобалары әзірленеді, қоғамдық тыңдаулар өткізіледі және табиғатты қорғау іс-шаралары іске асырылады.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесін жетілдіру (ӨҚ, ЕжҚОҚ)

2020 жылы мынадай корпоративтік құжаттар әзірленді, актуалдандырылды және бекітілді:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы тәуекелдер бойынша коммуникациялар және хабардар болу жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесінің корпоративтік стандарты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарт;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы үшін «Қорғау» картасын қолдану регламенті;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Компаниялар тобында қоршаған ортаға болжанған қызметтің әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі корпоративтік стандарт;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Экология саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарына қатысты саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әкімшілік ғимараттарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жұмыс нұсқаулығы.

МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

308-1

Компания жұмыстарды жоғары деңгейде орындауға кепілдік беру үшін әлеуетті өнім берушілерді іріктеу өлшемшарттарын арттыруға және қызмет көрсетудің барлық циклінің толық айқындылығын арттыруға ұмтылады.

ҚМГ компаниялары тобындағы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарт Менеджмент жүйесінің құрылымдық элементі болып табылады және ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы ӨҚ, ЕжҚОҚ талаптарын сақтау жөніндегі келісімді және оларды бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын, техника мен жабдықтың, мердігер персоналының дайындығына алдын ала жұмылдыру

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

103-1, 103-2, 103-3, 403-2, 403-9

ҚМГ компаниялары тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне қатысты жоғары басшылықтың көшбасшылығына және бейілділігіне негізделген. Компанияның және оның ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен аварияларға, алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын және жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалға қатысты мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады. Компания ұлттық заңнамадан басқа халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарын сақтауға міндеттенеді.

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Компанияның маңызды басымдығы – әр қызметкердің өмірі мен денсаулығы. Біз жазатайым оқиғаларды нөлдік деңгейге дейін төмендетуге, яғни 100% қауіпсіздікке қол жеткізуге бағытталған мақсатымызбен үнемі жұмыс істейміз. Жыл сайын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштер жақсарып келеді. Қызметкерлер Компанияда қауіпсіз еңбек үшін барлық жағдайлар жасалатынын және өзін, әріптестерін және айналадағыларды қорғау үшін ең

аудитін, ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы қызмет нәтижелері бойынша мердігердің бағалауын қамтитын мердігерлік ұйымдармен шарттарға қойылатын талаптарды қамтиды. Бұдан басқа, Компания ҚМГ-нің ӨҚ, ЕжҚОҚ саласындағы талаптарын және бірлескен болашақ серіктестіктерін талқылау үшін әлеуетті өнім берушілермен форумдар, кездесулерді тұрақты өткізіп тұрады.

Стандарттың талаптары ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілеріндегі барлық ілеспе жұмыстар мен қызметтерді қоса алғанда, ТЖҚ жеткізу/орындау/көрсету кезінде барлық мердігерлік ұйымдар үшін міндетті. ҚМГ компаниялар тобы бойынша ұқсас стандартты әзірлеу және бекіту немесе ЕТҰ ішкі құжаттарын стандартқа сәйкес келтіру бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл ҚМГ-ге мердігерлер мен өнім берушілердің, мүдделі тараптардың, қоршаған ортаның қауіпсіздігін арттыруға және ӨҚ, ЕжҚОҚ көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

жоғары стандарттар енгізілетінін атап өтті. Әйтсе де, бізге ұмытылатын және жұмыс істейтін нәрселер бар. Компания Топ ішінде және Мердігерлер бойынша есеп жүргізеді, мердігерлер бойынша деректер жазатайым және өлім жағдайларының көрсеткіштеріне енгізілмеген.

2020 жылы еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ, бұл нәтижеге ҚМГ тарихында алғаш рет қол жеткізді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар өткен жылмен салыстырғанда 27%-ға төмендеді (2019 жылы 41-ден 2020 жылы 30-ға дейін), зардап шеккен қызметкерлердің саны 33%-ға азайды (2019 жылы 48-ден 2020 жылы 32-ге дейін).

Жол-көлік оқиғаларының саны 66%-ға қысқарды (2019 жылғы 44 оқиғадан 2020 жылы 15-ке дейін), ал өрттердің саны 40%-ға азайды (2019 жылғы 10 өрттен 2020 жылы 6-ға дейін).

ӨҚ ЖӘНЕ ЕҚ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	Ауытқу (2019–2020 жылдар арасындағы салыстыру)	%
Жазатайым оқиғалар	Оқиғалар	48	41	30	-11	-27
Жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер	Адам	50	48	32	-16	-33
Жол-көлік оқиғалары	Оқиғалар	67	44	15	-29	-66
Өрттер	Оқиғалар	12	10	6	-4	-40

ЖАЗАТАЙЫМ МЕН ӨЛІМ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ

Көрсеткіш*	2018	2019	2020	IOGP***
Сағатына 1 миллион адамға шаққанда жұмыс уақытын жоғалтуымен жазатайым оқиғаларының коэффициенті	0,32	0,31	0,25**	0,24
Сағатына 100 миллион адамға шаққандағы өлім оқиғаларының коэффициенті	0,65	1,28	0,0	0,46

* Компанияның мердігерлері бойынша деректер жазатайым және өлім жағдайларының коэффициенттерінің көрсеткіштеріне енгізілмеген.

** Компанияда орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу тиімділігін арттыру бойынша тұрақты процесс жүргізіледі. Топтың бірқатар компанияларын да жұмыс істеген адам-сағаттарды есепке алу әдістемесін жетілдіру нәтижесінде LTIR коэффициенті 2020 жылға нақтыланды және бұл оның жылдық есептегі ақпаратпен шамалы алшақтығын түсіндіреді. Келесі есепті кезеңде жұмыспен өтелген адам-сағаттарды есепке алудың жаңартылған әдістемесі пайдаланылатын болады, бұл орнықты даму саласындағы жылдық есеп пен есепте алшақтықты болдырмауға мүмкіндік береді.

***2019 жылға арналған IOGP қол жетімді көрсеткіштері (https://www.iogp.org/).

ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ

306-3


2020 жылы ҚМГ компанияда ірі апатты оқиғаларға (технологиялық аварияларды, оқыс оқиғаларды және апаттарды) жол бермеу және болдырмау үшін өндірістік процестердің қауіпсіздігін арттыру бойынша жұмысты бастады. Компанияда осы мақсатта Компания объектілеріндегі өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт бекітілді. Стандарт ҚР заңнамалық талаптарына және үздік әлемдік тәжірибелерге (IOGP, OSHA) сәйкес активтер мен технологиялық жабдықтардың тұтастығын, қауіпсіз операциялық қағидаларды, нормалар мен рәсімдерді сақтау, технологиялық тәуекелдерді анықтау және олардың алдын алу және жұмсарту бойынша тиісті шараларды қолдану үшін бірыңғай талаптар мен тиімді тәсілдемелерді белгілейді.

Біз мұнайдың төгілуіне бақылау және мониторингті жыл сайын жүргіземіз. 2020 жылы «Барлау және өндіру» бағыты бойынша мұнайдың төгілу көлемі өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда 55%-ке азайып, 288 тоннаны құрады. Өткен жылғы көрсеткіш 646 тоннаны құрады. Бұл нәтижелер тозған құбырларды ауыстыруға және тежеу арқылы құбырларды тоттанудан қорғауға бағытталған «Барлау және өндіру» бизнес – бағытындағы компанияның ЕТҰ-дағы кәсіпшілік құбырлардың сенімділігін арттыру жөніндегі

бағдарламаларды жалғастыратын іске асырудың салдары болып табылады.


Олардың тұтастығы мен сенімділігін арттыруға бағытталған құбырларды диагностикалау, қайта жаңарту, ауыстыру, тежеу және тазарту жөніндегі іс-шараларды уақтылы және сапалы орындау жолымен кәсіпшілік мұнай құбырларының істен шығуы мен үзілуі санын азайту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

МҰНАЙДЫҢ ТӨГІЛУ КӨЛЕМІ (UPSTREAM) (ТОННА)



Компанияда мұнайдың төгілуінің негізгі себебі коррозиялық процестердің әсерінен кәсіпшілік мұнай құбырларының жарылуы болып табылады. Компания олардың тұтастығы мен сенімділігін арттыруға бағытталған құбырларды диагностикалау, қайта жаңарту, ауыстыру, тежеу және тазарту жөніндегі іс-шараларды уақтылы және сапалы орындау жолымен кәсіпшілік мұнай құбырларының істен шығуы мен үзілуі санын азайту бойынша жұмысты жалғастыруда.

РҰҚСАТ ЕТІЛМЕГЕН КЕСУ



«ҚазТрансОйл» АҚ құқық қорғау органдарымен өзара тығыз іс-қимыл жасай отырып, Компанияның құбырларына қылмыстық заңсыз ойықпен жағдайын өзгертті. Соңғы бірнеше жылда рұқсат етілмеген ойықтар санының азаюына қол жеткізілді: 2016 жылы – 3 рұқсат етілмеген қосылу, 2017 жылы – 6 заңсыз ойық, 2018 жылы – 1 ойық, 2019 жылы – 2 ойық, 2020 жылы – 0 ойық.

Бұл көрсеткіштерге негізінен келесі іс-шараларды орындау арқасында қол жеткізді:

- GPS жүйелері бойынша ұтқыр топтар жұмысының мониторингіне және ұтқыр топтардың мұнай құбырларын аралау мен қарап-тексеруді уақтылы жүзеге асыруына бақылауды күшейту;
- «Optosense» мониторинг жүйесі арқылы мұнай құбырларын қорғау.

Мұнайдың авариялық төгілуін жоюға (МАТЖ) ұдайы әзірлік біз үшін сөзсіз басымдық болып табылады.

КӨЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Көлік қауіпсіздігінің деңгейін арттыру, қауіпсіз жүргізу мәдениетін және бірыңғай орталықтандырылған цифрлық платформаны құру мақсатында «Сапарларды басқару» жобасына бастамашылық етілді, жоба «Ембімұнайгаз» АҚ-та пилоттық түрде іске қосылды.

Жобаның мақсаты – үздік халықаралық тәжірибе, сондай-ақ заманауи цифрлық шешімдер және процестерді автоматтандыру негізінде қауіпсіз жүргізу мәдениетін құру арқылы көлік қауіпсіздігін арттыру. Жоба барлық жер үстіндегі көлік операцияларына қатысты жол жүру қауіпсіздігін басқаруға қойылатын талаптарды

біріздендіруге, негізгі метрикаларды орталықтандырылған бақылауды енгізуге және талдамалық есептер мен корпоративтік көрсеткіштерді енгізу арқылы автокөлікті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

«Сапарларды басқару» жобасы бойынша келесі қадамдар:

- 2021 жылдың соңына дейін «Ембімұнайгаз» АҚ жалға алынатын автокөлік құралдарының бірыңғай мониторинг жүйесіне қосу;
- 2022 жылы басқа ЕТҰ-ларда жобалық шешімнің таралымын көбейту.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өрттердің пайда болу тәуекелін төмендету және қызметкерлердің денсаулығы мен мүлкіне зиян келтіру мақсатында ЕТҰ-да өртке қарсы, жылыту жүйелеріне, электрмен жабдықтау жүйелеріне, өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарына және өндірістік процестердің ерекшеліктерін ескере отырып, ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес технологиялық жабдықты пайдалану кезінде нормалар мен қағидаларды сақтау және орындау тексерілді.

Сондай-ақ мердігерлік ұйымдарға ұсынымдар бере отырып, тексерулер жүргізілді. Өрт қауіпсіздігі бойынша құжаттар пакеті (кестелер, жоспарлар, тексеру актісі, өрт сөндірудің жедел жоспары, нұсқаулықтар және т. б.) әзірленді. Кестелерге сәйкес учаскелерде көшпелі өрт техникасымен және жұмыскерлерді тарта отырып, өрт-тактикалық сабақтар (ӨТС) жүргізіледі.

Бірқатар профилактикалық техникалық іс-шаралар өткізілді:

- пайдалану құжаттамасында және үлгілік технологиялық процестерде айқындалған, олардың техникалық жай-күйінің алдын алу және бақылау және оларға тән ақаулықтарды жою бойынша мерзімді жұмыстар жүргізу жолымен оларды пайдалану процесінде құрылғылардың жұмысқа қабілетті жай-күйін ұстап тұру мақсатында күзет-өрт сигнализациясының, өрт сөндірудің автоматты қондырғыларының жабдықтарына және адамдарды өрт туралы хабардар ету жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- өрт-техникалық тексеру;
- алғашқы өрт сөндіру және сумен жабдықтау құралдарын тексеру және т. б.

ӨҚ, ЕЖҚОҚ БАҒЫТЫН ЦИФРЛАНДЫРУ

1. Көлік қауіпсіздігінің деңгейін арттыру, қауіпсіз жүргізу мәдениетін және бірыңғай орталықтандырылған цифрлық платформаны құру мақсатында **«Сапарларды басқару» жобасына** бастамашылық етілді.
2. Қоршаған ортаны қорғау саласында **«Экологиялық мониторинг әдіснамасын әзірлеу» жобасы** басталды. Жобаның мақсаты «ҚазМұнайГаз» Компаниялар тобы бойынша табиғат қорғау қызметін есепке алу, талдау, бақылау және басқару бойынша процестерді орындау кезінде ашықтықты, жеделдікті арттыру, қателерді мейлінше азайту болып табылады. Өндіруші ұйымдағы пилоттық жоба мысалында Ақпараттық жүйенің сынама нұсқасы ұсынылды. 2021 жылы жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізе отырып, ҚМГ компаниялар тобында экологиялық мониторингтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толық ауқымды енгізу жоспарланып отыр.
3. **«HSE KMG» ӨҚ, ЕЖҚОҚ бойынша ақпараттық жүйесін жаңғырту.** «HSE KMG» өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпараттық жүйесі келесі модульдерден тұрады:
 - «Есептілік» – HSE қызметінің бағыты бойынша есептілік нысандарын қалыптастыруға арналған.
 - «Бақылаулар» – жұмыс және жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлық бақылауларына арналған.
 - «Іс-шаралар» – ішкі тексерулерді жоспарлауға, сондай-ақ іс-шаралардың орындалуын бақылауға арналған.
 - «Қорғау» – қауіпті жағдай/мінез-құлық/іс-қимыл/қауіпті жағдай/фактор туралы анықтау және ақпараттандыру, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесін жетілдіруге арналған.
 - «ӨҚ, ЕЖҚОҚ жағдайын талдау» – ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің сауалнамасын жүргізуге және өтініштерін жинауға арналған.
 - «Есепке алу және тергеп-тексеру» – оқиғаның барлық түрлерін есепке алуға, сондай-ақ оқиғалар бойынша тергеп-тексеру жүргізуге арналған.
 - «Ішкі бақылау және мониторинг» – комиссиялық аудит жүргізуге, бұзушылықтарды анықтауға арналған.
 - «Талдама жасау» – ӨҚ, ЕЖҚОҚ саласында талдау жүргізуге, сондай-ақ шоғырландырылған деректерді автоматты режимде визуализациялауға арналған.2021 жылы – ҚМГ компанияларының бүкіл тобы бойынша «HSE KMG» жүйесін енгізу жоспарлануда.

ӨНДІРІС МӘДЕНИЕТІН ЖАҚСARTY ЖӘНЕ ӨҚ, ЕЖҚОҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН НАСИХАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР

Есепті кезеңде осы жұмыстар шегінде келесі жұмыстар жүргізілді:

1. Ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу кезінде болған оқиғаларға талдау жүргізілді және ұңғымаларды жөндеу кезінде түсіру-көтеру операциялары кезінде өндірістік процестердің қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.
2. ЕТҰ және КО бойынша ӨҚ, ЕЖҚОҚ саласындағы, өндірістік жарақаттанудың, авариялардың, КВИ-дің алдын алу жөніндегі брошюраларды, жадынамаларды апта сайын тарату, тұрақты өзара іс-қимыл жасау және ЕТҰ мамандарына консультация беру.
3. Мынадай тақырыптарға бейнероликтер әзірленіп, таратылды:
 - ұңғымаларды күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде түсіру-көтеру операцияларын жүргізумен байланысты оқиғалар мысалында алынған сабақтар;
 - жол-көлік оқиғалары мысалында алынған сабақтар;

- ҚМГ-дегі төтенше және дағдарысты жағдайларды басқару жүйелері және оқиғалардың барлық түрлеріне (технологиялық авариялар, өрттер, кибер-шабуылдар, жеткізілімдегі іркілістер, қаржылық дағдарыстар) ден қою;
 - жұмыс орнындағы өндірістік гимнастика.
4. ЕТҰ-ның ӨҚ, ЕЖҚОҚ талаптарына сәйкестігіне, оның ішінде КВИ 2-ші толқынына дайындық бойынша аудиттер жүргізілді және жақсарту бойынша тиісті ұсынымдар берілді.
 5. ҚМГ компаниялар тобының мердігер ұйымдарында ӨҚ, ЕЖҚОҚ саласындағы тәуекелдерді бағалауды, талдауды және төмендетуді жүргізу мақсатында тоқсан сайынғы негізде ҚМГ Директорлар кеңесіне мердігерлік ұйымдар жол берген бұзушылықтарға, оның ішінде олар ұсынған ӨҚ, ЕЖҚОҚ саласындағы айыппұл санкцияларына қатысты есеп қалыптастырылады.
 6. ҚМГ ДК жедел хабардар ету бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырысында берілген тапсырманы орындау үшін ЕЖҚОҚ саласындағы өрттер мен елеулі оқыс оқиғалар туралы жедел хабарлама жіберіледі.
 7. Тексеру аяқталғаннан кейін тікелей және түпкілікті себептерін, материалдық залалдың мөлшерін көрсете отырып, тергеп-тексеру актісін, оқыс оқиғаға жол берген қызметкерлерге

тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың, сондай-ақ тергеп-тексеру қорытындылары бойынша енгізілген өзгерістерді және осындай

оқиғалардың қайталануына жол бермеуді қоса алғанда, тиісті материалдар ҚМГ ДК-ге жіберіледі.


ӨНДІРІСТІК САНИТАРИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ГИГИЕНАСЫ

103-1, 103-2, 103-3, 403-1, 403-3, 403-4, 403-5, 403-6, 403-7

ҚР заңнамасының және қызметкерлердің денсаулығын қорғау, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес Компанияда денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасын басқару жүйесі енгізілді. Компания өндірістік процеске қарамастан өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және оларды сауықтыру бойынша белсенді саясат жүргізеді.

2020 жылы жарақаттанумен байланысты емес 8 өлім жағдайы тіркелді, оның 3-і мердігерлік ұйымдар бойынша (COVID-19 және пневмониядан қайтыс болған жағдайларды қоспағанда). Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 38%-ға азайған.

КЕСТЕГЕ АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕР: ЖАРАҚАТТАНУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ӨЛІМ-ЖІТІМ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫ



Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы басқару жүйесінде медициналық пункттерді қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару, шұғыл медициналық ден қоюды ұйымдастыру бойынша сәйкестікті бағалау құралдары көзделген.

Компания жүйесінің негізгі мақсаттары:

- қызметкерлердің денсаулығын сақтау және жақсарту үшін өндірістік процесті ұйымдастыру бойынша бірыңғай талаптарды белгілеу;
- еңбек гигиенасы мен эргономиканы, жұмыс орындарындағы өндірістік санитарияны жетілдіру арқылы қатерлерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) анықтау және азайту;
- қызметкерлердің денсаулығы үшін тәуекелдерді бағалауға және оларды азайтуға негізделген бақылаудың алдын алу шараларын қолдану;
- жұмыс және жұмыстан тыс уақытта қызметкерлердің салауатты өмір салтына жәрдемдесу және көтермелеу.

Компания жүйесінің жай-күйін бағалау және оны жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу жылына 2 рет (әр жарты жыл сайын) жүргізіледі.

Компанияда еңбек жағдайларын жақсарту және өндірістік объектілерде кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар кешені тұрақты негізде іске асырылады.

ҚМГ-нің жүрек-қан тамырлары ауруларымен байланысты қызметкерлер арасында өлімнің алдын алуға және төмендетуге бағытталған «Инфаркт пен инсульттің алдын алу» науқаны жалғасуда. «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасының және Компанияда шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру бойынша стандарттың іске асырылуына бақылау және мониторинг жүргізіледі, ол зардап шеккен қызметкерлерге шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыруға, медициналық пункттерді жарақтандыруға және шұғыл медициналық ден қою жоспарының мазмұнына бірыңғай талаптарды белгілейді.

2020 жылы ҚМГ корпоративтік орталығының 55 қызметкері зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқытылды.

Компания қызметкерлерін медициналық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру мақсатында (медициналық қызмет көрсету және медициналық сақтандыру) компаниядағы қызметкерлердің денсаулығын басқару тұжырымдамасының жобасы және оны кезең-кезеңмен іске асыру бойынша 2021–2023 жылдарға арналған жол картасы әзірленді.

Бірқатар іс-шаралар іске асырылды:

- жұмыс тобы құрылды;
- «Бірінші көмек көрсету алгоритмі» брошюрасы әзірленді;
- жұмыс орнында өндірістік гимнастика бойынша бейне ролик шығарылды;
- ЕТҰ-мен коронавирустық инфекцияның алдын алу және эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына жауап қайтаруға дайындықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша тұрақты байланыс және консультация беру жүргізілді;
- «Медикер» ЖШС-мен бірлесіп ҚМГ КО қызметкерлері үшін коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары бойынша таныстырылымдар өткізу;
- ЕТҰ және КО бойынша КВИ профилактикасы жөніндегі брошюраларды, жадынамалар мен бейнероликтерді апта сайын тарату,

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ГИГИЕНАСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Компания атауы	ЭЛЕМЕНТТЕР							Орташа мән
	Саясат және стратегиялық мақсаттар	Ұйымдастыру, міндеттері және ресурстар	Мердігерлер мен жеткізушілерді басқару	Тәуекелді басқару	Жоспарлау және рәсімдер	Іске асыру және мониторинг	Басқару жүйесіне шолу	
Өңдеу								
АМӨЗ	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0
ПМХЗ	4.0	4.0	3.0	4.0	4.0	3.0	4.0	3.7
ПҚОП	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0
ҚазГӨЗ	4.0	3.0	3.0	3.0	3.0	4.0	3.0	3.2
Caspi Bitum	4.0	4.0	4.0	3.0	3.0	4.0	2.0	3.4
Өндіру								3.6
ҚГМ	4.0	4.0	3.0	4.0	4.0	4.0	4.0	3.8
ҚБМ	3.0	3.0	3.0	4.0	4.0	4.0	2.0	3.2
ӨМГ	4.0	4.0	3.0	3.0	4.0	3.0	2.0	3.2
ЕМГ	4.0	4.0	3.0	4.0	4.0	4.0	4.0	3.8
ММГ	4.0	4.0	4.0	3.0	4.0	4.0	4.0	3.8
ҚОА	4.0	3.0	3.0	4.0	4.0	4.0	2.0	3.4
ҚТМ	4.0	4.0	3.0	3.0	4.0	3.0	2.0	3.2
Орал Ойл энд Газ	4.0	3.0	3.0	2.0	2.0	2.0	3.0	2.7
Өріктау Оперейтинг	4.0	3.0	4.0	3.0	4.0	3.0	2.0	3.2
Тасымалдау								3.3
ҚТО	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	3.0	3.8
ИОА	4.0	4.0	4.0	4.0	3.0	4.0	4.0	3.8
ҚТГ Өнімдері	4.0	3.0	3.0	3.0	3.0	2.0	2.0	2.8
ҚТГ Аймақ	4.0	3.0	3.0	n/a	3.0	3.0	3.0	2.7
Азия Газ құбыры	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0	4.0
Бейнеу – Шымкент газ.	4.0	3.0	3.0	3.0	n/a	3.0	2.0	2.5
Амангелді Газ	3.0	4.0	2.0	3.0	3.0	3.0	2.0	3.0
Қазақтеңізкөлікфлоты	4.0	3.0	3.0	3.0	3.0	3.0	3.0	3.1
Сервис								3.2
ҚМГ Секьюрити	4.0	4.0	4.0	3.0	3.0	4.0	4.0	3.7
ОКК	3.0	3.0	2.0	3.0	3.0	2.0	2.0	2.5
ОСК	2.0	3.0	3.0	4.0	4.0	3.0	2.0	3.2
ОТК	4.0	3.0	3.0	3.0	3.0	2.0	2.0	2.8
ТКЖҰҚБ	4.0	3.0	2.0	2.0	4.0	4.0	4.0	3.2
СӨТБ	3.0	4.0	3.0	3.0	3.0	3.0	3.0	3.2
Кен-Құрылыс-Сервис	4.0	3.0	2.0	2.0	2.0	2.0	2.0	2.4
ӨзенМұнайСервис	4.0	3.0	4.0	2.0	3.0	2.0	2.0	2.8
Теңіз Сервис	4.0	3.0	3.0	4.0	3.0	4.0	3.0	3.4
								3.0
ҚМГ бойынша орташа мәні	4.0	3.4	3.1	3.1	3.3	3.2	2.8	3.3

– Процесс көзделмеген немесе әзірлеуде

– Процесс жұмыс істейді, бірақ толық іске асырылмаған және енгізілген жоқ

– Процесс жұмыс істейді және жүзеге асырылады. Жүйесі жұмыс істейді. Жүйелік процедуралар құжатталған және нәтижелер өлшенедіжұмыс істейді.

– Процесс жұмыс істейді және жүзеге асырылады. Жүйе үздіксіз жетілдіру процесінің арқасында жұмыс істейді және сақталады

- тұрақты өзара іс-қимыл жасау және ЕТҰ мандарына консультация беру;
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетімен өзара әрекеттесу;
 - ҚМГ КО қызметкерлері үшін ПТР-тестілеуді ұйымдастыру және үйлестіру;
 - КВИ 2-ші толқынына дайындық бойынша ЕТҰ аудиті жүргізілді (ММГ, ҚТО (ММБ), сервистік компаниялар – ОСК, ТББ, ОКК) және ұсынымдар берілді.

Өндірістік санитария бойынша басқару жүйесін талдау нәтижелері.

Өндірістік санитария саласындағы қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін талдау болжамды бағалау болып табылады, өйткені ол бағалау парақтарын (чек-парақтарды) пайдалана отырып, 7 элементтен тұратын денсаулық сақтауды басқарудың меншікті жүйелерін іске асыру деңгейі туралы ЕТҰ-дың (GAP-Analysis) өз қызметін өзі бағалау қамтиды.

ЕТҰ денсаулық сақтауды басқару жүйесінің даму деңгейін растау аудит жүргізу, растайтын құжаттарды сұрату арқылы жүзеге асырылады.

ҚМГ компаниялар тобының 2020 жылғы 2-жартыжылдықтағы шоғырландырылған нәтижелері кестеде көрсетілген және бизнес бағыттар бойынша және әрбір ЕТҰ бойынша жеке көрсетілген. Бұл жекелеген ЕТҰ-ға өз нәтижелерін денсаулық сақтауды басқару жүйелеріндегі ықтимал олқылықтарды анықтау және жақсарту мақсаттарын қою үшін ғана емес, сонымен қатар олардың басқа ЕТҰ-ға қатысты қандай даму деңгейінде екенін көруге мүмкіндік береді.



COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНА ДЕН ҚОЮ – ӨНДІРІСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

ҚМГ компаниялар тобының 2020 жылғы негізгі жетістігі – КВИ пандемиясы кезінде өндірістік процестерді тоқтатуға жол берілмеді.

Пандемия басталысымен аурушаңдықты төмендету, КВИ таралуын болдырмау және мейлінше азайту, сондай-ақ өндірістік процестерге теріс әсер ету мақсатында қысқа мерзімде жаңа жағдайда жұмысқа бейімделу жүргізілді және бірқатар кешенді шаралар алдын ала қабылданды.



Күшейтудің үш кезеңін көздейтін әдіс-темелік және директивалық құжаттар, Іс-шаралар жоспары мен іс-қимыл алгоритмдері әзірленіп, енгізілді:

1-кезеңде – карантиндік іс-шаралар орындалды;

2-кезеңде – карантиндік шаралар мен режимдердің талаптары сақтау жалғастырылуда;

3-кезеңде – ауру ошақтары пайда болған кезде ауруды болдырмау жөніндегі іс-шараларды күшейту.

Қабылданған жоспарлар мен алгоритмдерге сәйкес КВИ-ға жаппай тестілеу жүргізілді, сыни емес жұмыс түрлері тоқтатылды, іссапарлар шектелді, бұқаралық іс-шараларға тыйым салынды, басқару жүйесін қашықтықтан форматқа ауыстыру жүзеге асырылды, ауысымдық пер-

соналдың вахталарының ұзақтығы ұлғайтылды (7-ден 14 күнге дейін және 14-тен 28 күнге дейін), өндірістер мен жобалардан сыни емес персонал жұмыстан шығарылды, ал кен орындарындағы қызметкерлердің саны өндірістік операциялардың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ең аз санына дейін азайтылды.

Жұмыс процесіне қатыспайтын және қалған персоналмен байланыспайтын резервтік бригадалар құрылды. Резервтік персонал негізгі персонал арасында жұқтыру және оны карантинге ауыстыру жағдайлары анықталған кезде жұмысқа тартылады.

Вахталық кенттерде және басқа да арнайы бөлінген орындарда қызметкерлерді карантинге, ал КВИ симптомсыз тасымалдағыштарды өзін-өзі оқшаулау режиміне орналастыру.

Бұл ретте ҚМГ дағдарыс жағдайларында басқару жөніндегі команданың (бұдан әрі – ДЖБК) және ЕТҰ жедел штабтарының (бұдан әрі – ЖШ) жұмысы тиімді ұйымдастырылды, бұл пандемияның ҚМГ ЕТҰ-ның барлық бизнес-бағыттар бойынша өндірістік қызметіне әсерін болдырмады.

ДЖБК және ЖШ эпидемиологиялық ахуалдың тәулік бойы мониторингін жүзеге асыруды жалғастыруда және ағымдағы жағдайды тұрақты бақылауда ұстайды, қажет болған жағдайда жедел шешімдер қабылдайды және тиісті іс-шараларды өткізуде ұсынымдар береді.

Экономикалық аспектілердің ықтимал асқынуын ескере отырып, пандемияның екінші толқынына дайындық бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді, оның ішінде қажетті іс-шаралар жоспарлары әзірленді және енгізілді.

ҚМГ Компаниялар тобының барлық объектілерінде күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим бойынша профилактикалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешені жүргізілді және қалыптасқан жағдайға байланысты эпидемияға қарсы шаралар алгоритмі іске қосылды.

КВИ алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды сақтау мақсатында тұрақты негізде қызметкерлер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүзеге асырылды, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық және дезинфекциялық жұмыстар жүргізілді.

Аурулардың алдын алу және КВИ таралуының алдын алу үшін мынадай іс-шараларды іске асыру жалғастырылды:

- КВИ таралу қаупін азайту бойынша бұрын енгізілген алгоритмдерді (бірінші толқынның тәжірибесін ескере отырып түзетілген) сақтау және эпидемияға қарсы режимді, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық іс-шараларды және өзге де белгіленген санитариялық талаптарды сақтау;
- сыни бизнес-процестердің оларды қалпына келтіру нұсқаларымен, сондай-ақ маңызды персоналдың, өнім берушілердің, материалдар мен жабдықтардың тізбесі айқындалды;

- қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және сыни бизнес-процестерді авариялық қалпына келтіру жоспарлары әзірленді;
- бастапқы медициналық-санитариялық көмек қызметтерінің дайындығы қамтамасыз етілді, сондай-ақ қажет болған жағдайда зертханалық тексеруді ұлғайту және КВИ-ден вакцинациялауды ұйымдастыру мәселелері пысықталды;
- ЖҚҚ (медициналық маскалар, респираторлар, қолғаптар), мөлшерлегіштер, антисептиктер және дезинфекциялау ерітінділері, сондай-ақ қызметкерлердің өмірін сақтау және денсаулығын қолдау үшін ең аз қажетті тіршілікті қамтамасыз ету мүлкінің резервтері қалыптастырылды;
- вахталық жұмыстың ұлғайтылған режимі сақталды, сондай-ақ қызметкерлер арасында өзін-өзі бақылау және санитариялық нормаларды, сондай-ақ сақтық шараларын (эпидемиологиялық сақтықты) және әлеуметтік қашықтықты сақтау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы күшейтілді;
- эпидемиологиялық жағдай нашарлаған кезде ТЖҚ-ны үздіксіз жеткізу және жедел сатып алу пысықталды;
- КВИ таралуы бойынша жағдайға тұрақты мониторинг жүзеге асырылды және профилактикалық және карантиндік шараларды іске асыру, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай нашарлаған кезде бірлесіп әрекет ету бойынша мемлекеттік және мердігерлік медициналық қызметтердің өзара іс-қимылы ұйымдастырылды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

102-11, 103-1, 103-2, 103-3

ҚМГ компаниялар тобының өндірістік қызметі қоршаған ортаға әсерді мейлінше азайтуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және биоәртүрлілікті сақтауға бағытталған. 2020 жылы экологиялық іс-шараларды іске асыру қоршаған ортаға негізгі әсерлер бойынша көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік берді. Соңғы жылдардағы іс-шаралардың бір бөлігі ілеспе мұнай газын тиімді пайдалануды одан әрі арттыруға бағытталды, нәтижесінде бұл көрсеткіш жақсартылып, 98%-ды құрады. Біз сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобы бойынша атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын қысқарта алдық. Қалдықтарды, оның ішінде тарихи қалдықтарды кәдеге жарату және ластанған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар орындалуда. Бағдарламаның өткізілетін және жоспарланған іс-шараларының арқасында жер үсті табиғи көздерінен су тұтыну азайтылатын және сарқынды сулардың сапалық құрамы жақсартылатын болады. Маңғыстау облысында тұщыту зауыты салынып жатыр.


ҚМГ-ДЕ ЖАСЫЛ ОФИСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

«Жасыл офис» қағидаттары барлық ресурстарды үнемді тұтынудан және қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуден тұрады. ҚМГ «Жасыл офис» талаптарын енгізу бойынша жұмыс жүргізуде, олар жұмыс жағдайын, жайлылықты үнемі жақсарту, еңбек өнімділігін, дизайн мен сәулетті, көгалдандыруды, демалыс үшін мүмкіндіктерді арттыру іс-шараларын қамтиды.

Бүгінгі таңда мынадай іс-шаралар енгізілді:

- қағаз, пластик, шыны және металл қалдықтарын бөлек жинауға арналған кабинеттерде, дәліздерде, фойеде, паркінгте экоқоқыс жәшіктерін орнату;
- лифтілерде, «Зүбәржат орамы» БО фойесінде орнатылған дисплейлерде әр айдың қорытындысы бойынша қалдықтарды бөлек жинау жөніндегі бейнероликті жарықтандыру;
- жұмыс күнінің соңында жұмысшылар мониторларында компьютерлер мен техниканы





Планетаның ресурстары макулатураға тапсырудан сақталды

			
Ағаштарды кесуден сақтады	Суды үнемдеді, л.	Электр қуатын үнемдеді, кВт.	CO ₂ шығарындыларын азайтты, кг.
8	16 870	844	1 434

ажырату қажеттілігі туралы қалқымалы терезе;

- ағаштарды сақтау қажеттілігі туралы ұрандары бар жапсырма, басып шығару көлемін азайту, екіжақты және ақ-қара басып шығаруды пайдалану, құпия ақпараты жоқ жобалардың «айналымдарында» бейресми құжаттарды басып шығару;
- қызметкерлердің ағзасын дербес компьютерлердің зиянды әсерінен қорғау мақсатында ДК-ден 5 минутқа шығып кету және сағат 11:00 және 16:30-да зарядтау қажеттілігі туралы қалқымалы терезе түріндегі опция орнатылған;
- 10:00 және 15:00-де қызметкерлердің мониторларында «Маска киіңіз. Әлеуметтік қашықтықты сақтаңыз. Қолыңызды жиі жуып, зарарсыздандырыңыз» ескерту – қалқымалы терезесі;
- ҚМГ қызметкерлері үшін «Экология» тақырыбында 2021 жылғы күнтізбе жобасы әзірленді;

- хабардарлықты және ақпараттылықты арттыру бойынша науқан жүргізіледі, «Жасыл офис» тұжырымдамасы бойынша плакаттарды, брошюраларды, бейне және таныстырылымдарды ішкі тарату жүргізіледі;
- жаңадан қабылданған қызметкерлерді бейімдеу жөніндегі «Кіріспе нұсқаулық» бағдарламасына офисте қалдықтарды бөлек жинауға арналған экоқоқыс жәшіктер жөніндегі слайдтар және т. б. қосылды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ ЖОБАЛАР

- Тарихи ластануларды, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсер ету көздерін (жұмыс істемейтін ұңғымаларды, сарқынды су жинағыштарды, полигондар және өзге де өндірістік объектілерді) жою.
- Технологиялық шешімдерді жетілдіру жолымен қоршаған ортаға шығарындыларды төмендету, мысалы, отын мазутын (технологиялық пештерде отын ретінде) отынға/табиғи газға ауыстыру, жаңа буын қоспаларын пайдалану, өндірістік объектілердің аумағын көгалдандыру және абаттандыру, жабдықтарды ауыстыру, газды қайта өңдеу бойынша өндірістік қуаттарды кеңейту, газды қайта өңдеу бойынша қондырғыларды салу және т. б.
- Ластаушы заттардың төгінділерін қысқарту – «Тазалық» жобасы: «АМӨЗ» ЖШС ағынды сулардың тазарту құрылыстарын жаңғырту және «Сасыған сай» булану алаңдарын қалпына келтіру, тұщыту зауыттарын салу.
- «Жасыл офис» қағидаттарын енгізу және экологиялық мәдениет пен хабардарлықты арттыру.



КӨЗДЕЛІП ОТЫРҒАН ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Сақтық қағидатына (БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау және дамыту жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясының 15 -қағидаты, 1992 ж.), сондай-ақ ұлттық және халықаралық заңнаманың талаптарына сәйкес Компания ниет туралы мәлімдемеден бастап құрылыс және пайдалану жобаларына дейін жобаның өмірлік циклінің барлық сатыларында көзделіп отырған шаруашылық қызметке экологиялық бағалау жүргізеді. Біз заңнамалық талаптарды толық сақтаймыз, жергілікті қоғам өкілдерімен үнемі байланыс жасаймыз және жобаларды жоспарлау және іске асыру кезінде олардың пікірлерін ескереміз. Жобалаудың әрбір кезеңінде мүдделі тараптар өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі, онда барлық мүдделі тараптардың ҚОӘБ жобаларына қолжетімділігі қамтамасыз етіледі, ескертулер мен ұсыныстарды тіркеу жүргізіледі. ҚМГ компаниялар тобының ҚОӘБ-ның барлық жобалары мемлекеттік экологиялық сараптама объектісі болып табылады және жобаның барлық өмірлік циклі ішінде Компанияның ресми сайтында, жергілікті билік органдарының веб-сайттарында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді. 2020 жылы жергілікті қоғамдастықпен және қоғамдық ұйымдармен 14 кездесу және 29 қоғамдық тыңдау өткізілді, кейбір өндірістік объектілерге баспасөз турлары өткізілді. COVID-19, пандемиясына қатысты төтенше жағдайға байланысты енгізілген шектеулерге байланысты офлайн қоғамдық тыңдаулар саны азайды.

2020 жылы Басқарма шешімімен **қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша корпоративтік стандарт** мақұлданды. Стандарт болжанып отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау процесінің корпоративтік қағидаттарын айқындайды, ҚМГ компаниялары тобының, ҚМГ компаниялары тобы қызметкерлері мен мердігерлерінің, оның ішінде қызметі техникалық құжаттаманы және қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарын әзірлеумен, қоршаған ортаға әсерін бағалау материалдары бойынша қоғамдық пікірді есепке алуды ұйымдастырумен және жүргізумен, сондай-ақ эмиссияларға рұқсат алумен байланысты жобалау ұйымдарының қызметін регламенттейді. Стандартты ҚМГ Директорлар кеңесінің бекітуі және оны одан әрі ҚМГ ЕТУ-ға енгізу 2021 жылы болжанып отыр.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР МЕН ШЫҒЫНДАР

Экологиялық тәуекелдерді тиімді басқару үшін Компания табиғатты қорғау қызметін басқару тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады және қоршаған ортаны қорғауға қажетті ресурстарды бөледі.

Экологиялық шығындар нормативтік эмиссиялар үшін салық төлеуді, табиғат қорғау іс-шараларына арналған шығындарды, сақтандыруды, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өтемақы іс-шараларын, қоршаған ортаға әсердің алдын алуға арналған инвестицияларды және т. б. қамтиды. Біз тарихи қалдықтарды өңдеуге және ластанған жерлерді қалпына келтіруге арналған бюджетті ұлғайттық. 2015 жылғы кезеңнен бастап



қалдықтарды қайта өңдеуге инвестициялар 3 есе ұлғайды және қоршаған ортаны қорғауға арналған барлық шығыстардың үштен бірінен астамын құрайды. Сонымен қатар атмосфералық ауаға шығарындыларды қысқартуға байланысты эмиссия үшін төлемдердің төмендегені байқалып отыр. 2020 жылы қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар 43,1 млрд теңгені құрады, ол 2019 жылға қарағанда 24 млрд артық. Шығындардың негізгі бөлігі мұнай қалдықтарын өңдеуге және ең таза технологияларды енгізуге жұмсалды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР МЕН ШЫҒЫНДАРДЫҢ ДИНАМИКАСЫ, (МЛРД ТЕҢГЕ)



ЖҰМЫС АЛАҢДАРЫН ЖАБУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша, заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ҚМГ негізгі құралдарды бөлшектеу және жою және кенорындарының әрқайсысында жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заң міндеттемелеріне жауапты болады. Атап айтқанда, ҚМГ міндеттемелеріне барлық өнімді емес ұңғымаларды біртіндеп жабуға және құбыр арналарын, ғимараттарды бөлшектеу және келісімшарт аумағын қалпына келтіру, сондай-ақ пайдаланудан шыққан қорытынды және өндірістік учаскеде қоршаған ортаның ластануы бойынша міндеттемелер сияқты түпкілікті жабу бойынша қызметке жатады.

Компания активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептейді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұнай-газ активтерін жою бойынша міндеттемелер 66 млрд теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 54 млрд теңге).

Магистральдық мұнай құбырлары және газ құбырлары

ҚМГ, «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес ұйымдары және «ҚазТрансГаз» АҚ еншілес ұйымы болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ пайдалану аяқталғаннан кейін магистральдық құбырды жою және қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды кейіннен жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Құбырларды жою және жерді қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резерв ҚМГ есептеген демонтаждау және рекультивациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құны негізінде бағаланады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ компаниялар тобы резервінің баланстық құны Компанияның құбыр-жолдарын жою және жерлерді қалпына келтіру бойынша міндеттемесі бойынша 114 млрд теңгені (2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 100 млрд теңге) құрады.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

103-1, 103-2, 103-3

Қоршаған ортаны қорғау және өндіріс тиімділігін арттыру саласындағы бір міндет ретінде біз энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жалғастыру екенін көріп отырмыз. Корпоративтік орталық энергия тұтыну және энергия тиімділігі көрсеткіштері бойынша деректерді жинайды және талдайды, прогресті бақылайды және жақсарту мүмкіндіктерін сәйкестендіреді, өткен кезеңмен және саланың ұқсас компанияларының (IOGP) көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі «Энергетикалық менеджмент жүйесі» ISO 50001 халықаралық стандартының әдіснамасына негізделеді, ол осы қызметте жүйелі басқару бойынша ең үздік жалпы танылған халықаралық тәжірибе болып табылады.

Практикадан мысал

EII энергия сыйымдылығы индексін бағалауды қолдана отырып, энергия тиімділігін басқару

2020 жылы Total Quality Management (TQM) әдісін қолдана отырып, технологиялық процестердің энергия тиімділігін басқару бойынша жұмыс басталды. Сонымен бірге AMӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП Solomon Associates әдіснамасы бойынша энергия сыйымдылығы индексін (EII) есептеу практикасы игерілді. Нысаналы бағдар – 1-2 жыл ішінде энергия тұтынудың жалпы үлестік үлесін кемінде 5%-ға төмендету.

МӨЗ мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне HSB Solomon Associates LLC компаниясының әдіснамасы, сондай-ақ әрбір негізгі технологиялық процесс және қондырғылардың энергия тұтыну құрылымының мониторингі бойынша есеп айырысуға арналған нысандар бағытталған. Solomon Associates компаниясының ұсыныстарын қарау нәтижелері бойынша PER жобасы шеңберінде энергия тиімділігін басқарудың үздік практикалары бойынша жинақ әзірленді.

Қазіргі уақытта МӨЗ өндірістік-техникалық қызметтерінің мамандары EII энергия сыйымдылығы индексін есептеу әдіснамасын игерді. Индексті бағалау бойынша есептер талдау үшін техникалық даму басқармасына күнделікті негізде жіберіледі.

ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРДЫ ТҰТЫНУ

302-1, OG3

2020 жылы барлығы 156,6 млн ГДж отын-энергетикалық ресурстар (2019 жылға қарағанда 14%-ға аз), оның ішінде электр энергиясы – 13,2 млн ГДж, жылу энергиясы – 4,2 млн ГДж, мотор отыны – 1,5 млн ГДж, қазандық-пеш отыны – 137,7 млн ГДж тұтынылды. Энергия тұтыну көлемі «Мұнай мен газды өндіру», «Мұнай және газ көлігі» және «Мұнай мен газды өңдеу» үш бизнес бағытының арасында бөлінген.

2019 жылмен салыстырғанда энергия ресурстарын тұтынудың төмендеуі газ тасымалдау көлемінің қысқаруымен, сондай-ақ пандемияға байланысты көмірсутек шикізатын өндірудің төмендеуімен байланысты. 2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша меншікті генерациялайтын энергияның көлемі электр энергиясының 406,0 млн кВт және жылу энергиясының 4 096 мың Гкал құрайды.

Инновациялық технологияларды қолдану және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мұнай-газ саласындағы салыстырмалы түрде жаңа және перспективалы бағыт болып табылады.

ҚТГ енгізілген жаңартылатын энергия көздері, атап айтқанда АГҚ және ИОА еншілес ұй-


ымдарында өткен жылдары тиімді жұмыс істейді; «Waterkotte» типті геотермалдық жылу сорғылары; монокристалды күн панельдері (батареялар); термоэлектрогенераторлар (Closed cycle vapor turbogenerator). ҚМГ тобында өндірілетін жаңартылатын энергия өз қажеттіліктеріне жұмсалады.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 220 жылғы дереккөздер бөлінісінде өндірілетін (шығарылатын) жаңартылатын энергияның жалпы көлемі:

1. Жылу сорғыларымен геотермальды (жылу) энергиясын өндіру – 678,5 Гкал.
2. Күн панельдерімен электр энергиясын өндіру – 78 410 кВт*сағ.

2020 жылы аумақты көшелерді жарықтандыру үшін ПҚОП күн панельдерімен электр энергиясын өндіру 211 000 кВт*сағ құрады.

ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУ, %



- 40% – Табиғи газ
- 17% – Ілеспе мұнай газы
- 16% – Қазандық-пеш отыны
- 10% – Бензинді газ
- 9% – Электр энергиясы
- 4% – От жағатын мазут
- 3% – Жылу энергиясы
- 1% – Дизель отыны
- 0% – Мұнай
- 0% – Бензин
- 0% – Сұйытылған газ

ҰЙЫМНАН ТЫС ЖЕРЛЕРДЕ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ

302-2

Қазіргі уақытта біз ұйымның ішінде ғана энергетикалық ресурстарды тұтынуды есепке аламыз, осыған байланысты ұйымнан тыс энергияны тұтыну осы есепте көрсетілмеген.

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУДЫ ҚЫСҚАРТУ

302-4

Топтың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағытта-ры-технологиялық жабдықтарды жаңғырту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ генерациялаудың жеке көздерін, оның ішінде шикі газды пайдалана отырып дамыту.

2020 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша 55 іс-шара орындалды, отын-энергетикалық ресурстарды жоспарлы жылдық үнемдеу 0,9 млн ГДж құрады, заттай көріністе – 6,9 млн кВт электр энергиясы, 9,8 мың тонна отын газы, 11 803 мың текше метр табиғи газ. Энергия мен отынды тұтынуды азайтуға мүмкіндік берген іске асырылған іс-шаралардың мысалдары дербес режимде жұмыс істейтін блоктық жиынтық электр станциялары (Capstone); энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматты жүйесі (ЭКЕАЖ), энергия үнемдейтін жарық бе-ретін жарық көздерін пайдалану және т. б. болуы мүмкін.

ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ

302-3

2020 жылы ҚМГ Компаниялар тобы бойынша орташа есеппен көмірсутектерді өндіру бағыты бойынша меншікті энергия тұтыну өндірілген көмірсутекті шикізаттың тоннасына 2,2 ГДж құрады, бұл 2019 жылы өндірілген көмірсутек-тердің тоннасына 1,5 ГДж құраған IOGP Халықа-ралық мұнай мен газ өндірушілер қауымда-стығының көрсеткішімен салыстырғанда 46%-ға жоғары болып қалып отыр. Мұнай өндіруде энергия ресурстарын нақты тұтынудың артуы, ең алдымен, жетілген кен орындарында өндірістің сулануының артуымен байланысты, өйткені судың жоғарылауымен өндірілетін сұйықтықтың нақты тығыздығы және сәйкесінше механика-ландырылған өндіріс әдістеріне тұтынылатын энергия артады.

2020 жылы «Мұнай өңдеу» бағыты бойынша меншікті энергия тұтыну МӨЗ бойынша орташа есеппен тоннасына 4,3 ГДж құрады.

СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

103-1, 103-2, 103-3

Компанияның негізгі қызметін су құнды әрі тапшы табиғи ресурс болып табылатын Орталық Азия өңірінде жүзеге асыратындығына байланысты ҚМГ қоғам мен қоршаған орта алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді және су ресурстарын ұтымды пайдалануға ұмтылады.

ҚМГ қолжетімді су мөлшерінің азаю тәуекелдері операциялық шығындардың артуы түрінде Компанияның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін екенін мойындайды. Ықтимал әсер ету ауқымы орташа жоғары деп бағаланады, бұл ретте Топ үшін қаржылық салдарларды бағалау жүргізілген жоқ. Компанияның тұщы су тапшылығы бар ай-мақтарда су ресурстарын тұтынудың арту қаупіне жауап ретінде қабылдаған шаралары **2019 жылға арналған CDP сауалнамасында көрсетілген.**

ҚМГ Қазақстан Республикасының Су ресур-старын сақтауға үлес қосуға ниетті екенін ресми түрде мәлімдеді. ҚМГ бас директорлары үшін еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі форум шеңберінде ҚМГ Басқарма төрағасы А.С. Айдарбаев су ресурстарын ұтымды басқару бейілділігінің жеке өтінішіне қол қойған болатын (ҚМГ сегіз су қағидаты). Осы бастаманы өз компанияларының атынан бейілділіктің ұқсас өтініштеріне қол қойып, ҚМГ ЕТҮ бірінші бас-шылары қолдады. Бейілділіктің қол қойылған өтініштері ҚМГ Компаниялар тобының ресми сайттарына орналастырылуда.

Стандарт ҚМГ-нің су ресурстарын пайдалану бөлігінде ҚМГ басты қағидаттарын – сегіз су қағидатын ұстанады, ҚМГ ЕТҮ-да су ресурстарын басқару тәсілдемесін жүйелендіреді, сондай-ақ Компания басшылары мен қызметкерлерінің тұщы суды сақтау мәселесіне бейілділігін арт-тыруға көмектеседі.

Табиғи көздерден су тартуды азайтуға және төмендетуге бағытталған жобалар іске асы-рылуда.

«Атырау МӨЗ» ЖШС

Негізгі табиғатты қорғау іс-шараларының бірі – бұл оның шеңберінде АМӨЗ механикалық тазарту құрылыстарын жаңғырту және қайта жөндеу, био-логиялық тазарту құрылыстарын қайта жаңарту және жете тазалау блогын салу, сондай-ақ булану алаңдары мен нормативтік тазартылған сарқынды сулар арнасын қайта жаңарту жүр-гізілетін TAZALYQ жобасын іске асыру.

Осылайша, булану алаңдарын қалпына келтіру Атырау өңірінің жер асты суларына, флорасы мен фаунасына теріс әсерді болдырмай, құрға-тылатын тоғандарға (АМӨЗ-ге тиесілі 860 га) зауыттың сарқынды суларын ағызуды толық тоқтатуды білдіреді.

Сондай-ақ, TAZALYQ жобасының арқасында зауытта жабық үлгідегі механикалық тазарту құрылыстары салынады, ал қазіргі заманғы технологиялық процестерді енгізу сарқынды суларды тазарту сапасын нормативтік көрсет-кіштерге дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Маңғыстау облысының Кендірлі демалыс аймағы ауданында тұщыландыру қондырғыларын салу

«Өзенмұнайгаз» АҚ мен «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Жаңаөзен қаласының әкімдігімен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Қол қойылған құжат Қазақстан Республикасының Премьер-министрі А.Ұ. Ма-миннің 2019 жылғы 18 қыркүйектегі хаттамалық тапсырмасына сәйкес «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС әзірлейтін әлеуметтік жоба ретінде тұщыландыру зауытын салу бойынша техникалық-экономи-калық негіздемені қайта мамандандыруды көз-дейді. Маңғыстау облысының «Кендірлі» демалыс аймағы ауданында ҚМГ қаражаты есебінен тұщыту зауытын салуды жоспарлап отыр. Бол-жалды қуаты тәулігіне 50 мың текше метр суды құрайды.

«Қаражанбасмұнай» АҚ Қаражанбас кен орны ауданында тұщы су көздерінің болмауына және айдау әдісімен мұнай қабатына әсер етудің жылу әдісі ретінде қолданылатын бу өндіру үшін компа-нияның үлкен көлемдегі су қажеттілігіне байла-нысты су тапшылығы проблемасына тап болды. Соның салдарынан мұнай өндірудің құлау қаупі және осыған байланысты шығындар туындады.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап Қа-зақстанның Маңғыстау облысындағы «Қара-жанбасмұнай» АҚ-да тұщыландыру зауытының құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстар аяқталу сатысында. Қойнауқаттағы суды тұщыландыру зауыты қабаттағы суды өңдеу және кәдеге жарату және қойнауқатқа бу айдау әдісімен Қаражанбас кен орны қойнауқатта-рының мұнай беруін арттыру мақсатында техни-калық сумен жабдықтауға арналған.

Бұл зауыт компания үшін үлкен маңызға ие, өйткені бу шығару үшін суды тұщыландыру мүмкіндігімен қатар, ілеспе суды ұтымды пай-далану мәселелері шешіледі. Бұл қойнауқаттық қысымды ұстап тұру саласында кен орнын игеру мүмкіндігін жақсартуға мүмкіндік береді.

2020 жылы CDP есептілігі кеңейтілді, алғаш рет су ресурстарын басқару жөніндегі деректер 2019 жылдың қорытындылары бойынша Су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама шеңберінде CDP алаңында жарияланды.

Неғұрлым егжей-тегжейлі ақпаратты ҚМГ-нің жарияланған есептерінен алуға болады, олар мына сілтеме бойынша ашық қолжетімділікте тұр:



CDP су қауіпсіздігі жөніндегі CDP 2019 жылғы сауалнамасы


СУ ІЗІ

303-1, 303-2, 303-3 303-4,303-5, 306-1, 306-5, 065

Компания өз қызметін Қазақстан Республика-сының су ресурстарын басқару саласындағы ұлттық заңнамасына, ең үздік халықаралық тәжірибелерге, стандарттарға және норма-тивтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізеді. ЕТҮ деңгейінде ҚМГ компаниялар тобы бойынша Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт енгізілді, онда 8 негізгі «су» принциптері айқындалды және ЕТҮ-дың су үнемдеу және су тұтыну саласындағы қызметіне қойылатын та-лаптар белгіленді.

ҚМГ компаниялар тобының жалпы су жинауы 2020 жылы 85,8 млн м³ құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға азайғанын көрсетеді (2019 жылы 93,6 млн м³ құрады).

ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ АРҚЫЛЫ БӨЛІНІСТЕГІ ҚМГ КОМПАНИЯЛАРЫ ТОБЫ БОЙЫНША СУ ЖИНАУ, 85 769 МЫҢ М³



2020 ЖЫЛЫ ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ТҮРІ БОЙЫНША СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ



- 58% – ҚҚҚ-ға айдау
- 12% – БӨ басқа өндіріс қажеттіліктері
- 8% – МӨЗ-де бу өндіру
- 7% – МӨЗ айналым сумен толықтыру
- 7% – МӨЗ басқа өндіріс қажеттіліктері
- 4% – Шаруаш.-ауыз су
- 2% – Пайдаланбай берілді
- 2% – Мұнай мен газ тасымалдау
- 0% – Бұрғылау, айдау, ҰКЖ және ҚГА

2020 жылы Компаниялар тобы 10,45 млн м³ ағынды су бөлді (нормативтік тазартылған су), оның ішінде 9,83 м³ жинақтағыштар тоғандарына тасталды, 0,62 м³ сарқынды суларды тазалауға бөгде ұйымдарға берілді. Тазарту құрылыстарындағы сарқынды суларды тазартқаннан кейін нормативтік тазартылған су мамандандырылған қабылдағыштарға: жинағыш тоғандарға, булану алаңдарына және сүзу алаңдарына ағызылады. Өз жинақтауыштары жоқ кәсіпорындар жасалған шарттарға сәйкес мамандандырылған компанияларға тазарту және кәдеге жарату үшін ағындар береді.

Тазартқаннан кейін ағынды су көлікті жуу, шаң басу және өртке қарсы жүйелерді толықтыру үшін қайта қолданылады. Бұл ретте тазартылған ағынды судың елеулі көлемі қайта тек мұнай өңдеу зауыттарында ғана пайдаланылады, онда 2020 жылы тазартылған ағынды судың 3,3 млн м³ қайта пайдаланылды, негізінен бұл су айналма сумен жабдықтау блоктарын толықтыру үшін пайдаланылады. ҚМГ зауыттарында суды қайта пайдалану пайызы 21,6%-ды («Мұнай өңдеу» бағыты бойынша су жинау көлемінің) құрады.

2020 жылы ҚМГ МӨЗ айналымды сумен жабдықтау жүйелерінде барлығы 430 млн м³ пайдаланылды (айналымда болды).

ҚМГ МӨЗ АЙНАЛМАЛЫ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ АЙНАЛЫСТЫ: АЙНАЛМА СУДЫҢ КӨЛЕМІ, МЛН М³



2020 Ж. МҰНАЙ ӨНДЕУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ТҮРІ БОЙЫНША СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ



- 32% – Айналым суын толықтыру
- 32% – Бу өндіру
- 29% – Басқа өндірістік қажеттіліктер
- 5% – Шаруаш.-ауыз су
- 2% – Пайдаланбай-ақ берілген

Мұнай өндіру процесінде ілеспе-қабаттық сулар – жер бетіне су-мұнай эмульсиясы алынатын т.н. үлкен көлемі пайда болды, ол кейіннен су мен мұнайға гравитациялық әдіспен бөлінеді. Осылайша тұрып қалған су қойнауқатқа айдауға жіберіледі.

2020 жылы өндірілген 125 млн м³ ілеспе-қойнауқаттық судың 99%-ы қабатты қысымды ұстап тұру үшін кері айдалды.

ҚАБАТТЫ ҚЫСЫМДЫ ҚОЛДАУ ҮШІН ҚОЙНАУҚАТҚА АЙДАЛҒАНЫ ӨНДІРІЛГЕН ІЛЕСПЕ-ҚАБАТТАҒЫ СУ, МЛН М³



2020 Ж. БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ТҮРІ БОЙЫНША СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ



- 89% – ҚҚҚ-ға айдау
- 7% – Басқа өндірістік қажеттіліктер
- 4% – Шаруаш.-ауыз су
- 0% – Бұрғылау, айдау, ҰКЖ және ҚГА

Ерекше экологиялық, шаруашылық, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылықты білдіретін Компанияның қызметі Қазақстанның батыс өңірінің су объектілеріне (Жайық, Қиғаш өзендері, Көкжиде құмдары) айтарлықтай әсерін тигізеді. Сезімтал экожүйелерге теріс әсер етуді болдырмау үшін бақылаушы органдар қоршаған ортаға тұрақты экологиялық мониторинг жүргізеді.

2020 жылғы қарашада МӨЗ-де айналым сорғыларының қысқа мерзімді тоқтауы орын алды, осыған байланысты тұндырғыштың құм сүзгісіне шығу нүктесінде қалқыма және органикалық заттар (биошлам) концентрациясының артуы пайда болды. Компания қондырғының жұмыс режимін қалпына келтіру бойынша жедел шаралар қабылдады, соның арқасында бұл оқиға қоршаған ортаға айтарлықтай әсер еткен жоқ. Сондай-ақ болашақта осындай оқиғалардың қайталануын болдырмау үшін түзету шаралары қабылданды.

Толығырақ ақпарат сілтеме бойынша берілген:



ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

103-1, 103-2, 103-3, 306-2, 306-4

ҚМГ компаниялары тобының өндірістік объектілерінде айналыстағы барлық қалдықтарды, оның ішінде мердігерлік ұйымдардың қалдықтарын тұрақты есепке алу және бақылау жүзеге асырылады, олардың түзілу көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі, жаңадан түзілген, жинақталған және тарихи қалдықтарды қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар жыл сайын қаржыландырылады.

Қоршаған ортаның сапасын жақсартудың өзекті қажеттілігін ескере отырып және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ жинақталған қалдықтардың көлемін азайту, тарихи қалдықтарды жою және мұнаймен ластанған аумақтарды тазарту жөніндегі жобаларды іске асырады.

2016–2020 жылдар аралығында құрамында мұнайы бар қалдықтар бар полигондарды тазарту бойынша жұмыстар жүргізілді, ӨМГ-де 5 полигон тазартылды, ҚБМ-де 1 полигон тазартылды, ММГ-де 10 полигон тазартылды және жойылды, қалдықтар кәдеге жаратуға мамандандырылған кәсіпорындарға берілді.

2020 жылдың басынан бері ӨМГ, ММГ және ҚБМ жаңадан пайда болған қалдықтары оларды полигондарда орналастырмай, бөгде мамандандырылған кәсіпорындарға кәдеге жаратуға беріледі.

ҚТО Өзен-Атырау-Самара магистральдық мұнай құбыры учаскелерінде бұзылған жерлерді қалпына келтіруді жүргізеді. 10 жыл ішінде 20,1 га бүлінген жер қалпына келтірілді, оның ішінде 2020 жылы 4 га қалпына келтірілді. Қалпына келтірілген жерлер шаруашылық айналымға енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға қайтарылады.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен ҚМГ арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында ММГ, ӨМГ және ҚБМ келісімшарттық аумақтарында қалдықтарды кәдеге жарату және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Келісімшарттық аумақтарға түгендеу жүргізілді, оның шеңберінде қалдықтардың сипаттамалары мен олардың көлемдері айқындалды, осының негізінде 2020 жылы мемлекеттік органдармен мұнаймен ластанған аумақтарды қалпына келтірудің тиісті жобалары әзірленді және келісілді. Жобалар шеңберінде мұнайы бар қалдықтарды кәдеге жаратудың қауіпсіз және тиімді технологиялары іріктеліп, ұсынылды, мұнаймен ластанған аумақтарды рекультивациялауды жүргізу кестесі жасалды, барлығы 2020 жылы ӨМГ және ММГ объектілерінде 558 419 тонна тарихи қалдықтар кәдеге

жаратылды, оларды орналастыру орындарының учаскелері қалпына келтірілді. Меморандум бойынша жұмыстарды 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Компания талаптары мен «Қалдықтарды кәдеге жарату» сатып алу-санаттық стратегиясы шеңберінде жұмыстар қоршаған ортаға әсерді барынша азайту және көлік тасымалдарын қысқарту үшін мұнай қалдықтарын әкетпей, келісімшарттық аумақта жүргізілуге тиіс.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша айналыстағы қалдықтардың жалпы массасы 2020 жылы 1 031,2 мың тоннаны құрады, оның ішінде «қауіпті» деп жіктелген қалдықтар – 993,7 мың тонна, ал «қауіпті емес» қалдықтар тиісінше – 37,5 мың тонна.

Бұл ретте жаңадан пайда болған қалдықтардың массасы 302,71 мың тоннаны құрады, оның 95,5% кәдеге жаратылды немесе қайта өңделді.

КӘДЕГЕ ЖАРАТЫЛҒАН ҚАЛДЫҚТАР САНЫНЫҢ
ЖАҢАДАН ТҮЗІЛГЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ САНЫНА
ҚАТЫНАСЫ, М/Т



Қалдықтардың 64%-ы шарт бойынша мамандандырылған компанияларға қайта өңдеу үшін беріледі, қалдықтардың 24%-ы биологиялық өңдеу әдісімен қайта өңделген, қалдықтармен жұмыс істеудің басқа да маңызды тәсілдері: қайталама өңдеу, полигонға орналастыру және қайта пайдалану болып табылады.


ҚМГ компаниялар тобында қалдықтарды кәдеге жарату/қайта өңдеу процесінде мамандандырылған кәсіпорындар объектілеріне тасымалданған қауіпті қалдықтардың жалпы массасы 2020 жылы 631,8 мың тоннаны құрады, есепті кезеңде қалдықтарды халықаралық тасымалдау, сондай-ақ қауіпті қалдықтардың импорты мен экспорты жүзеге асырылмады.

Компания қалдықтармен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді, қауіпті қалдықтарды барлық тасымалдау Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

АЙНАЛЫМ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША
2020 ЖЫЛҒЫ ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР



АЙНАЛЫМ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША
2020 ЖЫЛҒЫ ҚАУІПТІ ЕМЕС ҚАЛДЫҚТАР



ЖЫЛДЫҢ БАСЫНА ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНДАҒЫ
ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ЖЕРДІҢ
ЛАСТАНҒАН АУМАҒЫНА ҚАТЫНАСЫ, ГА/ГА



БҰРҒЫЛАУ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ
ПАЙДА БОЛУЫ


067

ҚМГ-нің өндіруші компаниялары 2020 жылы 178,75 мың тонна бұрғылау қалдықтарын құрды, оның ішінде: 29,41 мың тонна – пайдаланылған бұрғылау ерітіндісі; 149,34 мың тонна – бұрғылау шламы. ҚМГ тобының өндіруші компанияларының барлық бұрғылау қалдықтары мамандандырылған ұйымдарға кәдеге жарату үшін беріледі. Ұйымдардың қалдықтарды одан әрі

Мың тонна		2016	2017	2018	2019	2020
Құрлықтағы жобалар	Пайдаланылған бұрғылау ерітіндісі	44,24	49,50	37,05	59,24	29,41
	Бұрғылау шламы	107,13	134,28	137,19	133,95	149,34
Теңіздегі жобалар	Пайдаланылған бұрғылау ерітіндісі	0	0,99	1,36	0	0
	Бұрғылау шламы	0	1,06	0,81	0	0

Қатты фаза бөлінгеннен кейін бұрғылау сарқынды суларын тазарту технологиясын енгізу мүмкіндігі қарастырылуда, бұл пайдаланылған бұрғылау ерітінділерінің (ұңғымаларды бұрғылау бойынша сервистік ЕТҮ-да) түзілу көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

ҚМГ БОЙЫНША БҰРҒЫЛАУ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖАЛПЫ ТҮЗІЛУІ, МЫҢ ТОННА



БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ
ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
МОНИТОРИНГ

Біздің орналасқан өңірлерде қорғалатын табиғи аумақтар және жануарлар мен өсімдіктер әлемінің қозғалатын түрлері

103-1,103-2, 103-3, 304-1, 304-4, 064

Солтүстік Каспий Каспийдің ең өнімді бөлігі болып табылады. Теңіздің осы бөлігінің биологиялық ресурстары өте үлкен. Ихтиофаунаның негізгі кәсіптік объектілері, оның 25 түрі болып табылады, олардың ішінде ең құндысы – бекіре тұқымдастары, бассейнде олардың әлемдік қорының 70-80%-дан астамын құрайды.

Еділ (ҚР шегінде) және Орал өзендерінің сағаларымен бірге Солтүстік Каспийдің шығыс

кәдеге жаратуы термиялық және химиялық әдістермен, инерттендірумен және биологиялық тазартумен өтеді.

Бұрғылау қалдықтарының пайда болу көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар:

- ұңғымаларды бұрғылауда пайдаланылатын шикізат пен материалдарды ұтымды пайдалану;
- қатты фазаны бөлгеннен кейін бұрғылау сарқынды суларын қайта пайдалану (жалпы көлемнің 20% дейін).

бөлігінің акваториясы Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағына кіреді. Каспийдің солтүстік бөлігіндегі сулы-батпақты алқаптар, әсіресе Еділ, Орал және Ембі өзендерінің сағалары, сондай-ақ теңіз жағалауы мен акваториясы іргелес жатқан Еуразия құрлығындағы аса маңызды алқаптар болып табылады, олар ұя салу, түлеу, маусымдық көші-қон және қыстау кезеңінде миллиондаған суда жүзетін және су маңындағы құстарды қолдауды қамтамасыз етеді. Солтүстік Каспий арқылы Еуразиядағы ең ірі, Сібір-Қара теңіз-Жерорта теңізі аралық жолының бірі өтеді.

Фондық зерттеулердің материалдары бойынша жағалаудан 20-60 км қашықтықта орналасқан Солтүстік-Шығыс Каспийдің ашық учаскелері арқылы құстардың 70-тен астам түрі қоныс аударады (олардың 70 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін құстар). Жағалау аймақтарында кішкене аққұтан, жалбағай, бірқазан, сұңқылдақ-аққу, қара ала үйректер, өгіз шағала ұялайды. Сұлтанбалық, аққұйрық субүркіт және балықшы тұйғын да байқалады.

Жерүсті ценоздарында ҚР Қызыл кітабынан алынған 5 түрі ұя салады. Дала қыраны өте көп. Сирек құстардан бізтұмсық, қарала шалшықшы, кішкентай аққұтан кездесуі мүмкін.

Каспий теңізінде мекендейтін жалғыз ірі теңіз сүтқоректілері (ескекаяқтылар тобы) Каспий итбалығы (Phoca caspica) болып табылады. Бұл сүтқоректілердің эндемиялық түрі. Итбалықтар Каспий теңізіне таралған, бірақ олардың солтүстік бөлігіндегі саны жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отырады. Теңіз акваториясы бойынша жануарлардың маусымдық таралу сипаты жылдық

циклдің үш негізгі фазасымен: көбею, түлеу және шырлану кезеңімен айқындалады. Көбею орындары Солтүстік Каспийдің аязды қысында болады. Сәуір мен қыркүйек айлары аралығында итбалықтар шырлану маусымын көбінесе Орта және Оңтүстік Каспийде өтеді. Жазда Солтүстік Каспийде жануарлардың аздаған түрі (шамамен 30000 дарақ) мекендейді, популяцияның негізгі бөлігі Оңтүстік Каспийдің терең және суық суларында орналасқан. Күздің соңында олар суы қата бастайтын Солтүстік таяз су аймағына көшеді. Популяцияның басым бөлігі Солтүстік Каспийде қазан-қараша айларында.

Қазақстанның және бүкіл Еуразия құрлығының биоалуантүрлілігін сақтау үшін осындай маңызды аумақ тұрақты мониторингті және қорғау іс-шараларын уақтылы жүргізуді қажет етеді. Ең алдымен, өз қызметін жүргізуді бастағаннан бері ҚМГ Солтүстік Каспийде осы аймақтың табиғатын қорғау мәселелеріне көңіл бөлді.

Республикалық маңызы бар **Новинский мемлекеттік табиғи (зоологиялық)** қорықша жануарлар мен өсімдіктер әлемінің, оның ішінде тапсырыс – күзет режимі Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктердің көбеюіне оңтайлы жағдай жасау мақсатында құрылды.

«Жамбыл» учаскесі Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан. Келісімшарттық аумақ Каспий теңізінің қорық аймағының шегінде, сондай-ақ ішінара Новинск қорықшасының шегінде орналасқан, бірақ өндірістік алаңдары экологиялық сезімтал аймақтарға әсерін тигізбейді. Бұл учаскеде жоғары экологиялық сезімталдық кезеңінде өндірістік операцияларды жүргізуге шектеулер сақталуда. Зерттеу кезеңінде учаскелердің су аймағында қоршаған орта жағдайының қандай да бір қалыпсыз табиғи құбылыстары немесе ерекше алаңдаушылық тудыратын немесе табиғи емес факторлар тіркелмеген.

«Исатай» учаскесі Маңғыстау облысындағы Бозашы түбегінің жағалауынан солтүстікке қарай 45 км жерде Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан.

Өлі Құлтық (Үстірт) ертеректе Комсомолец шығанағы мен Өлі Құлтық пен Қайдақ қоқысы аумағында құстар түлейтін және ұшып келетін бөлігін қолданатын және солтүстік-шығыста кеңінен тараған Каспий теңізінің ең ерекше өкілі қоқиқаздың мекендейтін жері болып табылады. Қоқиқаз (*Phoenicopterus roseus*) – сан жағынан азайған, құстардың жергілікті жерде ұя салатын түрі. Қазақстан фаунасындағы текті жалғыз өкіл. Қазіргі уақытқа дейін Қазақстандағы ұя салатын негізгі орындар – Теңіз көлі, Шалқар Теңіз көлі және Каспийдің солтүстік-шығыс жағалауы.

Комсомолец, өлі Құлтық және Қайдақ сары шығанағы ауданында әлі күнге дейін осы жерді

жаз өткізетін және түлейтін мыңдаған құстар үнемі пайдаланады. Орталық Қазақстан отарындағы құстар сәуір және тамыз-қыркүйек айларында жергілікті жерде ұя салып, бастарын көбейтіп, осы аудандар арқылы ұшып өтеді. Жыл сайын Комсомол шығанағы арқылы 35 мыңға жуық құстар қоныс аударады.

Маңғыстау облысы. Маңғыстау облысының аумағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың кең желісі, оның ішінде Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы мен республикалық маңызы бар Кендірлі-Қаясан қорық аймағы, сондай-ақ 8 қорық және 1 өңірге қарайтын табиғи саябақ бар. Маңғыстау облысының аумағында мекендейтін бауырымен жорғалаушылар түрлерінің ішінен Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына (2010) *Elaphe sauromates* қара шұбар улы жылан енгізілген. Маңғыстау аумағында кәдімгі, кең таралған және кей жерлерде өте көп тараған ортаазиялық тасбақа мекендеген, дегенмен, ол Халықаралық табиғатты қорғау одағының (ХТҚО) Қызыл тізімінің критерийлері бойынша осал түрінің мәртебесіне ие.

Республикалық маңызы бар **Кендірлі-Қаясан қорық аймағы** жек дуадақ пен ителгінің тіршілік ету ортасын сақтау және табиғи өсімін молайту мақсатында құрылған. Белгіленген режимдер: қорық режимі, өзгермелі режим, реттелетін режим.

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын аумақтардың жоғары санатына жатады. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығын (ҮМТҚ) жасаудың басты мақсаты Қазақстанның табиғи шөлді аймағының бірегей кешендерін, тарихи ескерткіштерін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін табиғи жағдайда сақтау болып табылады. Қорық ҚР Қызыл кітабына және (немесе) ХТҚО халықаралық қызыл кітабына енгізілген бірқатар түрлердің мекендейтін негізгі орны болып табылады: қарақұйрық, үстірт тау қошқары – уриал, қарақұлақ, медода, ителгі, бүркіт, үкі, құзғын, жек дуадақ және т.б. Жетекші сарапшылардың пікірінше, ҮМТҚ ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра объектілеріне қойылатын өлшемдерге сәйкес келеді және болашақта оның құндылығын жоғары халықаралық деңгейде тануды куәландыратын осы құрметті мәртебеге ие бола алады.

Үстірт МТҚ бақылауының тарихында тұңғыш рет 2018 жылы тірі Азиялық қабылан табылды. Бұрын Қазақстанда, оның ішінде Маңғыстау облысында 2007 және 2015 жылдары адамдарға қабылан осы аңның 3 фактісі бойынша ғана белгілі болды. Маңғыстауда қабыландар шекаралас Түркменстаннан ауық-ауық келіп тұрады және олар азық-түлікпен (уриалдар мен қарақұйрықтар) қамтамасыз етілсе, адамдар тарапынан қудалау болмаған және олардың мекендейтін жерлері

тиісінше қорғалған жағдайда жергілікті популяция құруы мүмкін. Қазіргі уақытта қабылан нақты мекендейтін Үстірт қорығынан Түркмениядағы Копетдағқа дейінгі арақашықтық кемінде 600 км құрайды.

Сондай-ақ, қабыланның қазіргі уақытта Қазақстан фаунасының тізіміне және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілмегенін атап өту қажет. Үстірт МТҚ қызметкерлері ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне азиялық қабыланды ҚР Қызыл кітабына дереу енгізу туралы ұсыныс жолдады, бұл оны тиімді қорғау үшін қажетті құқықтық мәртебені қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Соңғы онжылдықта өңір үшін сүтқоректілердің бірқатар жаңа түрлері: Батыс Үстіртте – ақ құлпынай жебеқұлақтылар, Солтүстік Үстіртте – үшкірқұлақты жарқанаттар мен ымырт жарқанаттар, Оңтүстік-Батыс Үстіртте – итаюлар, Маңғышлақ жазығы мен Қарағы ойпатында – жанат тәрізді иттер бар екендігі анықталды. Батыс Үстірттерде жолақты қорқаудың кездескені және бұл жерде 40 жылдан астам уақыт кездеспеген үнді жайраның іздері болғаны анықталған.

«Қансу» учаскесі Маңғыстау облысының Қарақия ауданында, ішінара Кендірлі-Қаясан қорық аймағы шегінде орналасқан және Үстірт мемлекеттік табиғи қорығымен шектеседі (учаске шекарасынан 2 км буферлік аймақ). 2016 жылы

учаскеде геологиялық-барлау жұмыстары жүргізілген жоқ. Жоғары геологиялық, экологиялық қауіптерді, сондай-ақ экономикалық рентабельділікті ескере отырып, ҚМГ жобадан шығу туралы стратегиялық шешім қабылдады. 2019 жылы келісімшарт жасалған аумағын мемлекетке қайтару жұмыстары басталды.

«Самтыр» учаскесі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2018 жылдан бастап Маңғыстау облысында орналасқан «Самтыр» ЖШС-дағы 50 % қатысу үлесінің иесі болып табылады. Ол Оңтүстік Үстірт шөгінді алабында Өзен, Шахпаты және Джел кен орындарына жақын жерде орналасқан.

«Көкжиде – Құмжарған» жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи кешенді қорықша. Осы қорықшаның аумағында республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының екі объектісі бар: республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық объектілерінің тізбесіне енгізілген Көкжиде құмдары және Көкжиде жер асты сулары.

Өріктау, Әлібекмола және Қожасай кен орындары ҚР Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданында орналасқан. «Өріктау» кен орнының келісімшарт жасалған аумағының солтүстік-батыс бөлігі Көкжиде құмында орналасқан, сондай-ақ кен орындары жергілікті маңызы бар «Көкжиде-Құмжарған» мемлекеттік табиғи кешенді қорықшасымен шектеседі. Жер асты



суларының ластануына жол бермеу мақсатында Топ компаниялары қызметінің аймағында, сондай-ақ Келісімшарттық аумаққа іргелес Көкжиде құмды алқабы аймағында да қоршаған ортаның жай-күйін тұрақты бақылау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қаражанбас кен орны Бозашы түбегінің сол-түстік-батыс бөлігінде Каспий маңы ойпатының шегінде батыстан Каспий теңізіне жақын жерде орналасқан. Кен орнының батыс жағынан Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы шектеседі. Өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне жылына екі рет мониторинг жүргізіледі.

ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРДЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ ШЕГІНДЕ ЖӘНЕ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН ӨНДІРІСТІК АЛАҢДАР

ЕКҒТА түрі	Шекаралар ішінде	Аралас шекаралар (аумақтың бір бөлігі кіреді)	Шекаралардан тыс жерлер
IUCN I-IV санат	0	0	Қансу Самтыр
	Жамбыл Сәтбаев Исатай	Жамбыл	Әлібекмола Қожасай Қаражанбас
IUCN V-VI санат	Өлі Құлтық (Үстірт)	Өріктау	Рожков
Бүкіләлемдік мұра объектілері	-	-	-
Рамсар алқаптары	-	-	-

2020 ЖЫЛЫ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

2020 жылы биоалуантүрлілік қаупі бағаланған және бақыланатын елеулі операциялық учаскелердің саны мен проценти

304-2, 064

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында орналасқан учаскелерде фондық экологиялық зерттеулер, ұңғыманы бұрғылау және сынау жүргізілді. Осы аудандардағы қызметтің қазіргі кезеңінде техногендік әсер ету айтарлықтай емес және жабайы жануарлар мен құстардың өз мекендеу ортасы бойынша еркін қозғалуына кедергі келтірмейді. Бұрғылау барысында қоршаған ортаға мынадай жұмыс түрлері әсер етеді: бұрғылау қондырғысын монтаждау, ұңғымаларды бұрғылау және сынау, кеме қатынасы. Әсер ету факторлары мыналар болып табылады: теңіздегі құрылыс кезеңінде суда жүзгіштердің шоғырлануының артуы, су

түбіндегі шөгінділердің табиғи құрылымының бұзылуы, оның ішінде, қарқынды кеме қатынасы әсерінен, шудың физикалық әсері.

Өріктау учаскесінде немесе құрлықтың ерекше қорғалатын аумақтарымен шектесіп жатқан жерлерде Шығыс Өріктау кен орнында бағалау ұңғымасының құрылысы және Оңтүстік Өріктау кен орнының көлбеу-бағытталған бағалау ұңғымасының құрылысы басталды. Жерасты сулары бойынша әсер ету факторлары жерасты суларының ластану көзіне айналатын ұңғымаларды тікелей бұрғылау болып табылады. Ластаушы заттар өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар жиналатын жер үсті учаскелерінен, мазутталған аумақтардан, мұнай мен қабаттағы суларды сақтау учаскелерінен сүзгіден өткізілетін атмосфералық шөгінділері бар жерасты суларына түсуі мүмкін. Осыған байланысты ҚМГ жер асты суларын қорғауға және олардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болдырмауға бағытталған бірқатар шараларды алдын ала қабылдайды. Жерасты суларының қабаттарын 80-85 метр тереңдікке дейін түсірілген кондукторлардың көмегімен оқшаулауды қамтамасыз

	Құрлықтағы операциялар		Теңіз операциялары	
	2019	2020	2019	2020
Биоәртүрлілікке арналған учаскелер ҚОӘБ немесе ұқсас құжатпен жабылған (%)	100	100	100	100
Экологиялық мониторинг тұрақты түрде жүргізілетін учаскелер (%)	100	100	100	100
Жойылған ұңғымаларға тұрақты мониторинг жүргізілетін жойылған ұңғымалары бар учаскелер (%)	100	100	100	100



ететін ұңғымалардың конструкциясы, сондай-ақ қолданыстағы және ықтимал ластану учаскелерінде жерасты суларының орналасу жағдайларын, деңгейі мен сапасын тұрақты режимдік бақылауды ұйымдастыру көзделген.

Жойылған ұңғымаларға өндірістік экологиялық мониторинг және өндірістік операциялар кезінде балық ресурстарына келтірілетін еріксіз залалды өтеу шеңберінде гидрология, гидрохимия, гидробиология және ихтиология бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) жасау жүргізілуде. «Жамбыл Петролеум» ЖШС 2020 жылы балық шығынын өтеу аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарына 72,8 млн теңге жұмсады. «KMG System&Services» ЖШС 2020 жылы Орал өзеніне қызыл балықтардың 94 600 биылғы төлі жіберілді.

Аумақтарды өнеркәсіптік игерудің биоалуантүрлілікке әсерінің тағы бір факторы орнитофауна үшін елеулі қауіп төндіретін электр беру желілері болып табылады. Әуе желілерінің электр беру желісі (ӘЭЖ) құстардың мекендейтін табиғи орындарына басып алып және көбінесе олардың жаппай өлуінің себебіне айналып, тұрақты түрде кеңейтілуде. Әсіресе бұл мәселе ормансыз дала және жартылай шөлейт аймақтарда мекендейтін жыртқыш құстар үшін маңызды, онда ӘЭЖ тіректері осы құстар үшін телім ретінде неғұрлым тартымды.

Құстарға арналған электр қондырғыларының қауіптілігі жоғары учаскелерін анықтау және зерттеу арнайы зерттеулер барысында немесе өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде жүзеге асырылады. Электр берудің әуе желілерінде (6-10 кВ ЭБЖ) құстардың электр тоғымен зақымдануынан өлімін болдырмау үшін арнайы полимерлі құстардан қорғау құрылғылары (ҚҚҚ) орнатылады. ҚҚҚ-ның бұл түрі шетелде кеңінен қолданылуына қарамастан, Қазақстан аумағында енді ғана пайдаланыла бастады. Оның артықшылығы ҚҚҚ-ның барлық элементтері ди-электрлік материалдардан жасалған. ҚҚҚ орнату

күрделі дайындық жұмыстарын алдын ала орындауды (дәнекерлеу, траверсті бұрғылау және т. б.) қажет етпейді. Ал ток өткізгіш сымды оқшаулау құстардың қатысуымен қауіпті тұйықталуды болдырмауды қамтамасыз етеді.

Мысалы, ҚТО-да 6-10 кВ электр беру әуе желілеріне күрделі жөндеу жүргізу кезінде өзінің нормативтік мерзімі өткен АС-50/8 типті болат-алюминий сымын СИП-3 типті өзін-өзі қамтамасыз ететін қорғалған сымға ауыстыру жүргізіледі. Күрделі жөндеу жұмыстары шеңберінде 223 км СИП-3 сымы орнатылды. Өзін-өзі қамтамасыз ететін қорғалған сымдарды қолдану құстарды жалаңаш өткізгіш бөліктерден оқшаулау функциясын орындайды, бұл құстарды электр тогының соғуынан және олардың өлуінен қорғайды.

Біздің әрқайсымыз қарапайым қағидалар арқылы еліміздің биоалуандылығын сақтауға үлес қоса алады:

- Көшеге және табиғатқа қоқыстарды тастамау;
- Қоршаған ортаға ұқыпты қарау;
- Заңсыз аң аулаумен және балық аулаумен айналыспау;
- Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде биоалуантүрлілікті сақтауға ерекше назар аудару;
- Уәкілетті тұлғаларға хабарлау жолымен, сондай-ақ hse@kmg.kz мекенжайына ақпаратты жіберіп, заңды және жеке тұлғалар тарапынан экологиялық заңнаманың бұзушылықтары туралы хабарлау;
- Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктердің бар-жоғын сол учаскеде суретке түсіру және геолокация белгілеу жолымен тіркеу және мына мекенжайға hse@kmg.kz жіберу;
- Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау бойынша акциялар мен бағдарламаларға қатысу;
- Өз бастамаларыңыз, идеяларыңыз бен жобаларыңызды мына мекенжайға hse@kmg.kz жіберіңіз.



ТЕҢІЗДЕ ТӨГІНДІЛЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ

Мұнайдың авариялық төгілуін жоюға (МАТЖ) ұдайы әзірлік біз үшін сөзсіз басымдық болып табылады.

Каспий теңізі бірегей табиғи объект болып табылады, оның экожүйесі тұйықтығына байланысты мұнаймен ластануға өте сезімтал. Біз теңіз мұнай операцияларын жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздікке жоғары талаптар қоямыз: жұмыстардың кез келген түрлері басталғанға дейін келісімшарттық аумақтарда фондық экологиялық зерттеулер жүргіземіз және біздің әлеуетті әлеуметтік және экологиялық әсерімізді бағалаймыз, сондай – ақ операциялар жүргізу кезінде және одан кейін әсер ету мониторингін, эмиссиялар мониторингін және авариялық жағдайлар мониторингін жүзеге асырамыз.

Теңізде бұрғылау операциялары басталар алдында біз мұнайдың барлық ықтимал авариялық төгілуін жоюға тұрақты әзірлікті қамтамасыз етеміз. Жұмыстар аяқталғаннан кейін біз жойылған ұңғымаларға үздіксіз экологиялық мониторинг жүргіземіз. Келісімшарттық аумақтарда жойылған ұңғымалардың мониторингі атмосфералық ауаның сапасын, теңіз суының ластануын және түптік шөгінділерді, биоалуантүрліліктің жай-күйін бақылауды, сондай-ақ зерт-

ханалық-талдау жұмыстарын, жойылған ұңғымалардың сағаларын фото және бейнетүсіруді қамтиды.

Теңіздегі операциялар кезінде біз мынадай қағидаларды мүлтіксіз ұстаймыз:

- Жобалық шешімдерді қатаң сақтау
- «Нөлдік ағызу» қағидаты – барлық қалдықтар мен сарқынды сулар жағаға шығарылады
- Барлық жүзу құралдарын балық қорғау құрылғыларымен және мұз суының болмауымен қамтамасыз ету
- 1 сәуірден 15 шілдеге дейін уылдырық шашу кезеңінде өндірістік операцияларды жүргізуге тыйым салу
- Өндірістік кемелерден балық аулауға тыйым салу
- Ұңғымаларды сынауға және көмірсутек шикізатын түнгі уақытта жағуға тыйым салу
- Пайдаланудың арнайы режимін сақтау

«Жамбыл Петролеум» ЖШС мұнайдың авариялық төгілуін жою (бұдан әрі – МАТЖ) бойынша қызметтер көрсету үшін «KMG Systems & Services» ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ЖШС және шаруашылық жүргізу құқығындағы «Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі» республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен шарт жасасты. Кемеңіз бағалау ұңғымасын салу кезеңінде МАТЖ «Caspian Explorer» ҚБҚ-дан 500 метрлік аймақта болады.


МҰНАЙДЫҢ АВАРИЯЛЫҚ ТӨГІЛУІН ЖОЮ КЕЗІНДЕ ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫН ДАМУ ТҮРІНДЕГІ БАСТАМА

Мұнайдың авариялық төгілуін жою кезінде еріктілік (бұдан әрі – МАТЖ) сияқты бағыттың қауіптілігі мен маңыздылығын ескере отырып, «KMG Systems&Services» ЖШС компаниясының бастамасы «Атырау және Маңғыстау облыстарында МАТЖ жанынан еріктілікті дамыту бағдарламасын» (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлеу және іске асыру болды. Бағдарлама волонтерліктің барлық аспектілерін қамтиды, мысалы, ҚР және басқа елдердегі волонтерлік қызметтің құқықтық аспектілері, еріктілерді тарту процесі, МАТЖ дейінгі және жанынан еріктілерді тіркеу және басқару процесі, сондай-ақ еріктілердің жіктеуіші және еріктілерге лайықты міндеттер, еріктілердің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ еріктінің жеке қауіпсіздігінің негіздері көрсетілген. Бағдарламада төгілгенге дейін шешілуі қажет міндеттер (дайындық кезеңі) және мұнай төгілуі кезіндегі міндеттер (операциялық кезең) көрсетілген.



Жобаның негізгі мақсаты еріктілерді мұнайдың авариялық төгілуі (МАТЖ) салдарын жою және жабайы жануарларды құтқару негіздеріне оқыту және білім беру болып табылады.

Жоба шеңберінде «Мұнайдың авариялық төгілуін жою операциялары кезінде жабайы жануарларды құтқару бойынша базалық білімді беру» бойынша оқыту бейне курсы дайындалды.



Бейне курстың нысаналы аудиториясы МАТЖ жанындағы әлеуетті еріктілер, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өкілдерін, теңіз мұнай операцияларын жүзеге асыратын компаниялардың мамандарын және т. б. қоса алғанда, басқа да мүдделі тараптар болып табылады.

Бейнекурстан сіз еріктінің жеке қауіпсіздік техникасы, еріктінің құқықтары мен міндеттері, мұнайдың жабайы табиғатқа төгілуінің әсері, сондай-ақ жабайы жануарларды құтқару операциялары кезінде еріктілердің қандай жұмыс түрлері тартылуы мүмкін екендігі туралы білесіз. Ерік-

тілердің жабайы жануарларды құтқару бойынша барлық операцияларға қатыса алмайтындығын түсіну керек, өйткені қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін арнайы дайындық, сондай-ақ осындай операцияларға қатысу тәжірибесі қажет. Курста еріктінің қандай жұмыс түрлерін өз бетінше орындай алатындығы және тек сарапшылардың басшылығымен болатындығы көрсетілді.

Әрбір қызығушылық танытқан тұлға Атырау және Ақтау қалаларында мұнай төгілімдерін жою негіздері және олардың салдарларын жою бойынша 2 күндік оқудан өту үшін «KMG Systems&Services» ЖШС корпоративтік сайтында сауалнама толтыра алады.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

103-1, 103-2, 103-3

Біз бірінші кезекте табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтай, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалана және табиғат қорғау қызметін үнемі жетілдіре отырып, өз қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайту жөніндегі шараларға назар аударамыз. Табиғи ресурстарды ұқыпты және ұтымды пайдалану, экологиялық тәуекелдерді мейлінше азайту біздің басымдықтарымыз болып табылады. Мақсатты бағдарламалар шикі газды алауларда жағуды азайтуға, жаңартылатын энергия көздері негізінде «жасыл» энергетиканы дамытуға және жалпы энергия тиімділігін арттыруға бағытталған.

ҚМГ корпоративтік орталық деңгейінде парниктік газдар шығарындылары және атмосфераға ластаушы заттар саласындағы еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметін басқарады, эмиссияларға рұқсат, парниктік газдар шығарындыларына квота, шикі газды жағуға рұқсат сияқты қызметті жүргізуге барлық қажетті рұқсат беру құжаттарын уақтылы алуды қадағалайды.

Атмосфералық ауаға әсерді барынша азайту саласындағы бағдарламалар мыналар болып табылады: өндіруші секторда шикі газды дамыту және қайта өңдеу бағдарламаларын орындау, мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту бағдарламасы, тасымалдау секторында жаңа объектілерді салу кезінде жаңа қолжетімді технологияларды қолдану және т.б. Бағдарламаларды кезең-кезеңімен орындау атмосфераға ластаушы заттар мен парниктік газдардың үлестік шығарындыларын азайтуға, шикі газды пайдалы пайдалануды арттыруға алып келеді.

ҚМГ компаниялар тобында шығарындыларды басқару жөніндегі саясат жұмыс істейді, онда атмосфераға зиянды әсерді азайту бойынша

қызметті басқарудың негізгі қағидаттары айқындалған:

- қызметті заңнамалық талаптарға және Компанияның өзге де міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асыру;
- шығарындылардың белгіленген нормативтерін және ластаушы заттар шығарындыларына лимиттерді, парниктік газдар шығарындыларына квоталарды сақтау;
- рөлдер мен міндеттерді дәл бөлу, құзыреттілігін арттыру, оқыту және хабардар болу;
- шығарындыларды тұрақты есепке алуды, түгендеуді және мониторингін жүргізу;
- көмірсутегі шикізатын өндіру кезінде шикі газды тұрақты жағылуын тоқтату;
- парниктік газдар шығарындыларын қысқарту және «Көміртегі ізін» азайту жөніндегі іс-шараларды өткізу;
- көміртегі активтерін басқару;
- шығарындыларды басқару бойынша қызметті үнемі жақсарту.

Біз ұлттық заңнаманың, алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттардың талаптарын, Компанияның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі құжаттарының және басқа да ішкі корпоративтік құжаттардың ережелерін ұстанамыз, экологиялық тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды жүргіземіз, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз іс-қимылдарымыздың айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз етеміз.

Біз атмосфералық ауаға әсерді төмендету бойынша өндірістік объектілердің қызметін жақсартумен жұмысты жалғастырамыз. Біз елдің нормативтік заңнамалық базасын жетілдіруге белсенді қатысамыз. Эмиссияларды басқару жөніндегі жұмыс тобының мәжілістерін өткіземіз, климаттың өзгеруіне байланысты форумдарға, конференцияларға қатысамыз, шығарындыларды азайту жөніндегі стратегияны іске асыруда өз қабілеттерін арттыру үшін білім мен дағдыларды жетілдіреміз.

ҚМГ ұзақ мерзімді Даму стратегиясында климаттық аспектілер бойынша мынадай басым бағыттар айқындалды:

- парниктік газдардың шығарындыларын басқару;
- ілеспе мұнай газды үнемі жалындатып жағуды қысқарту;
- энергия тиімділігін арттыру.

Біз энергияға өсіп келе жатқан әлемдік сұранысты қанағаттандыру үшін мұнай мен табиғи газ өндіруді ұлғайтуға тырысамыз, осыған байланысты табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтай, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалана және табиғат қорғау қызметін үнемі жетілдіре отырып, өз қызметіміздің қоршаған ортаға теріс

әсерін азайту жөніндегі шараларға бірінші кезекте назар аударамыз.

Біз сыртқы ортаның өзгерістерін және мүдделі тараптардың сұрауларын ескере отырып, атмосфералық ауаға шығарындыларды қысқарту бойынша ұзақ мерзімді мақсаттарды айқындауды жоспарлап отырмыз.

ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

305-1, 305-2, 305-3, 305-4, 305-6



2020 жылы Carbon Disclosure Project алаңында Румыния мен Грузиядағы еншілес ұйымдарды қоса алғанда, ҚМГ барлық активтері бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының көлемдері туралы деректерді қамтитын CDP (Carbon Disclosure Project) Климаттық бағдарламасы шеңберінде 2019 жылғы парниктік газдар шығарындылары бойынша есепті жариялады.

Есепке көмірқышқыл газы (CO₂), метан (CH₄), азот тотығы (N₂O) қосылған. Парниктік газдардың тікелей шығарындылары жөніндегі деректер әрбір ЕТҰ бойынша аккредиттелген тәуелсіз ұйымдардың қорытындыларымен расталған. 2020 жылға арналған ақпарат 2021 жылдың III тоқсанындағы CDP есебінде ашып көрсетілетін болады. Ақпаратты ашу кезінде біз жүйелілік пен салыстырмалылық қағидатын ұстанамыз. Біз ақпаратты ашудың толықтығын арттыру және 3-деңгейдің жанама шығарындылары бойынша есептілік салаларын кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс істейміз.

CO₂ тонна эквивалентіндегі шығарындылар көлемі КӨҮСТ бесінші Бағалау баяндамасынан ғаламдық жылыну әлеуеттерінің соңғы мәндерін (бұдан әрі – ЖЖӘ) ескере отырып, метан мен азот шала тотығының көлемін қайта есептеу арқылы алынды.

ПГ шығарындыларын есептеу CDP Technical Note: Accounting of Scope 2 emissions; CDP Technical Note: Guidance methodology for estimation of scope 3 category 11 emissions for oil and gas companies; Compendium of Greenhouse Gas Emissions Estimation Methodologies for the Oil and Natural Gas Industry, API 2009; Парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басқарушылық принциптері, КӨҮСТ, 2006, 2-том, отынды стационарлық жағу; Жылу электр станциялары мен қазандықтардан ПГ шығарындыларын есептеу бойынша әдістемелік нұсқаулар, Астана, 2010 жыл.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2020 жылы парниктік газдардың тікелей шығарындыларының (CO₂) көлемі 8,7 млн тонна CO₂ құрады, бұл 2019 жылғы деңгейден 11%-ға төмен. Шығарындылардың төмендеуі өндірістік қуаттың төмендеуімен байланысты. «Өндіру» бизнес-бағытында шығарындылардың төмендеуі газды алауда жағу көлемінің қысқаруына байланысты.

CO₂ шығарындыларының қарқындылығы өндірілген көмірсутек шикізатының 1000 тоннасына 87 тоннаны құрады, бұл Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) салалық орташа көрсеткішінен едәуір төмен, 2019 жылда ол 123-ті құрайды.

Кәсіпорын қызметінен CO₂ биогендік шығарындылары жоқ. Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттардың шығарылуын жүзеге асырмайды. Бұл ретте компания озонды бұзатын заттар шығарындыларына мерзімді бақылау және мониторинг жүргізеді.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

305-5, 305-7

Біз өндірістік экологиялық мониторинг жүргіземіз және операциялар мен өндірістік процестер нәтижесінде пайда болатын ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуын төмендету бойынша шаралар қабылдаймыз. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары шеңберінде сынама-ларды іріктеудің және әлеуетті әсерді бағалау үшін өлшеулер жүргізудің белгіленген орында-рында атмосфералық ауаға шығарындыларды бақылау жүргізіледі. Ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көлемі қазандықтарда,

технологиялық пештерде және компрессорларда, газ-турбиналық қондырғыларда, компрессорлық станцияларда отын газын жағу, алауларда газды жағу және т. б. нәтижесінде пайда болады.

Топ бойынша барлық ластаушы заттар шығарындыларының нормативтік көлемі 2020 жылы 247,2 мың тоннаны құрады (2019 жылы 264,8 мың тонна). 2019 жылмен салыстырғанда ластаушы заттар шығарындыларының 7%-ға төмендегені байқалады.

Соңғы 3 жылда «Өндіру» бизнес-бағытында шикі газдың пайдалы пайдаланылуын арттыру және оны алауларда жағуды тиісінше азайту салдарынан ластаушы заттар шығарындыларының көлемі 13%-ға қысқарды. «Мұнай өңдеу» және «тасымалдау» бизнес-бағыттарында 2019 жылмен салыстырғанда шығарындылардың 8%-ға төмендеуі байқалып отыр.

Мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға жүргізілген жобалардың нәтижесінде Кеден одағының Техникалық регламентінің талаптарына сәйкес K4, K5 кластарына сәйкес келетін еуропалық сапа стандарттарының мұнай өнімдерін өндіру жолымен зауыттар шығаратын отынның экологиялық көрсеткіштері жақсарды.

Мысалы, біз нақты уақыт режимінде газталдағыштарды пайдаланумен тікелей өлшемдерді әлі шығармаймыз, алайда жаңа Экологиялық кодекс шеңберінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті орган 1-санаттағы табиғат пайдалану объектілерінде шығарындылар көздеріне датчиктер/газталдағыштарды орнату жолымен ластаушы заттар шығарындыларының автоматтандырылған мониторингін жаппай көшуді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта бірқатар

ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДА АТМОСФЕРАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, МЫҢ ТОННА

	2018	2019	2020
Атмосферадағы ластаушы заттардың шығарындылары, барлығы, оның ішінде:	269,3	264,8	247,2
NOx шығарындылары	16,7	18,5	17,6
SOx шығарындылары	13,9	12,3	12,7
өзге ластаушы заттардың шығарындылары	238,7	234,0	216,9

ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДАҒЫ ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ МЕНШІКТІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

	2018	2019	2020
КСШ өндіру, т/ өндірілген көмірсутек шикізаты 1000 т. н.ә.	1,9	1,7	1,9
Мұнай өңдеу, т/қайта өңделген мұнайдың 1000 т.	3,2*	2,9*	2,9
Мұнай тасымалдау, тасымалданатын мұнайдың т/1000	0,5	0,5	0,5
Газды тасымалдау, т/тасымалданатын газдың 1000 т. б. ә.	1,4	1,5	1,6

*2018-2019 жылдардағы деректер осы көрсеткіштің есептеулерінде ЕТҰ периметрінің кеңеюін ескере отырып жаңартылды.

ұйымдар ластаушы заттар эмиссияларының онлайн-мониторингіне көшу бойынша жобалық құжаттаманы әзірлеп жатыр.

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша мұнай баламасында көмірсутек шикізатын өндірудің жалпы көлеміне қатысты NOx шығарындыларының орташа көрсеткіші КСШ өндірудің мың тоннасына шаққанда 0,2 тоннаны, IOGP орташа көрсеткіші – 0,4 құрады. 2018 жылмен салыстырғанда NOx үлестік шығарындылары 7% өсті. ҚМГ Компаниялар тобы бойынша мұнай баламасында көмірсутек шикізатын өндірудің жалпы көлеміне қатысты SOx шығарындыларының орташа көрсеткіші КСШ өндірудің мың тоннасына шаққанда 0,23 тоннаны, IOGP орташа көрсеткіші – 0,2 құрады. 2018 жылмен салыстырғанда SOx үлестік шығарындыларының 11%-ға төмендегені байқалып отыр.

305-7

Компания өз қызметінде тұрақты органикалық ластағыштардың эмиссиясын жүзеге асырмайды.

АЛАУЛАРДА ШИКІ ГАЗДЫ ЖАҒУ КӨЛЕМІ

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020
Алауларда шикі газды жағудың жалпы көлемі, млн текше м	315,8	148,9	80,2	57,6
Шикі газды тиімді пайдалану деңгейі, %	85	93	97	98
Шикі газды жағу қарқындылығы, өндірілген 1 мың КСШ-ға тонна	11	6	2,95	2,2

ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ

103-1, 103-2, 103-3, 307-1

Біз Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өндірістік қызметімізді жүргізуге және қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдауға тырысамыз.

Компания өндірістік объектілерде Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасына сәйкессіздіктерді анықтау бойынша, заңнама талаптарына қандай да бір сәйкессіздікті болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін проблемалық мәселелерді айқындау және тәуекелдерді басқару бойынша жұмысты жалғастырады.

ІЛЕСПЕ МҰНАЙ ГАЗЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

OG6, 103-1, 305-5


Бұл бөлімде шикі газды өндіруге және тиімді пайдалануға байланысты процестер орын алған өндіру секторының компаниялары бойынша мәліметтер көрсетілген.

Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі біздің маңызды міндеттеріміздің бірі ілеспе мұнай газын (ІМГ) тиімді пайдалану мен кәдеге жаратуды арттыру, жалынлатып жағуды барынша азайту болып табылады. Шикі газды дамыту және қайта өңдеу бағдарламаларының орындалған іс-шараларының арқасында жылу және электр энергиясын өндіру үшін ІМГ өз қажеттіліктеріне пайдалану артты.

Ілеспе мұнай газын кәдеге жарату 2020 жылы 98%-ды құрады, газ жағу көрсеткіші өндірілген КСС 1 мың тоннасына 2,2 тонна деңгейінде (2018 жылы – 6, 2019 жылы – 2,95), бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 25%-ға және IOGP 2019 ж. орташа салалық көрсеткішінен 79%-ға төмен.

Компания шикі газды жағу көлемін барынша азайтуға ұмтылуда. 2015 жылы ҚМГ Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағылуын толық кәдеге жарату» бастамасын қолдады. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемдері бойынша есептілік жыл сайынғы негізде тапсырылады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЫППҰЛДАР, МЛН ТЕҢГЕ



ҚР Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы 19,8 млрд теңге экологиялық айыппұл мәселесі бойынша КБМ пайдасына оң шешім қабылдады.

ӨҚ, ЕЖҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ ОҚЫТУ

404-2

Оқыту жүйесі стратегиялық жоспарларға және Компанияның ӨҚ, ЕЖҚОҚ саласында қажетті құзыреттері бар қызметкерлердің қажеттіліктеріне бағдарланған. Оқыту бағдарламалары еңбек өнімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін арттыру, сондай-ақ қызметкерлердің біліксіз іс-әрекеттерімен байланысты тәуекелдерді азайту құралы болып табылады. Өндірістік процестердің қауіпсіздігі, қызметкердің жеке қауіпсіздігі, сондай-ақ қоршаған ортаның қауіпсіздігі қызметкерлердің құзыреттілігіне тікелей байланысты.

Жалпы, 2020 жылы ҚМГ компаниялар тобының 100 172 қызметкері жалпы сомасы 671 341 мың теңгеге білім алды. ҚМГ компаниялар тобындағы енгізілген «70/20/10 – жұмыс орнында оқыту/ішкі/сыртқы» оқыту үлгісі бойынша өзінің 6 оқу-курстық комбинаттары/еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ қауіпсіз жүргізу мәселелері бойынша орталықтардың қазіргі бар базасында 24 041 қызметкер тегін оқытылды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ (Жаңаөзен қ.), «ҚазТрансОйл» АҚ (Ақтау қ.), «Интергаз Орталық Азия» АҚ (Атырау, Шымкент қ.), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (Павлодар қ.) және «Oil Services Company» ЖШС (Ақтау қ.) өздерінің оқу-курстық комбинаттары/орталықтары бар.

Тәжірибелі қызметкерлер арасында тәлімгерлік және ішкі жаттықтырушылық жөніндегі бағдарламалар іске асырылып жатыр, озық қызметкерлер арасында мастер-класстар мен тренингтер, түрлі

конкурстар өткізілуде, бұл ішкі коммуникацияларды жетілдіруге және қызметкерлерді өз мамандығы бойынша үздік болуға ұмтылуға ынталандыруға мүмкіндік береді.

ҚМГ қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін халықаралық стандарттарға сәйкес арттыруға және ӨҚ, ЕЖҚОҚ бойынша менеджмент жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ниетті.

COVID-19-ға қатысты пандемияға байланысты енгізілген шектеулерге, ӨҚ, ЕЖҚОҚ мәселелерін оқытудағы қажеттілікке қарамастан, ҚМГ компаниялар тобында сұранысқа ие және басым болып қалды. ҚР мұнай-газ секторының ерекшелігін, сондай-ақ персоналды міндетті оқыту, даярлау және біліктілігін арттыру бөлігінде ҚР заңнамасының міндетті талаптарын ескере отырып, тұтастай алғанда қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің бағыттары барынша басым болып табылады.

ҚМГ компаниялар тобының 2020 жылы ӨҚ, ЕЖҚОҚ мәселелері бойынша оқудан өткен қызметкерлерінің ішінен санаттар бойынша білім алғандардың деңгейі: ӘБҚ – 3 459, ИТҚ – 9 235 және өндірістік персонал – 75 968 адамды құрады.

2020 жылы 9 235 әйел мен 90 937 ер адам оқудан өтті және 100 172 адамның жалпы көрсеткішіне қатысты – 9,2% әйел және 90,8% ер адам.


ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Білім алған қызметкерлердің саны	114 971	130 615	100 172
Сомасы, мың теңге	1 097 877	1 179 877	671 341

НЕГІЗГІ БИЗНЕС-БАҒЫТТАР БОЙЫНША БӨЛЕ ОТЫРЫП, ӨҚ, ЕЖҚОҚ БОЙЫНША ОҚЫТУ

Бизнес бағыт	Қызметкерлер саны	Сомасы, мың теңге
Өндіру	36 263	255 727,5
Тасымалдау	23 840	161 669,9
Қайта өңдеу	7 599	44 038,6
Сервис	31 686	182 340,8
ҚМГ Корпоративтік орталығы	784	27 564,3

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПҚЕРШІЛІК



1-қағидат Адам құқықтары: Іскерлік топтар халықаралық танылған адам құқықтарын қорғауды қолдауға және құрметтеуге тиіс

2-қағидат Адам құқығы: Іскерлік топтар олардың адам құқықтарын бұзудың тең қатысушылары болып табылмайтынына көз жеткізуі тиіс.

3-қағидат Еңбек: Іскерлік топтар қауымдастықтың бостандығын және ұжымдық келіссөздерде құқықты тиімді мойындауды қамтамасыз етуі тиіс.

4-қағидат Еңбек: Іскерлік топтар зорлық-зомбылықпен немесе мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын жоюды қамтамасыз етуі тиіс

5-қағидат Еңбек: Іскерлік топтар бала еңбегіне тыйым салуды қамтамасыз етуге тиіс

6-қағидат Еңбек: Іскерлік топтар еңбек пен жұмыспен қамту саласындағы кемсітуді түп-тамырымен жойылуын қамтамасыз етуге тиіс



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

102-7, 102-8, 103-1, 103-2, 103-3, 401-1, 401-2, 401-3

Біздің кадр саясатымыздың тұжырымдамасы ҚМГ Тобында адами капиталдың құнын арттыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Осы стратегиялық мақсатқа қол жеткізу HR-функциясының үш негізгі мақсатына негізделіп отыр:

- ҚМГ бүкіл тобы бойынша бірыңғай HR-функциясын және персоналды басқарудың бірыңғай моделін құру;

- Персоналды басқару функциясын тұрақты жетілдіру және оның ашықтығын арттыру;
- Корпоративтік мәдениетті дамыту және басшылардың дағдыларын арттыру.

Мақсаттың әрқайсысы кадр саясатының негізгі бағыттарын білдіретін белгілі бір міндеттер тізбесін қамтиды.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

ПАЙЫМ

ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДА АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰНЫН АРТТЫРУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

МАҚСАТТАР

ҚМГ компанияларының бүкіл тобы бойынша персоналды басқарудың бірыңғай HR-функциясын және бірыңғай моделін құру

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ
ФУНКЦИЯСЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫН
ҮНЕМИ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ АРТТЫРУ

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТТІ
ДАМУ ЖӘНЕ БАСШЫЛАРДЫҢ
ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУ

МІНДЕТТЕР

1 ҚМГ компанияларының бүкіл тобы бойынша HR-процестерді, саясаттарды, әдіснамаларды, құралдарды, шаблондарды стандарттау

2 ҚМГ компанияларының бүкіл тобы бойынша HR ұйымдық құрылымдарын құру тәсілдерін стандарттау

3 HR-процестерін автоматтандыру

4 Қосымша құн әкелмейтін HR-процестерді HR ОҚО-ға шығару

5 ҚМГ HR-функциясы ішінде өзара құрмет, сенім, бірлік және ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру

6 Тұрақты мониторинг және HR-функциясын жетілдіру

7 Тұрақты байланыс жүргізу және HR-функциясынан кері байланыс беру

8 Корпоративтік мәдениетті жетілдіру, әлеуметтік тұрақтылықты арттыру және қызметкерлердің қажетті мінез-құлық сипаттамаларын дамыту

9 Әр түрлі деңгейдегі басшылардың көшбасшылық және персоналды басқару дағдыларын дамыту

Кадр саясатының тұжырымдамасы мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1. Қызметкерлер мен Компанияның мүдделер балансы;
2. ҚМГ бүкіл тобы үшін бірыңғай кадр саясаты;
3. Бизнес үшін стратегиялыққа әкімшілік қолдау көрсететін HR рөлін жылжыту;
4. Бизнес үшін қосылған құнды жасау;
5. Оңтайлы ұйымдық құрылым және қызметкерлердің саны;
6. Бизнестің қажеттіліктерін және еңбек нарығы жағдайтын негізге ала отырып, адам санын жоспарлау;
7. Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын тұрақты жетілдіру;
8. 70-20-10 моделі бойынша өзін-өзі оқытатын ұйымды құру;
9. Персоналды басқарудағы басшылардың жауапкершілігі;
10. Қызметкерлердің стратегиялық мақсаттарға бірлесіп қол жеткізудегі тартылуы мәдениетін құру;
11. Қызметкерлерді ынталандыру үшін жағдайлар жасау;
12. Заңнаманың бұзушылықтарына жол бермеу.

COVID-19 пандемиясының нәтижесінде туындаған қиындықтарға қарамастан, ҚМГ өзі қатысқан өңірлерде өндірістік қызметті тоқтатуға жол бермеді және елде 60 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз ете алды.

2020 жылдың соңына қарай жұмыскерлердің нақты саны ҚМГ компаниялар тобы бойынша 57 073 адамды (2018 – 83 116 адам, 2019 – 70 938 адам), аутстаффинг – 3 100 адамды (2018 – 3 347 адам, 2019 – 4 168 адам) құрады.*


Компания қызметінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты болатынын ескере отырып, ерлер үлесі 81 %-ды, әйелдер үлесі 19%-ды құрайды. Сонымен қатар 2019 жылмен салыстырғанда ҚМГ компаниялар тобы бойынша әйелдердің үлесі 1 %-ға артты.

**2018, 2019 жылдары сандық есепке ҚМГ компаниялар тобының периметрі енгізілді, онда ҚМГ қатысу үлесі 50% және одан жоғары болды, 2020 жылы Қордың ұсынымы бойынша периметр қайта қаралып, шоғырландыру периметріне өзгертілді, яғни ҚМГ үлесі 50% асатын компаниялар. 2020 жылдың периметрі бойынша 2018, 2019 жылдары қайта есептеу кезінде: нақты саны 2018 ж – 63 178, 2019 ж – 58 532; аутстаффинг 2018 ж – 2 372, 2019 ж – 3 055.*

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ САНАТТАР БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



2015–2019 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %

жылдар	2018	2019	2020
ерлер	81	82	81
әйелдер	19	18	19

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ЖЫНЫСЫ ЖӘНЕ САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %

Қызметкерлер санаттарының атауы	Ерлер	Әйелдер	Жалпы адам санының әр санатындағы қызметкерлердің үлесі, %
Басшылар	82	18	11
Мамандар	59	41	24
Жұмысшылар	88	12	65

2018–2020 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ҚМГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, %

жасы	2018	2019	2020
30 жасқа дейін	16,7	13,5	12,4
31-ден 50 жасқа дейін	58,3	59,2	60,1
50 жастан жоғары	25	27,3	27,5

Персоналдың жалпы санындағы өндірістік персоналдың үлесі 92 %-ды, әкімшілік-басқару персоналының үлесі 8 %-ды құрайды.


2020 жылы ҚМГ компаниялар тобында басшы әйелдердің үлесі ҚМГ компаниялар тобындағы басшылардың жалпы санының 18 %-ын, мамандардың жалпы санынан әйелдердің 41 %-ын, жұмысшы кәсіптерінің жалпы санынан әйелдердің 12 %-ін құрады. Өткен жылмен салыстырғанда басшы әйелдер мен мамандардың үлесі 2 %-ға, жұмысшы мамандықтарының ішінде әйелдердің үлесі 1 %-ға ұлғайды.

Жас санаты бойынша қызметкерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі топта – 60,1 %-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 80,5 %-ын, әйелдердің үлесі 19,5 %-ын құрайды.

50 жастан асқан қызметкерлердің саны персоналдың жалпы санының 27,5 %-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 81,5 %, әйелдер – 18,5 %-ды құрайды.

30 жасқа дейінгі жастардың үлесі персоналдың жалпы санының 12,4 %-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 82,6 %-ын, әйелдердің үлесі 17,4 %-ын құрайды.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %




2020 жылы жаңадан жалға алынған қызметкерлердің саны 5 412 адамды немесе орташа тізімдік санның 8 %-ын құрайды.

2018–2020 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАҢАДА ЖАЛҒА АЛЫНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %

жылдар	2018	2019	2020
қабылданған қызметкерлердің %	12,5	7	8


ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %




Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны 3 713* дамды немесе орташа тізімдік санның 6 %-ын құрады, оның ішінде 30 жасқа дейінгі жас санаты бойынша – 24% (2019 жылы 22%, 2018 жылы 18,2%, 2017 жылы – 20,4%), 31-ден 50 жасқа дейін – 48% (2019 жылы – 49%, 2018 жылы – 55%, 2017 жылы – 46,4%), 50 жастан асқандар – 28% (2019 жылы 29%, 2018 жылы 27,7%, 2017 жылы 23,5%).

** 2018 жылғы ТДС-дағы деректер мен 2020 жылғы Жылдық есеп арасындағы алшақтық деректерді есепке алудағы әртүрлі периметрлермен түсіндіріледі.*


ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША
БӨЛІНІСТЕГІ ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАН
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



ЖАС САНАТТАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТІ
КЕЗЕҢДЕ ОЛАРМЕН ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ
ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША
БӨЛІНІСТЕ ОЛАРМЕН ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ
ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТАМАУ
КОЭФФИЦИЕНТІ*

жылдар	2018	2019	2020
Коэффициент	13%**	7%	6%


* Қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті = $A/B \times 100$, мұнда
А – есепті кезеңнің аяғында тараптардың келісімі бойынша немесе
қызметкердің кінәсінен өз бастамасы бойынша жұмыстан босатылған
қызметкерлердің саны; В – есепті кезеңдегі орташа тізімдік саны. Өз
бастамасы бойынша, тараптардың келісімі бойынша, жұмыскердің
кінәсінен жұмыстан босату (жұмыс берушінің бастамасы бойынша
еңбек шартын бұзу) ҚР Еңбек кодексі бойынша еңбек шартын тоқтату
негіздеріне сәйкес жүзеге асырылады (Толығырақ 1-қосымшада).

** 2018 жылғы ТДС-дағы деректер мен 2020 жылғы Жылдық есеп
арасындағы алшақтық деректерді есепке алудағы әртүрлі периметр-
лермен түсіндіріледі.

Компанияның барлық қызметкерлерінің 54%
есепті кезеңде нәтижелілік бағалаудан өтті
(2019 жылы – 48%, 2018 жылы – 34%). Оның ішінде
әйелдер – 20%, ерлер – 80%. Қызметкерлер
санаттары бойынша бөлінген: басшылар – 15%,
мамандар – 32%, жұмысшылар – 53%.

Бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын
демалыста жүрген қызметкерлер саны есепті
кезеңнің соңында 1 262 адамды құрады, бұл ретте
әйелдердің үлесі 96%-ды, ерлердің үлесі 4%-ын
құрайды.

БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫСТАҒЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР



2018–2020 ЖЫЛДАРЫ ЖҮКТІЛІГІ ЖӘНЕ
БОСАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ДЕМАЛЫСТАҒЫ
ӘЙЕЛДЕР



Есепті кезеңде жүктілігі және босануы бойынша
демалыстағы әйелдер 245 адамды құрайды.

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ЖӘНЕ ПЕРСОНАЛДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ

103-1, 103-2, 103-3, 202-1, 202-2, 405-1, 405-2

Біздің қызметкерлерді ынталандыру тәсіліміз
лайықты еңбекақы деңгейін қамтамасыз ету
және барлық қызметкерлердің құқықтарын
сақтау қағидаттарына жасалады. Еңбекақы
төлеу жүйесіндегі барлық өзгерістер мүдделі
тараптардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере
отырып енгізіледі.

ҚМГ компаниялар тобында гендерлік айыр-
машылықтарға байланысты базалық жалақыда
және сыйақы төлеу жүйесінде айырмашылықтар
жоқ. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарындағы
жалақы деңгейі қызметкерге емес, лауазымға
байланысты, яғни бір лауазымда жұмыс істейтін
ерлер мен әйелдер бірдей жалақыны және
ұйымдағы еңбекақы төлеу қағидаларында көз-
делген өзге де төлемдерді алады.

Жоғары басқару органы мен басшы құрам
үшін жалақыны есептеу жүйесі нәтижелілікке,
ынталандыруға, еңбек өнімділігін арттыруға
және қызметтің тиімділігіне шоғырланған және
ҚНҚ-ге қол жеткізу қорытындылары бойынша
қысқа мерзімді сыйақы элементтерін қамтиды.
Үздік әлемдік практикаларға сәйкес басшы қыз-
меткерлердің нәтижелілік көрсеткіштері Топтың
экономикалық, экологиялық және әлеуметтік
міндеттерін көрсетеді.

«Барлау және Өндіру» бизнес-бағытындағы
компанияларда бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесі
(ЕТБЖ) енгізілді, оның мақсаты барлық бөлімше-
лерде еңбекақы төлеудің бірыңғай тәртібін қамта-
масыз ету және қызметкерлердің еңбек нәтиже-
леріне мүдделілігін күшейту болып табылады.
Осы жүйеде қызметкерлерге өтемақы төлемдері,
үстеме ақылар мен қосымша ақылар берілетін
бірқатар жағдайлар көзделген; мұндай өлшем-
шарттардың бірі Өңірлік коэффициент – ауыр
климаттық жағдайлары бар өңірлерде жұмысты
орындауға байланысты қосымша шығыстар мен

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

102-41, 103-1, 103-2, 103-3, 406-1, 407-1, 408-1, 409-1

Компания ҚР еңбек заңнамасының талаптарын
қатаң орындайды және оның нормаларын бұз-
байды, оларға сәйкес ешкім тегіне, әлеуметтік,
лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы,
нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері,
тұрғылықты жері, жасы немесе жеке кемшіліктер,
сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге тиесілілігі

еңбек шығындарын өтеу мақсатында жалақының
салыстырмалы түрде ұлғаю көрсеткіші болып
табылады. Осы коэффициенттің ең жоғары мәні
Маңғыстау мен Атырау облыстарына тура келіп
отыр.

Топтағы бастапқы деңгейдегі жалақының ұлттық
заңнамада белгіленген 2020 жылғы ең төменгі
жалақыға қатынасы 6 :1-ден 8:1-ге дейінгі (2019
және 2018 жылдары 6:1-ден 8:1-ге дейінгі) шекте
болды.

Жергілікті халық өкілдері* қатарынан жалданған
қатысу өңірлеріндегі** жоғары дәрежелі басшы-
лардың*** үлесі 87%-ды құрайды (2019 жылы –
86%, 2018 жылы – 85%).

*Жоғары дәрежелі басшылар – бірінші басшы
мен оның орынбасарлары.

** Қатысу өңірі – операциялық қызметті жүргізу
өңірі (облысы, ауданы).

*** Жергілікті халық өкілдері – Қазақстан
Республикасының азаматтары.

Басшылық құрамға кіретін қызметкерлердің
үлесі қызметкерлердің жалпы санының 11%.
Оның ішінде әйелдер – 18% (2019 жылы – 16,5%,
2018 жылы – 17%), ерлер – 82% (2019 жылы –
83,5%, 2018 жылы – 83%). Есепті жылы басшылық
құрамдағы әйелдер үлесінің өскені байқалады.

18% әйелдер

2018 ЖӘНЕ 2019 ЖЫЛДАРМЕН
САЛЫСТЫРҒАНДАҒЫ БАСШЫЛЫҚ
ҚҰРАМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ҮЛЕСІНІҢ ӨСКЕНІ

себептері бойынша еңбек құқықтарын іске асыру
кезінде қандай да болмасын кемсітушілікке
ұшырай алмайды. Есепті кезеңде кемсіту фак-
тілері тіркелген жоқ.

Біз балалар еңбегін пайдаланбаймыз, мәжбүрлі
еңбекті қолданбаймыз, олардың нәсіліне, дініне

және жынысына қарамастан, барлық қызметкерлер тең құқықтары бар деп танылады.

Компанияның әрбір қызметкерінің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Бұдан басқа, Компания қызметкерлермен ұжымдық шартты жасасу, өзгерту, толықтыру жөніндегі келіссөздерге белсенді қатысады, келіссөздер жүргізу мерзімдерін қатаң сақтайды және тиісті бірлескен комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынады, ұжымдық шарт ережелерінің талаптарын қатаң орындайды.

Еңбек заңнамасына сәйкес кез келген қызметкердің өзінің өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге қатысуға және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеуге, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен таныстыруға құқығы бар.

Компанияның қызметінде қауымдастық бостандығына арналған құқықтарды қандай да бір шектеу және қызмет түрлері немесе аумақтық белгісі бойынша ұжымдық келіссөздер жүргізу көзделмеген. Біз әлеуметтік жауапты компания ретінде осы құқықты толығымен қолдаймыз және біріктіруде қызметкерлердің бостандығына арналған құқығын іске асыру үшін қолайлы орта құрамыз.

Біріздендіру мақсатында Ұжымдық шарттың үлгілік нысаны әзірленді, ол еңбекақы төлеуді ұйымдастыру, әлеуметтік қолдау көрсету, еңбек жағдайлары, жұмыс және демалыс режимі және т.с.с. үшін бірыңғай қағидаттарды белгілейді. Ұжымдық шарттың үлгі нысанында ұжымдық еңбек даулары туындаған жағдайда оларды шешу алгоритмі қадамдық түрде жазылған. ҚМГ Тобы бойынша ұжымдық шарттарды әзірлеуге қойылатын үлгілік талаптар еңбек қатынастарын заңнамалық негізде құруға, қызметкерлер үшін жеңілдіктерді негізсіз арттыруға немесе азайтуға жол бермеуге, қақтығыстарды болдырмау және шиеленіс шешу мақсатында еңбек даулары туындаған кезде жүйелі іс-қимылдарды ұсынуға мүмкіндік береді.

ҚМГ тобы бойынша бүгінгі күні 28 өндірістік кәсіпорында ұжымдық шарттар жасалды. 2020 жылы ұжымдық шарттармен қамтылған ҚМГ компаниялар тобы жұмыскерлерінің саны 99% немесе 56 066 адамды құрады (2019 жылы 29

өндірістік кәсіпорында 58 710 адам, 2018 жылы – 31-де 58 838 адам).

ҚМГ кәсіпорындарының барлық ұжымдық шарттарында қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлер үшін әлеуметтік қолдаудың небәрі 35 түрі қарастырылған.

ҚМГ өз қызметкерлеріне әлеуметтік жәрдем-ақылар мен өтемақылардың әртүрлі түрлерін қамтитын кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсынады:

- еңбек демалысына сауықтыруға арналған материалдық көмек;
- жүктілікке және босануға байланысты төлемдер;
- бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста жүрген қызметкерлерге ай сайынғы төлемдер;
- басқа жұмысқа ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда еңбек шартын бұзу кезіндегі өтемақы;
- жалпы еңбек ету қабілетінен айрылуына, мүгедектік алуына байланысты;
- қызметкердің қайтыс болуына байланысты жерлеуді ұйымдастыруға біржолғы төлем;
- өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған қызметкердің отбасына біржолғы төлем.

Сондай-ақ Компания науқастанған жағдайда ерікті медициналық сақтандыруға және Қазақстанның балалар сауықтыру лагерлерінде қызметкерлердің балаларының демалысын ұйымдастыруға әлеуметтік кепілдіктер береді.

Бұдан басқа, қызметкерлерге әлеуметтік қолдаудың қосымша түрлері ұсынылуы мүмкін. Әлеуметтік көмектің аталған түрлері ұжымдық шарттарда бекітілген, не кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген. Мұндай төлемдерге мерейтой жасына жетуіне байланысты, неке қиылуына байланысты төлемдер, некеге тұрған кездегі қысқа мерзімді демалыстар, баланың тууына байланысты, туған-туыстарының қайтыс болуына байланысты жалақысы сақтала отырып, емделуге және медициналық операцияларға ақы төлеуге, егер емделуге жұмсалған шығындар сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, мүгедек қызметкерлерге, қызметкердің мүгедек балаларына, көп балалы және аз қамтылған отбасыларына және т. б. жатады.

2020 жылы ҚМГ тобында барлық әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер сақталып, ұжымдық шарттарға сәйкес төленді, бұл ретте профилактикалық шараларға байланысты ҚМГ тобындағы балалар демалысы ҚМГ-ның бес ұйымында ғана ұйымдастырылғанын атап өту қажет, егер 2019 жылы қызметкерлердің балаларын сауықтыру іс-шараларына арналған шығындар

2 917 млн теңгені құраса, 2020 жылы шығыстар барлығы 199 234 теңге соманы құрайды.

Еңбек жағдайларын өзгерткен кезде Компания қызметкерді күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді. Компания қызметіндегі маңызды өзгерістерге қатысты хабарлаудың ең аз кезеңі 4 аптаны құрайды.

КӘСІПОДАҚТАР

Компанияның кәсіподақтармен өзара іс-қимылы салалық және өңірлік деңгейлерде еңбек заңнамасымен белгіленген әлеуметтік әріптестік шеңберінде жүзеге асырылады. Салалық деңгейде өзара іс-қимылдың негізгі параметрлері (әлеуметтік кепілдіктер, еңбекті ұйымдастыру мәселелері, еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту, гендерлік және жастар саясаты, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, еңбек жанжалдарының

алдын алу мен шешу және т. б.) ҚР мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы 2020–2022 жылдарға арналған салалық келісімде айқындалған, оны әзірлеуге ҚМГ және оның кәсіпорындарының өкілдері белсенді түрде қатысты.

ҚМГ тобында 47 мыңнан астам қызметкерлердің мүдделерін қорғайтын жергілікті кәсіподақтарды ескере отырып, 38 кәсіподақ комитеті жұмыс істейді (2019 жылмен салыстырғанда «KMG Security» ЖШС кәсіподағының қайта ұйымдастырылуына байланысты кәсіподақ мүшелерінің саны азайды).

Өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестік жөніндегі облыстық комиссиялар жұмыс істейді, олардың шеңберінде жұмыспен қамту және еңбекті қорғаудың өңірлік мәселелерінен басқа, нақты ұжымдық еңбек даулары да қарастырылады.



«Үздік Маман» кәсіби шеберлік конкурсы

35 ТҮРІ

ЖҰМЫСКЕРЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ
ОТБАСЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚМГ-нің барлық компанияларында келісім комиссиялары құрылып, жұмыс істеуде.

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ

102-41

«Самұрық-Қазына» АҚ Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы жүргізген әлеуметтік тұрақтылық зерттеулеріне сәйкес 2020 жылы компаниядағы әлеуметтік тұрақтылықтың интегралдық көрсеткіші 86 процентті құрады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес ҚМГ мен жекелеген ЕТҰ-дағы барлық анықталған қауіпті аймақтар бойынша Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленуде және актуалдандырылуда.

ҚМГ әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарында қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйіне әсер ететін (ішкі коммуникациялар, тамақтану сапасы, тұрмыстық жағдайлар, ЖҚҚ қамтамасыз ету, оқыту, мансаптық өсу және т.с.с.) ұйымдар қызметі саласының анықталған проблемалары қамтылады.

Сондай-ақ ҚМГ корпоративтік орталығының әкімшілік-басқару қызметкерлерінің тартылуына және қанағаттануына сауалнама жүргізілді, бұл есепті кезеңде 81 процентті құрады (2019 жылы 68% болды).

ҚМГ-нің барлық өндірістік кәсіпорындарында әрбір қызметкердің кәсіпорын басшылығына сұрақтармен жүгіну және ішкі коммуникациялар құралдарын енгізу арқылы уақтылы жауап алу мүмкіндігі регламенттелген, оған сәйкес жылына екі рет бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есеп беру кездесулері, басшылардың кәсіподақпен кездесулері жүйелі түрде өткізіледі.

2020 жылы елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есептік кездесулері онлайн форматта өткізілді.

Сондай-ақ, ЕТҰ-да жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында тікелей коммуникациялардың тиімді тетіктерін құру және қолдау, ЕТҰ-дағы қызметтің мақсаттары мен міндеттері

туралы қызметкерлерді уақтылы хабардар ету, ұйымдағы ағымдағы жағдайды жұмыскерлерге жеткізу, жұмыскерлерде ұйымның оң бейнесін қалыптастыру, ЕТҰ-дағы еңбек ұжымдарында әлеуметтік-психологиялық ахуал параметрлерін қадағалау мақсатында ЕТҰ-ның бірінші басшылары жұмыскерлерді жеке мәселелер бойынша қабылдауды жүзеге асырады, әрбір ЕТҰ-да бірінші басшының блогы, корпоративтік ақпараттық сайты құрылды, еңбек ұжымдарына дейін корпоратившілік ақпаратты жеткізу үшін бейне хабарландыруларға арналған мониторлар орнатылды. Қызметкерлерді жедел хабарландырулармен және хабарламалармен хабардар ету үшін ақпараттық стендтер қолданылады.

Басшылық ЕТҰ кәсіподағымен ұжымдық шартты орындауға, еңбек тәртібінің жай-күйіне, еңбек ұжымының өтініштерін қарауға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар беруге және кәсіпорында басқа да әлеуметтік-маңызды мәселелерге қатысты неғұрлым өзекті мәселелер бойынша кездесулерді тоқсан сайын өткізіп тұрады.

2019–2020 жылдары ҚМГ еншілес кәсіпорындарының еңбек ұжымдары арасында тұрақты әлеуметтік жағдай сақталды. Бұған ҚМГ қатысатын өңірлерде еңбек ұжымдары арасында әлеуметтік тұрақтылықты сақтау және халықтың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі кешенді жұмыстың арқасында қол жеткізілді.

Практикадан мысал

2020 жылдың қаңтар айында Жаңаөзен қаласындағы «KMG-Security» ЖШС жұмыскерлерінің бір бөлігі жұмыс ауысымы басталар алдында «KMG-Security» ЖШС ауысым басшылығына жұмыскерлер үшін жалақы мөлшерін қайта қарау ұсынысымен жүгінді. Серіктестік басшылығы тарапынан жедел әрекет етудің арқасында жұмыскерлердің ұсыныстары тыңдалып, тиісті түсіндірме жауаптар берілді, содан кейін жұмыскерлер жұмысқа кірісті.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша жыл сайынғы негізде Спартакиада және «Үздік маман» кәсіби шеберлік конкурсы сияқты корпоративтік іс-шаралар өткізіліп тұрады. Аталған іс-шаралар салауатты өмір салтын насихаттаудан және кәсіби шеберлікті арттырудан басқа, ҚМГ компаниялар тобының ішінде еңбек ұжымдарын шоғырландырудың құралы болып табылады.

Мерекелік іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп тұрады, еншілес кәсіпорындар қызметкерлерінің күшімен концерттік бағдарлама ұйымдастырылады.

2020 жылы еңбек ұжымдары арасында коронавирустық инфекцияны таратпау мақсатында жыл сайынғы корпоративтік іс-шаралар өткізілген жоқ.

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

103-1, 103-2, 103-3, 404-1, 404-2

ҚМГ жыл сайынғы негізде персоналды оқытуды және дамытуды қамтамасыз етіп отырады, ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін дамытудың жаңа тәсілдемелері мен бағдарламаларын қалыптастырады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2020 жылы COVID-19 пандемиясын жариялауына және осы оқиғамен өзара байланысты жағдайларға байланысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің оқуы мен дамуы барынша қашықтықтан және онлайн форматқа ауыстырылды.

Қашықтықтан жұмыс істеу форматына тиімді көшу мақсатында компания қызметкерлері үшін жеке-іскерлік дағдыларын, сондай-ақ жұмыста қолданбалы құралдарды қолдану дағдыларын дамыту үшін вебинарлар ұйымдастырылғанын атап өткен жөн.

Әкімшілік-басқарушылық персонал қызметкерлері үшін 2020 жылы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама аясында міндетті оқытулар онлайн форматта, ал өндірістік объектілерге жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерді оқыту вебинарлар және онлайн курстар форматында толық жүргізілді.

Сонымен бірге 2020 жылы ҚМГ корпоративтік орталығы, сондай-ақ компаниялар тобының еншілес және тәуелді ұйымдары қызметкерлерінің техникалық құзыреттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Осылайша, 2019 жылы басталған «Игеру жөніндегі инженердің» техникалық құзыреттерін дамыту бағдарламасы 2020 жылы аяқталды:

- кен орындарын игеру бөлімшелерінің 24 басшысы мен бас мамандары үшін 6 оқыту модулі өткізілді;

- өндіруші компаниялардың актуалды міндеттерін шешу бойынша 5 жоба әзірленді.

САНАТТАР БОЙЫНША БІР ОҚЫТЫЛҒАН АЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРГЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ САҒАТТАРДЫҢ ОРТАЖЫЛДЫҚ САНЫ, САҒАТ



«Геология» бағыты бойынша мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту мақсатында ҚМГ ҚМГ-Инжинирингпен бірлесіп «Бас геолог» бағдарламасын іске қосты. Аталған бағдарламаға компаниялар тобының 24 ЕТҰ геологиялық блогының 24 маманы қатысты. Осы бағдарлама шеңберінде осы саладағы актуалды міндеттерді шешу үшін жобаларды әзірлеу көзделген.

ҚМГ мен Татнефть ЖАҚ арасындағы персоналды дамыту саласындағы белсенді ынтымақтастық нәтижелерінің бірі «Кәсіби шебер» бағдарламасы болып табылады. Аталған оқыту бағдарламасы «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің ұңғымаларды өндіру және жөндеу технологиясы, қауіпсіздік техникасы, экономика, үнемді өндіріс

ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

- | | |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> • Жеке тұлғалық-іскерлік оқыту • Персоналды басқару • Ішкі бақылау және аудит • Экология, ЕҚЖҚТ, МҚЖТЖ • Сатып алу қызметі • Экономика және қаржы • Корпоративтік басқару. Жобаларды басқару • Құжаттамалық қамтамасыз ету | <ul style="list-style-type: none"> • Ақпараттық технологиялар • Тілдік оқыту • Медиация, келіссөз процесі бағдарламалары бойынша оқыту • Өндірістік бағыттар бойынша оқыту • Жұмыс кәсіптеріне оқыту • Магистрлық бағдарламалар, шағын MBA • Тағылымдама |
|---|---|

86%

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ
ИНТЕГРАЛДЫҚ КӨРСЕТКІШІ

саласындағы білімдерін жетілдіруге, сондай-ақ жеке-іскерлік құзыреттері мен менеджмент дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұдан басқа, жаңа уақыттың сын-тегеуріндерін және цифрландырудың маңыздылығын ескере отырып, бағдарламаға «Цифрландыру және жасанды интеллект» бойынша курс енгізілді. Бағдарлама ҚДО – Татнефть және ҚМГ Инжиниринг тәлімгер білікті сарапшыларын тарта отырып іске асырылуда.

Бір қызметкерге академиялық сағаттың орташа жылдық саны 15 сағатты (2019 жылы 17,6 сағат, 2018 жылы 15 сағат), оның ішінде бір ер адамға – 14,6 сағатты (2019 жылы 18 сағат, 2018 жылы 14,9 сағат, 2017 жылы 15,8 сағат), бір әйелге – 16 сағатты (2019 жылы 15,1 сағат, 2018 жылы 15,6 сағат, 2017 жылы 18,3 сағат) құрайды.

Сонымен бірге қызметкерлерді оқыту және дамыту жыныс белгісіне және атқаратын лауазымына қарамастан жүзеге асырылып жатқанын атап көрсетеміз.

ҚМГ 2020 жылдың 1-тоқсанында өндірістік және дипломалды практикадан өту үшін Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындарының 27 студентін қабылдады. COVID-19-ға байланысты шектеулер енгізілгеннен кейін студенттерді практикаға қабылдау тоқтатылды.

Жаңа жұмыскерлерді іздеу және жалдау кезінде Компания гендерлік, ұлттық және басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермей, адам құқықтарын мүлтіксіз сақтайды.

«ЖАС ӨРКЕН» БАҒДАРЛАМАСЫ



2018–2020 жылдар аралығында ҚМГ компаниялар тобы бойынша жас мамандарды жұмысқа орналастырудың «Жас Өркен» бағдарламасы жұмыс істеді. «Жас Өркен» бағдарламасының миссиясы Қазақстанның талантты жастарын дамыту болып табылады. Бағдарламаны ұйымдастырушысы – бағдарламаны ұйымдастырушылық-қаржылық қолдауды жүзеге асыратын «Самұрық-Қазына» АҚ. Бағдарламаның мақсаты келешекте 20-30 жастағы топ-менеджерлерді даярлау, тәлімгерлік арқылы жас кәсіпқойларды дамыту және тәлімгерлік институтын қалыптастыру болып табылады. «Жас Өркен 2018» қатысушыларының төртінші ротациясы нәтижелерінің қорытындысы бойынша ҚМГ ҰК АҚ компаниясының тобы бойынша бес тәлімгер «Жас Өркен» төсбелгілерімен және алғыс грамоталармен марапатталды. «Жас Өркен» бағдарламасы бойынша 2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша жобаның 15-ке жуық қатысушысы тағылымдамаға қабылданды. Тағылымдама

қорытындысы бойынша «Жас Өркен» бағдарламасының екі түлегі жұмысқа қабылданды.

Талантты жастарды ақпараттық технологиялар мен цифрландыру бағытында дамыту мақсатында 2018 жылы «Цифрлық жаз» бағдарламасы іске қосылды. «Цифрлық жаз» бағдарламасының миссиясы жас мамандарды Цифрландыру жобаларына тарту, тәлімгерлер арқылы жас мамандарды дамыту және тәлімгерлік институтын қалыптастыру болып табылады. Ақпараттық технологияның кәсіпқойлары болып табылатын жас маманның арқасында цифрландыру/автоматтандыру процестерін жақсартуға, цифрландырудың жаңа кезеңінде ұйымның өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға болады. «Цифрлық жаз» бағдарламасы бойынша жазғы тағылымдамаға ҚМГ компаниялар тобы бойынша жобаның 10-ға жуық қатысушысы қабылданды. Тағылымдама қорытындысы бойынша екі жас маман жұмысқа қабылданды.

АУТПЛЕЙСМЕНТ

ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен 2020 жылы ҚМГ орталық аппаратының жаңа құрылымы мен қызметкерлерінің жалпы саны бекітілді.

ҚМГ-нің Дағдарысқа қарсы стратегиясына сәйкес қалыптастырылған ҚМГ-нің жаңартылған құрылымы ҚМГ орталық аппараты персоналының жалпы санын 34%-ке төмендетуді көздеді.

ҚМГ құрылымындағы осы өзгерістерді ескере отырып, әлеуметтік жауапты жұмыс беруші ретінде ҚМГ беделіне жағымсыз факторлардың әсерін жұмсарту бойынша бастамалар, персоналды әлеуметтік-жауапты босату бағдарламасы – аутплейсмент қабылданды.

Ауыстыру бағдарламасы – бұл жұмыс беруші қызметкерлерді жұмыстан босату кезінде қабылдайтын шаралар кешені, ол бұрынғы қызметкердің дағдарыс кезеңінен тезірек және тезірек өтуіне және көп ұзамай басқа жұмыс табуға ықпал етеді.

Аутплейсмент бағдарламасы шеңберінде босатылған қызметкерлердің әрқайсысымен HR қызметінің жеке коммуникациялары жүргізілді.

Аутплейсмент бағдарламасының негізгі бөлігі

1-кезең – қызметкерлермен жұмыс – жаңа мүмкіндіктерді іздеу:

- Психолог-психологпен психологиялық жағдайды қалпына келтіру үшін әр сараланған қызметкерлер тобымен семинарлар өткізу;
- «Күш біздің ішімізде» психологпен жеке сессиялар;
- Жеке коуч – сессиялар.

2-кезең – жұмыстан босатылған қызметкерлерді сүйемелдеу және ілгерілетудің жеке стратегияларын әзірлеу:

- Қазақстандағы еңбек нарығын талдау, осы сұранысқа ие мамандықтар мен құзыреттердің (кәсіптер атласы, өзекті құзыреттер) картасын дайындау;
- Еңбек нарығының мүмкіндіктері мен тәуекелдерін көрсету үшін әрбір сараланған қызметкерлер тобымен семинарлар өткізу;
- Рекрутингтік сүйемелдеу. Қызметкерлердің түйіндемесін мансап сайттарында, жалдау агенттіктерінде және/немесе жұмыс берушілердің сайттарында тікелей тіркеу/орналастыру.

Практикадан мысал


2020 жылы ҚМГ дағдарысқа қарсы бағдарламасы шеңберінде қызметкерлерді әлеуметтік-жауапты босату – Аутплейсмент жобасы іске асырылды. Бағдарламаға 161 босатылған жұмысшы қатысты. Нәтижелері: қатысушылардың 30%-ы жоба ашылған сәттен бастап жұмысқа орналастырылды; 12%-ы өз ісін/бизнесін дамытумен айналысты. Жалпы, қатысушылардың 93%-ы аутплейсмент бағдарламасына қанағаттанған.

БІЗДІҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

103-1, 413-1, 203-1

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында өндірістік қатысу өңірлерін дамытуға және халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге

айтарлықтай ақша қаражатын бөлу көзделген, сондай-ақ облыстардың әкімдіктерімен жасалған келісімдер мен меморандумдар негізінде ҚМГ ЕТҰ қаражатты жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін негізге ала отырып, қаражатты



бөлетін жергілікті атқарушы органдарға аударды. 2020 жылы осы мақсаттарға ҚМГ тобы бойынша **4,5 млрд астам теңге** бөлінді, оның ішінде:

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 900 млн теңге бөлдi.

«Ембімұнайгаз» АҚ Атырау облысы Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылында 424 орындық орта мектеп құрылысына 129 млн теңге қаржы бөлдi.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Маңғыстау облысының әкімдігімен қол қойылған келісім аясында халық арасында індетке қарсы күреске 1 980 млн теңге көлемінде көмек көрсетті.

«ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС «Жемчужины» ОБК шеңберінде Маңғыстау облысындағы әлеуметтік мақсаттағы жобаларға арналған шығыстарды 51,7 млн теңге сомасына қаржыландыруды жүзеге асырды.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның Қызылорда облысының инфрақұрылымына 338 млн теңге көлемінде қаржы бөлдi.

«Қаражанбасмұнай» АҚ Маңғыстау облысының әкімдігімен қол қойылған келісім негізінде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 164 млн теңге аударды.

Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына «Қазақтүрікмұнай» ЖШС 127 млн теңге, «ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС 73 млн теңге, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС 22 млн теңге бөлінді.

Бұдан басқа, Павлодар облысының әкімдігімен жасалған меморандум негізінде «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС Павлодар қаласында 137 млн теңге сомасында жекелеген спорт түрлері мен спорттық іс-шараларға қолдау көрсетті.

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС Ақтөбе облысының әкімдігімен жасалған өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум негізінде «ПАРЫЗ» Ақтөбе қоғамдық қорына 100 млн теңге сомасында қаражат аударды.

>4,5 млрд тг

**2020 ЖЫЛЫ ҚАТЫСУ ӨҢІРЛЕРІН
ДАМУҒА БӨЛІНДІ**



Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ Түркістан қаласында 405 млн теңге сомасында «Конгресс-холл» объектісінің құрылысын қаржыландырды.

2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық саясаты және «Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық бағдарламасы бекітілді, осыған сәйкес ҚМГ мен оның еншілес кәсіпорындары демеушілік және қайырымдылық көмекті дербес жоспарлай және көрсете алмайды.

Қайырымдылық саясатына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының барлық қайырымдылық қызметін «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры (бұдан әрі – Қор) жүзеге асырады.

Қор қызметінің басым бағыттары:

- әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға, қауымдастықтарға көмектесу;
- медиа, мәдени қауымдастықты дамыту, адам әлеуетін дамыту;
- қоғамның орнықты дамуындағы еңбек қатынастарын, ұлтаралық қатынастарды, инвестицияларды нығайту;
- Қор тобы бар өңірлерде әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламасын іске асыру;
- Қордың және/немесе Қор тобының беделін нығайту және имиджін ілгерілету.

2020 жылы ҚМГ «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жобаларды қаржыландыру үшін қайырымдылыққа 3,1 млрд теңге жұмсады).

Қор «Самұрық-Қазына» АҚ-тың барлық компаниялар тобынан халық үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалар мен бағдарламаларды іске асырады. Қордың қызметі мемлекеттік органдардың, ҚР Үкіметінің және қоғамдық және әлеуметтік саясат саласындағы сарапшылардың жәрдемімен жүзеге асырылуда. Корпоративтік қордың қайырымдылық жобаларының әкімшілері конкурстық негізде айқындалған үкіметтік емес ұйымдар болып табылады. Қордың қызметі туралы толығырақ Сіз мына сілтеме арқылы біле аласыз:

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫМЕН КҮРЕСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

2020 жылы «ҚазМұнайГаз» COVID-19 пандемиясымен күреске жалпы сомасы **6,2 миллиард теңге** жұмсады.

Бұл қаражатқа аса қажеттілік туындаған медициналық жабдықтарды, реанимобильдерді, оттегі концентраторларын және ӨЖЖ аппараттарын сатып алу бойынша атаулы көмек көрсетілді.

Сондай-ақ ҚМГ-нің еншілес компаниялары әкімдіктер мен медициналық мекемелерге аз қамтылған отбасыларға Көлік, жеке қорғаныс құралдарын, азық-түлік себеттерін ұсынды.

6,2 млрд тг

**COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫМЕН
КҮРЕСКЕ ЖҰМСАДЫ**

Практикадан мысалдар

«ҚазТрансОйл» АҚ өңірлік мемлекеттік медициналық мекемелерге 68 өкпені жасанды желдету аппаратын (ӨЖЖ) сатып алуға демеушілік көмек көрсетілді, оның ішінде 1 млрд теңге сомасына жеткізу, монтаждау, медициналық персоналды оқыту және кепілдік қызмет көрсету кірді. ӨЖЖ аппараттары медициналық мекемелердің сұрауларына сәйкес таратылады.



Практикадан мысалдар

Пандемияның алғашқы күндерінен бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жергілікті билікпен ынтымақтастықта өңір халқына жан-жақты қолдау көрсетіп келеді.

Ауылдық дәрігерлік амбулаториялар үшін 3 бірлік жедел жәрдем көлігі, 20 дана өкпені жасанды желдету аппараты, компьютерлік томограф, 15 бірлік УАЗ және стационарлық аппарат сатып алуға көмек көрсетілді. Сонымен қатар қажетті жоғары білікті медициналық

көмек қамтамасыз етілді, Маңғыстау облысының провизорлық, инфекциялық, обсервациялық орталықтарының блокпосттарының, патрульдік қызметтерінің қызметкерлерін және медицина қызметкерлерін тамақтандыруды қамтамасыз етуде және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің тұрақтандыру қорын қалыптастыруда жәрдем көрсетілді.

Жалпы алғанда, COVID-19 пандемиясымен күреске 1,9 млрд теңгеден астам қаржылық көмек бөлінді.



ҚОСЫМШАЛАР



ТӘУЕЛСІЗ ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП 134

1. ЕСЕП БЕРУ ШЕКАРАЛАРЫ, ӨЗГЕРІСТЕР,
ЕСКЕРТПЕЛЕР 136

2. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР 138

3. GRI CONTENT INDEX МАЗМҰНЫНЫҢ
КӨРСЕТКІШІ 141

4. АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН
ҚЫСҚАРТУЛАР 151

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ 154



«Эрнст энд Янг – кеңестемелік қызметтер» ЖШС
Өл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг – консультационные услуги»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Ernst & Young Advisory LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Тәуелсіз жұмыс істеп жүрген маманның сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмасы туралы қорытындысы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның акционерлеріне, Басшылығына және мүдделі тараптарына

Тапсырма мәні

